

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**
**Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИ**



Дүрмекбаева Шынар Нурлыбекқызы

Шакиржанова Инзира Серікқызы

Жакупова Асель Аманқызы

«Цитология және гистология» пәнінен оқу-әдістемелік кешені

5B011300 «Биология» мамандығына арналған

Көкшетау, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
III. Уәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік университеті

Дүрмекбаева Шынар Нұрлыбекқызы,

Шакиржанова Инзира Серікқызы,

Жакупова Асель Аманқызы

«Цитология және гистология» пәнінен оқу- әдістемелік кешені

5B011300 «Биология» мамандығына арналған

Кекшетау, 2012

ӘӨЖ 579.23:591.81 (5к)
ББК 28.65:28.666 (5к)

Д 82

Пікір жазғандар:

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, биология және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты Өнерхан Г.

Баспаға Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды. Хаттама № , ..2012 ж.

Ш.Н. Дурмекбаева, И.С. Шакиржанова, А.А. Жакупова
«Цитология және гистология» пәнінен оқу-әдістемелік кешені -
Көкшетау, 2012. -166 бет.

«Цитология және гистология» пәнінен оқу-әдістемелік кешені 5B011300 «Биология» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндепті білім стандарты және мемлекеттік университеттерге арналған «Цитология және гистология» пәнінің оқу бағдарламасы негізінде құрылышп, ол жоғары оқу орындарының 5B011300 «Биология» мамандығы бойынша оқытын студенттерге арналған.

«Цитология және гистология» пәнінен оқу-әдістемелік кешенінде «Цитология және гистология» пәні бойынша студенттерге арналған пән бағдарламасы (силлабус), дәріс тақырыптары бойынша тезистері, зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулары, оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмыстары (ОБСӨЖ), студенттің өздік жұмысы бойынша тапсырмалары (СӨЖ), қорытынды бақылауға арналған емтихан сұрақтары, қорытынды бақылауға арналған тест сұрақтары және терминдердің қысқаша түсіндірме сөздігі (глоссарий) берілген.

«Цитология және гистология» пәнінен оқу-әдістемелік кешені жоғары оқу орындарының 5B011300 «Биология» мамандығы бойынша оқытын студенттер, сонымен қатар магистранттарға және оқытушыларға ұсынылады.

ББК 28.65:28.666 (5к)

© Дурмекбаева Ш.Н., Шакиржанова И.С., Жакупова А.А., 2012
© Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, 2012

МАЗМҰНЫ:

1. Силлабус.....	4
2. Дәрістер	18
3. Зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулар.....	67
4. Оқытушының басшылығымен студенттердің өздік жұмыстары	93
5. Студенттердің өздік жұмыстары бойынша сабак жоспары.....	118
6. Емтихан сұрақтарының тізбесі	119
7. Тест тапсырмалары	123
8. Глоссарий	155

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті



**Студенттерге арналған пән
БАҒДАРЛАМАСЫ
(СИЛЛАБУС)**

Пән: «*Цитология және гистология*»

«5B011300 - Биология» мамандығы

Көкшетау, 2012 жыл

Студенттерге арналған пән бағдарламасы (силлабус) «5B011300 - Биология» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндепті білім стандарты негізінде құрылды.

Студенттерге арналған пән бағдарламасын (силлабус) құрастырған биология және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты Дурмекбаева Ш.Н., биология және ОӘ кафедрасының аға оқытушысы, биология магистрі Шакиржанова И.С., биология және ОӘ кафедрасының аға оқытушысы, биология магистрі Жакупова А.А

Биология және оқыту әдістемесі кафедрасының отырысында қарастырылған «07» 09 2012 ж., хаттама № 1.

Кафедра менгерушісі  Дурмекбаева Ш.Н.

Жаратылыстану- педагогикалық факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясымен
мақұлданған
«07» 09 2012 ж., хаттама № 1.

ОӘК төрағасы  Сыздыкова Б.Р.

2. Оқытушы туралы мәліметтер:

Дурмекбаева Шынар Нұрлыбекқызы, биология және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты.

Шакиржанова Инзира Серікқызы, биология және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, биология магистрі.

Жакупова Асель Аманқызы, биология және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, биология магистрі.

Биология және оқыту әдістемесі кафедрасының байланыс ақпараты бойынша мәліметтер: жұмыс телефоны 25-56-11, 716 кабинет.

Кафедрада болу уақыты: 9⁰⁰ - 15⁰⁰, 716, 714 және 715 кабинет.

3. Пән туралы мәліметтер

Цитология және гистология.

Цитология және гистология пәнінің өту орны: 711 аудитория.

Оку жоспарынан көшірме:

курс	семестр	Кредит саны	Сабак , сағ.	Практ., семин. саб.,сағ.	Зертх. сабак., сағат.	ОБСӨЖ сағ.	СӨЖ сағ.	Барлығы сағ.	Бақылау түрі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	1	3	30	-	15 (30)	15	75	135	емтихан

4. Пәндердің пререквизиттері: мектептегі биология курсы.

Пәндердің постреквизиттері: адам анатомиясы, адам анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы, адамның клиникалық анатомиясы.

Құзыреттіліктер: бұл пәнді менгергеннен кейін студенттер цитология, гистология және эмбриология сияқты ғылымдардың даму тарихымен танысып, өсімдік және жануар клеткаларының морфологиясы мен химиялық құрамы жайында біліп, оларды зерттеудің цитологиялық және гистологиялық әдістерін үйреніп, жалпы ағзалардың эмбриональды даму кезеңдерін менгеруі тиіс. Кейін сол алған білімдерің өсімдіктерде жүретін әр түрлі процестерді: зат алмасу, фотосинтез, тыныс алу, т.б. үйренгенде тәжірибе жүзінде қолдана алуы тиіс.

5. Пәнді сипаттау:

Мақсаты: цитология, гистология және эмбриология ғылымдарының теориялық негіздерін менгеріп, клетканың морфологиясы мен химиялық құрамымен танысу. Ұлпа типтерінің құрылымын, химиялық құрамын және функциональды ерекшеліктерін білу.

Міндеті: студенттер клетканың морфологиясы мен химиялық құрамы, клетканың репродукциясы, ұлпалардың әр түрлі типтерінің құрылымы, эмбриогенез кезеңдері: бөлшектену, гаструляция және нейруляция, т.б. туралы білуі тиіс.

Пәннің қысқаша мазмұны: Цитология, гистология және эмбриология пәнінде негізгі цитологиялық, гистологиялық және эмбриологиялық ұғымдар,

цитология, гистология және эмбриология сияқты ғылымдардың даму тарихы және олардың дамуына үлес қосқан ғалымдар туралы баяндалып, клетканың морфологиясы мен химиялық құрамына көп көңіл бөлініп, клеткалық теория, митоз бен мейоз, клетканың мембраналы және мембранасыз органоидтары, т.б. жайында түсіндіріледі.

Пәнді зерделеуді аяқтаған соң студенттер не білу керек: теориялық және әдіснамалық цитология, гистология және эмбриологияның негіздерін білуі керек. Сонымен қатар теориялық білімді практикалық тұрғыда жүзеге асыра білуі тиіс.

6. Сабақ жоспары

6.1 сабақханалық сабақтардың оқу-тақырыптық жоспары

№	Мазмұны (тақырыбы мен сұрақтары)	Сабақ- тер сағат саны	Практ., семинар сабақтар сағ.	Зертха- налық сабақтар сағ.	Оқу мен әдіст. әдебиетке сілтеме
1	2	3	4	5	6
1	Кіріспе. Цитология ғылымы. 1. Клетканы, ұлпаны зерттеу тарихы. 2. Цитология басқа ғылымдармен байланысы. 3. Клетка теориясы. 4. Цитология ғылымының дамуына Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесі	2	-	1	H.1-5. К.1-5.
2	Клетканы зерттеу әдістері. 1. Тұрақты препараттар даярлау. 2. Цитохимиялық анализ әдістері. 3. Табиги және синтетикалық бояғыш заттар. 4. Электронды микроскопия	2	-	1	H.1-5. К.1-5.
3	Клетка құрылымы және функциясы. 1. Клетка - тірі организмдердің құрылымдық және функциональды бірлігі. 2. Прокариотты және эукариотты клеткалар, олардың ұқсастықтары. 3. Өсімдіктер және жануарлар клеткасының айырмашылықтары. 4. Клетканың атқаратын қызметтеріне қарай морфологиялық ерекшеліктері	2	-	1	H.1-5. К.1-5.

1	2	3	4	5	6
4	<p>Клетканың құрылымдық компоненттері немесе органоидтары.</p> <p>1. Эндоплазмалық тордың жалпы құрылышы.</p> <p>2. Гранулярлы ЭТ, рибосома, полисомалар.</p> <p>3. Гольджи аппараты.</p> <p>4. Митохондриялар құрылышы, қызметі.</p> <p>5. Пластидтер құрылышы, қызметі</p> <p>Клетка ядроны, хромосома.</p> <p>1. Ядроның жалпы морфологиясы.</p> <p>2. Интерфазалық ядроның негізгі құрылымы.</p> <p>3. Клетка тіршілігіндегі ядроның рөлі.</p> <p>4. Ядроның химиялық құрамы</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
5	<p>Клетканың химиялық құрамы, олардың молекулярлық ерекшеліктері.</p> <p>Цитоплазма. Плазма мембранасы.</p> <p>1. Цитоплазманың физико-химиялық қасиеттері.</p> <p>2. Клетка мембранасының химиясы және оның қасиеттері.</p> <p>3. Су, ақуыз.</p> <p>4. Нуклеин қышқылдары, көмірсулар.</p> <p>5. Липидтер, макроэнергиялық фосфаттық қосылыштар</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
6	<p>Микротубулярлы және фибриллярлы құрылым.</p> <p>1. Микроскопиялық құрылышы және клеттада шоғырлануы.</p> <p>2. Микротүтікшелер, тубулинер.</p> <p>3. Цитоплазманың фибриллярлы құрылымы.</p> <p>4. Клетка центриолі. Құрылышы, мөлшері, шоғырлануы және ультракұрылымы.</p> <p>5. Қозғалыс мүшелерімен байланысы</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.

1	2	3	4	5	6
7	<p>Клетканың бөлінуі.</p> <p>1. Клетка циклі. 2. Митоз. Митоз кезеңдері. 3. Митоз процесінің маңызы.</p> <p>Мейоз процесі.</p> <p>1. Мейоз процесінің маңызы. 2. Мейоздың бірінші және екінші бөлінуі</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
8	<p>Ген және генетикалық код.</p> <p>1. Ақуыз биосинтезі. 2. Клеткадағы энергиялық қор. 3. Өсімдік клеткасындағы фотосинтез</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
9	<p>Эмбриология ғылымы.</p> <p>1. Эмбриология негіздері және дамуы. 2. Ағзалардың көбею типтері. 3. Тұқымды өсімдіктердегі қос ұрықтану</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
10	<p>Гаметогенез.</p> <p>1. Ұрықтану. 2. Эмбриогенез. 3. Гаструляция. 4. Нейруляция</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
11	<p>Гистология ғылымы.</p> <p>1. Ұлпалардың жалпы сипаттамасы. 2. Ұлпалардың жіктелуі</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
12	<p>Эпителій үлпасы.</p> <p>1. Тері эпителійі 2. Ішек эпителійі 3. Без эпителійі 4. Бөліп шығарушы эпителій</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
13	<p>Дэнекер үлпасы.</p> <p>1. Қан 2. Лимфа 3. Шеміршек 4. Сүйек үлпасы</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
14	<p>Бұлшықет үлпасы.</p> <p>1. Бірыңғай салалы. 2. Көлденең жолақты. 3. Жүрек бұлшықеті</p>	2	-	1	H.1-5. K.1-5.

1	2	3	4	5	6
15	Жүйке ұлпасы. 1. Нейрондар құрылышы. 2. Синапстар, рецепторлар және нейросекреторлы клеткалар. 3. Нейроглия	2	-	1	H.1-5. K.1-5.
	БАРЛЫҒЫ	30	-	15 (30)	

6.2. ОБСӨЖ оқу-тақырыптық жоспары

№	ОБСӨЖ тақырыптары	ОБСӨЖ сағат саны	Оқу мен әдіст.әдеб. сілтеме (нег., қос.)	Басқа дереккөз (сайт, эл. окулық)
1	2	3	4	5
1	Цитологияның даму тарихы	1	H.1-5,K.1-5.	-
2	Цитологиялық зерттеу әдістері	1	H.1-5,K.1-5.	-
3	Өсімдік ұлпаларын бояуга арналған бояғыш заттар	1	H.1-5,K.1-5.	-
4	Клетканың жалпы морфологиясы. Прокариондық және эукариондық клеткалардың негізгі белгілері	1	H.1-5,K.1-5.	-
5	Өсімдіктер және жануарлар клеткасының айырмашылықтары	1	H.1-5,K.1-5.	-
6	Цитоплазманың қасиеттері	1	H.1-5,K.1-5.	-
7	Клетка мембранны	1	H.1-5,K.1-5.	-
8	Клетка ядроны	1	H.1-5,K.1-5.	-
9	Клетка бетінің мамандалған құрылымдары	1	H.1-5,K.1-5.	-
10	Эндоплазмалық тор. Рибосомалар	1	H.1-5,K.1-5.	-
11	Гольджи аппараты. Митохондриялар	1	H.1-5,K.1-5.	-
12	Лизосомалар. Вакуольдер	1	H.1-5,K.1-5.	-
13	Гистология мен эмбриологияның даму тарихы	1	H.1-5,K.1-5.	-
14	Гистологиялық зерттеу әдістері	1	H.1-5,K.1-5.	-
15	Бөлшектену. Гаструляция. Нейруляция	1	H.1-5,K.1-5.	-
	БАРЛЫҒЫ	15	H.1-5,K.1-5.	

6.2.1 ОБСӨЖ тақырыптары бойынша тапсырмалар

№	ОБСӨЖ тақырыптары	ОБСӨЖ тапсырмасы
1	2	3
1	Цитологияның даму тарихы	цитологияның даму тарихы бойынша кесте толтырып, таңдаған ғалымның өмірбаяны мен цитологияның даму тарихына қосқан үлесі жайында баяндама дайындау
2	Цитологиялық зерттеу әдістері	цитологияның зерттеу әдістері бойынша кесте толтыру, әрбір зерттеу әдісіне тереңірек тоқтау
3	Өсімдік ұлпаларын бояуға арналған бояғыш заттар	өсімдік ұлпаларын бояуға арналған бояғыш заттар бойынша кесте толтырып, тұрақты және уақытша бояғыш заттарды жаттап алу
4	Клетканың жалпы морфологиясы. Прокариондық және эукариондық клеткалардың негізгі белгілері	клетканың жалпы морфологиясымен танысып қана қоймай, прокариоттар мен эукариоттардың құрылым ерекшеліктерін анықтау, сонымен қатар тіршілік иелерінің клеткасыз түрлеріне де қыскаша тоқталу
5	Өсімдіктер және жануарлар клеткасының айырмашылықтары	өсімдіктер мен жануарлар клеткасының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
6	Цитоплазманың қасиеттері	конспект дайындалап, ауызша түрде тапсыру. Цитоплазма жүйесінің құрамындағы мембранные және қосмембранные органоидтарды анықтау
7	Клетка мембранасы	клетка мембранасының құрылымы, құрамы, қасиеттері, түрлері және атқаратын қызметімен танысып, оның сыйбанұсқа түріндегі суретін салу
8	Клетка ядросы	Ядроның құрылымы мен атқаратын қызметін менгергеннен кейін оның сыйбанұсқасының суретін салып, «ядроның құрылымдық жүйесі» бойынша кесте толтыру
9	Клетка бетінің мамандалған құрылымдары	Клетка бетінің маманданған құрылымдарын анықтап, кесте толтыру
10	Эндоплазмалық тор. Рибосомалар	Тегіс және түйіршікті эндоплазмалық тордың айырмашылығы неде екенін?, сонымен қатар бос рибосомалар және полисомалар деген не екенін анықтау
11	Гольджи аппараты. Митохондриялар	Гольджи жиынтығы мен митохондриялардың құрылымымен және атқаратын қызметімен танысып қана қоймай, кесте толтырып, сыйбанұсқа түріндегі суретін салу
12	Лизосомалар. Вакуольдер	Лизосомалар мен вакуольдердің атқаратын қызметтерін анықтағаннан кейін кесте толтырып, сыйбанұсқа түріндегі суретін салу

1	2	3
13	Гистология мен эмбриологияның даму тарихы	гистология мен эмбриологияның даму тарихы бойынша кесте толтырып, таңдаған ғалымның өмірбаяны мен гистология мен эмбриологияның даму тарихына қосқан үлесі жайында баяндама дайындау
14	Гистологиялық зерттеу әдістері	гистологиялық зерттеу әдістері бойынша кесте толтыру, әрбір зерттеу әдісіне тереңірек тоқтау
15	Бөлшектену. Гаструляция. Нейруляция	бөлшектену процесінің түрлерімен танысып, сыйбанұсқасын салу. Бластула немесе бірқабатты ұрық жайында біліп қана қоймай, бластула типтерінің суретін салу.

6.3. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы

№	Оқулықтар, оқу күралдары	Пайдаланылған әдебиет тілі	Автор, басылған жылы	Даналар саны		Электронды нұсқалар
				кафедра	кітапхана да	
1	2	3	4	5	6	7
1	Цитология.	қазақ	Нұрышев М.Х., Нұрышева А.М., 1999.	-	10	-
2	Цитология.	орыс.	Билич Г., Катинас Л.В., Назарова Л.В., 1999.	-	5	-
3	Цитология, гистология и эмбриология.	орыс	Под ред. Ю.С.Ченцова, 1988.	-	20	-
4	Гистология.	орыс	Селезнева Т.Д., Мишин С.Ш., Барсуков В.Ю., 2009.	-	15	-
5	Гистология с основами эмбриологии.	орыс	Антипчук Ю.П., 1983.	-	5	-
6	Общая эмбриология.	орыс	Токин Б.П., 1987	-	1	-

Әдебиет (негізгі және қосымша)

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Х. Нұрышев, А.М. Нұрышева. Цитология. Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 1999ж.
2. Г.Л. Билич, Г.С. Катинас, Л.В. Назарова. Цитология. СПб: Издательство «Деан», 1999.
3. Селезнева Т.Д. Гистология. М.: «Эксмо», 2009.
4. Антипчук Ю.П. Гистология с основами эмбриологии. М.: «Просвещение», 1983.
5. Токин Б.П. Общая эмбриология. М.: «Высшая школа», 1987.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Практикум по гистологии, цитологии и эмбриологии. Под ред. Н.А. Юриной, А.И. Радостиной. М.: Изд-во УДН, 1989.
2. Новиков А.И., Святенко Е.С. Руководство к лабораторным занятиям по гистологии с основами эмбриологии.. М.: «Просвещение», 1984.
3. Уотсон Дж. Молекулярная биология. М.: «Мир», 1986.
4. Зенгбуш П. Молекулярная и клеточная биология. М.: «Мир», 1982.
5. Робертис Е., Новицкий В., Саэс Ф. Биология клетки. М.: «Мир», 1973.

7.Студенттердің өздік жұмысы аясындағы сабактар жоспары

7.1

Тапсырма беру аптасының нөмірі	Сабак тақырыбы	СӨЖ тапсырмасы	ОБСӨЖ-дегі бақылау түрі	Тапсыру мерзімі аптасының нөмірі
1	2	3	4	5
1	Медицинада, ветеринарияда және ауылшаруашылдықта цитологияның маңызы. Цитологияның басқа ғылым салаларымен байланысы	Баяндама түрінде дайындалп, ауызша тапсыру (жеке тапсырма)	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	2
1	Цитологияның Қазақстанда және ТМД елдерінде дамуы	Баяндама түрінде дайындалп, ауызша сұрау (жеке тапсырма)	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	2
2	Электронды микроскопия.	Жарық және электронды микроскоп жұмыс тәртібін	ӘМ типтері жайындағы	3

	Элек-тронды микроскоппен жұмыс істеу тәртібі	салыстырып, ЭМ сызбанұс-қасын салу	конспектті тексеріп, ауызша сұрау	
1	2	3	4	5
2	Клетканың химиялық құрамы. ДНҚ	Негізгі химиялық заттар топтарын көрсете отырып, кесте құрастыру	Бақылау жұмысы	3
3	ДНҚ-ның ашылу тариҳы. Компле- ментарлық принципі. Чаргафф ережесі	ДНҚ-ның ашылу тариҳы жайында баяндама дайындау	Баяндаманы ауыз-ша тапсыру	4
3	Э. Геккель, К.М. Бэр және В.О.Ковалевски й еңбектерінің мәні	Конспект жазып, баяндама дайындау	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	4
4	Клетканың химиялық құрамы. РНҚ	Негізгі химиялық заттар топтарын көрсете отырып, кесте құрастыру	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	5
4	РНҚ-ның типпері, олардың құрылымы мен атқаратын қызметі	РНҚ типтерінің құрылымы мен қызметіндегі айырмашылықтарын ескере оты-рып, кесте құрастыру	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	5
5	Гистологиялық материалды фик- сациялау әдістері. Бекіткіштердің типпері	Бекіткіштер мен бояуларды көрсете отырып, кесте құрастыру	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	6
5	Өсімдік клеткасының клеткалық қабықшасының қалыптасуы	Сызбанұсқасын сыйзу	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	6
6	Клетка бетінің мамандалған құ- рылымдары: микробурлер, кір-пікшелер және талшықтар	Клетка бетінің мамандалған құрылымдарының сызбанұсқасын сыйзу	Бақылау	7
6	Пластидтердің пайда болуы	Пластидтердің пайда болуы жайында конспект жазу	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	7
7	Митохондриялар дың пайда болуы	Митохондриялардың пайда болуы жайында конспект жазу	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	8
7	Лизосомалардың	Лизосомалардың пайда	Конспектті	8

	пайда болуы	болуы жайында конспект жазу	тексе-ру, ауызша сұрау	
1	2	3	4	5
8	Прокариот рибосомалардың ерекшеліктері	Рибосомалар-дың сыйбанұсқасын сизу	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	9
8	Цитоплазмалық кірінділер немесе параплазмалық түзілістер	Конспект жазу	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	9
9	Прокариот клеткалардың бөлінуі	Бактериялар бөлінуінің сыйбанұсқасын сизу	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	10
9	Клеткаға әсер ететін зиянды факторлар. Клеткаға алькогольдің тигізетін әсері	Баяндамалар дайындау	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	10
10	Медицина, ауылшаруашыл ығы үшін гистология мен эмбриологияның практикалық маңызы	Конспект жазу (өз еркімен баяндама дайындау)	Конспектті тексе-ру, ауызша сұрау	11
10	Ұрық жапырақшаларының құрамалары	Кесте құрастыру	Бақылау	11
11	Безді эпителий	Безді эпителий типтері құрылышының сыйбанұсқасын бейнелеу	Конспектті тексеру, ауызша сұрау	12
11	Лимфа	Лимфаның құрамы мен атқаратын қызметі жайында конспект дайындау	Конспектті тексеру, ауызша сұрау	12
12	Қанның жасалуы немесе гемопоэз	Қанның жасалуының сыйбанұсқасын сизу	Бақылау	13
12	Лейкоцитарлы формула	Адамның лейкоцитарлы формуласын жазу	Бақылау	13
13	Май ұлпасының ерекшеліктері	Май ұлпасының құрылымы ерекшеліктері мен атқаратын қызметін жайында жазу	Бақылау	14
13	Шеміршек ұлпасының регенера-циясы	Конспект жазу	Бақылау	14

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

13	Сүйек ұлпасының регенерациясы	Конспект жазу	Бақылау	14
14	Бұлшықет ұлпасының регенера-циясы	Конспект жазу	Бақылау	15
14	Синапс. Рефлекторлы доға	Синапс типтері құрылышының сыйзбанұсқасын бейнелеу	Бақылау	15

8. Баға бойынша ақпарат

бақылау түрі (агымдағы, аралық, қорытынды);
бақылау әдістері (сұрау, жазбаша жұмыс, тесттер)

9. Бағаны қою саясаты

Объективтілігі (бағалау жүйесінің нақты эквиваленті).

Айқындылығы (бағалардың хабарлануы).

Ыңғайлылығы (әр түрлі бақылау формасын ескеру).

Жоғары дифференциация (көп ұпайлық бағалау шкаласымен жоғары дифференциациялау).

Бағаны қою саясаты 100 балдық (100 %) жүйеге негізделген.

Бағалау баламасы

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балама	Балдардың пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	Қанағаттанарлықсыз
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	

10. Оқу пәні мен академиялық әдеп саясаты

Студенттер практикалық сабактарға күнделікті өтілетін тақырып бойынша теориялық тұрғыда дайындалып келеді. 20 минут уақыт теориялық материалдарды сұрауға арналады. Практикалық жұмыстың орындалу барысын, тапсырмаларын оқытушы қысқаша түсіндіреді. Сабак барысында студент таратылған материалдарға ұқыпепен қарауы тиіс. Сабак бақылау сұрақтарына жауап беру және бағалау жұмыстары жүргізілгеннен соң аяқталады.

Практикалық сабак кезінде тәртіп сақтамаған студент аудиториядан шығарылады.

Студенттер ОБСӨЖ-да күнделікті өтілетін тақырып бойынша теориялық тұрғыда дайындалып келеді. Студенттен 20 минут ішінде теориялық материалдар сұралады. Өздік жұмыстың орындалу барысын оқытушы қысқаша түсіндіреді. Сабак барысында студентке қажетті материалдар беріледі, ол заттарға студент ұқыпшен қарауы тиіс. Сабак берілген тапсырма орындалғаннан кейін бақылау сұрақтарына жауап беру мен бағалау жұмыстары жүргізілгеннен соң аяқталады. Өздік жұмыс кезінде тәртіп сақтамаған студент аудиториядан шығарылады.

Студенттер оқытушы белгілеген уақыт ішінде берілген тақырыптарды тапсырады. Студентте өздік жұмысына арналған арнайы дәптері болуы тиіс. Берілген әдебиеттерді пайдалана отырып, студент сабакта даярланады. Бұл өздік жұмыстар сұрақтары практикалық сабакта, ОБСӨЖ-да тереңірек талқыланады.

Дәріс № 1 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Кіріспе. Цитология ғылымы.

Сабак жоспары:

1. Клетканы, ұлпаны зерттеу тарихы.
2. Цитология басқа ғылымдармен байланысы.
3. Клетка теориясы.
4. Цитология ғылымының дамуына Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесі

1. Клетканы, ұлпаны зерттеу тарихы

Цитология - клетканың құрылышын, химиялық құрамын және клетка ішіндегі түрлі құрылымдардың атқаратын қызметтерін зерттейтін биология ғылымының маңызды салаларының бірі.

Бірақ клетка жөніндегі ілім XYII ғасырдан басталады, оның тарихы үш ғасырды қамтиды.

Клетканың зерттелу тарихы 300 жылдан астам уақытқа созылды. Оның негізінің қалануы оптикалық құралдардың дамуымен тікелей байланысты. Алғашқы микроскопты голландиялық оптиктер Янсендер 1590 жылы жасап шығарған. 1609-1610 жылдары Галилео Галилей микроскоп құрастырған, бірақ тек 1624 жылы оны дамытып, пайдалануға жарай бастады. Бұл микроскоп 35 - 40 есе үлкейткен еді. Бір жылдан соң И.Фебер бұл құралы «микроскоп» деп атаған.

Ағылшын математигі, физигі және механигі Роберт Гук 1665 жылы өзі жасаған микроскоп арқылы тығынның құрылышын қарап, оның ұяшықтардан тұратынын анықтаған. Осы ұяшықтарды-клетка деп атаған. Сонымен Р.Гук «клетка» деген терминді қалдырган.

XVII ғасырда Грю мен Мальпиги микроскопты қолдана отырып өсімдіктердің құрылышын зерттеген. 1671 жылы Мальпиги «Өсімдіктер анатомиясы жөніндегі түсініктер» деген еңбегін, 1672-1675 жылдарда «Өсімдік анатомиясы» атты кітабын жариялаған. 1671 жылы Грю «Өсімдіктер анатомиясының бастамасы» еңбегі шықты. XVII ғасыр микроскопшілерінің бірі А.Левенгук жануарлардың клеткаларында – эритроциттерді, сперматозоидтарды, бірклеткалы жануарларды бірінші болып және өсімдіктердің клеткалық құрылышын көрген.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ян Пуркинье микроскопиялық техниканы жетілдірді, осының арқасында клетка ядро мен жануарлардың әртүрлі мүшелеріндегі клеткаларды сипаттады.

XIX ғасырдың басында зерттеушілер өздерінің назарын клетканың ішкі бөліктеріне аудара бастатап, бірінші ширегінде клеткада ядро (1825) байқалған. Оны тауық жұмыртқасынан тауып, ұрық көпіршігі деп атаған. Өсімдік клеткасының ядронын 1831 жылы Р.Броун ашқан. Р.Броун «nucleus- ядро» terminін ұсынды. Осыдан соң клетканың қалған құрылымын атау үшін Пуркинье протоплазма (1839-1840) деген терминді енгізген.

XIX ғасырдың екінші жартысында қарапайым организм ретінде – клетка туралы түсінік пайда болды (Э.Брюкке, 1861). 1874 жылы Ж.Карнда «Клетка биологиясы» ұғымын енгізді, сейтіп клетканың құрылышы, қызметі және шығу тегі туралы ғылым - цитологияның негізін қалады. XIX ғасырдың соңғы ширегінде цитология өз алдына жеке ғылым болып қалыптасты.

Органоидтардың ішінде бірінші ашылған клетка орталығы (центросома). Оны алғаш рет жазған 1876 жылы Э.Ван Бенеден. Центросома деген терминді енгізген Т.Бовери. 1891 жылы Флемминг пен М.Гайденгайн бөлінбеген клетканың тұрақты органоидысы екенін дәлелдеді. 1890 жылы К.Гольджи жапалақтың мишиғы мен жұлышының клеткасында тордың болатынын байқаған. Оны клетка ішіндегі тор тәрізді аппарат деп атаған. Митохондрияларды алғаш рет 1891 жылы Бенда ашқан. Бұл органоидтарды зерттеуде үлкен еңбек сіңірген Ф.Мевес. 1900 жылы Э.Гольмгрен нерв және эпителий клеткаларында тор тәрізді каналшықтардың болатынын жазған. С.Рамон-и-Кахаль бұл құрылымдар ұқсас деп санап, оларды «Гольджи-Гольмгрен каналшықтары» деп атауды ұсынған. 1921 жылы У.Г.Пенфильд бұл құрылымдардың бір-бірінен өзге екенін анықтаған. Кейін бұл аппарат «Гольджи аппараты» деп аталды. «Гольджи аппаратын» зерттеуде орыс зерттеушілері Д.И.Дейнека, Л.П.Карпова, П.В.Макаров, А.Румянцев, И.И.Соколов, Г.В.Ясвоин елеулі үлес қости.

1928-1931 жылдары Е.Руска, М.Кноль мен Б.Боррие электрондық микроскоп құрастырып, клетканың нақты құрылышы сипатталып және осыған дейін беймәлім көптеген құрылымдар ашылды. А.Клод 1929-1949 жылдары клетканы зерттеуге бірінші болып электрондық микроскопты пайдаланған және ультрацентрифугалау көмегімен клеткаларды фракциондау әдісін жасаған.

Электронды микроскоп 1933 жылы жасалды.

XX ғасырда цитология мен соған жақын ғылымдар бойынша ашылған жаңалықтарға Нобель сыйлықтары тағайындалды. Олардың қатарында болғандар:

1906 ж. Камилио Гольджи мен Сантьяго Рамон-и-Кахаль нейрон құрылымы саласындағы жаңалықтар үшін;

1908 ж. Илья Мечников пен Пауль Эрлих фагоцитоз (Мечников) бен антиденелерді (Эрлих) ашқан үшін;

1930 ж. Карл Ландштейнер қан топтарын ашқан үшін;

1931 ж. Отто Варбург тыныс алу ферменттері цитохромоксидоздың табиғаты мен қызметінің механизмін ашқан үшін;

1959 ж. Артур Корнберг және Северо Очоа ДНК мен РНК синтезінің механизмін ашқан үшін;

1962 ж. Френсис Крик, Морис Уилкинсон және Джеймс Уотсон нуклеин қышқылдарының молекулярлық құрылымын және олардың тірі жүйелердегі ақпарат тасымалдаудағы маңызын ашқан үшін;

1974 ж. Кристиан де Дюв, Альберт Клод және Джордж Паладе клетканың құрылымдық және функционалдық бойынша ашқан жаңалықтары үшін

(лизосомалардың, Гольджи жиынтығының, эндоплазмалық ретикулумның ультракұрылымы және функциясы).

XIX ғасыр туган кезінде (1801 ж) анатом К.Биша организмді 21 ұлпаға бөлген.

XIX ғасырдың басында Ян Эвангелиста Пуркинье мен И.Мюллердің өзінің шәкірттерімен бірге адам мен жануарлардың әр түрлі ұлпаларын зерттеген. Иоганнес Мюллер мектебінің шәкірттері Т.Шванның, Р.Ремактың гистологияның негізін салушылардың бірі А.Келлиердің, Э.Дюбуа-Реймонның, Р.Вихровтың, Э.Гекельдің, И.М.Сеченовтың еңбектері бүкіл әлемге мәлім. Бұл кезең гистологияның маңызды жетістіктерімен сипатталады, оның бәрі микроскоп пен гистологиялық зерттеудердің әрі қарай дамуының арқасында болды. Әртүрлі елдердің көптеген ғалымдарының тырысуымен клеткалардың, ұлпалардың құрылышының ерекшеліктері және олардың тіршіліктерінің негізгі кезеңдері белгілі болды.

Гистологияның маңызды мәліметтермен байытқан ғалымдар өткен ғасырдың 50-ші жылдары Лендинг пен Келикер біздің заманымызға дейін сақталған ұлпалар жүйелеуін жүргізген. Флеммингке, Альтманға, ван Бенеденге, Гейденгайнға, Гольджиге және көптеген басқа ғұламаларға біз клетканың нәзік құрылымын білгенімізге міндеттіміз.

XIX ғасырдың орта кезінен бірінен соң бірі Н.М.Якубовичтің және Ф.В.Овсяниковтың жүйке жүйесінің морфологиясы туралы еңбектері шыға бастады. 60-шы және 70-ші жылдардың бас кезінде орыс университеттерінде гистологиядан өз бетінше жұмыс істейтін кафедралар ұйымдастырылған, алдыңғы қатарлы гистологиялық мектептер қалыптасқан. Олардың ішінде дүниежүзілік маңызы барлары Қазандық неврогистологиялық мектеп (К.А.Арнштейн, А.С.Догель, А.Е.Смирнов, Д.А.Тимофеев және басқалар) және бұдан бұтақталған Петербург мектебі, оны басқарған А.С.Догель. барлығының қолдауын алған мәскеулік мектеп (А.И.Бабухин, И.Ф.Огнев және басқалар), бұл мектептің көптеп зерттегені жүйке ұлпасының дамуы, құрылышы және қызметі. Клеткалардың тікелей емес бөлінуін ең ертерек сипаттап жазғандардың бірі мәскеулік ботаник И.Д.Чистяков пен киевтік гистолог П.И.Перемежко болған еді. В.И.Венев редукциялық бөлінуді ашқан.

Жұқа кесінділер дайындастын микротом деп аталатын құралдың жабайы түрін Я.Пуркиньенің шәкірті А.Ошац жасап шығарған. Микротомның шығуымен байланысты ұлпаны тығыздау және қатыру әдістері қажет болды. 1869 жылы Е.Клебс ұлпаларды тығыздау үшін парафинді, ал АБетххер желатинді ұсынды. 1879 жылы П.Шиффердеккер осы мақсатта целлоидинді пайдаланды. Өткен ғасырдың орта кезінде бояу әдістері шыға бастады. Бояғыш ретінде карминді 1849 жылы Геперт пен Кон қолданды. 1865 жылы Бемер гематоксилинді микроскопияға енгізді. Өткен ғасырдың соңы ширегінде аналип бояғыштары да пайдалана басталды.

1. Цитология басқа ғылымдармен байланысы.

Цитология гистология, эмбриология, молекулалық биология, биохимия, физиология атты биологиялық ғылым салаларымен тығыз байланысты.

Гистология - көпклеткалы ағзалардағы ұлпа мен мүшелердің құрылымдық ерекшеліктерін, функциясын, дамуын қарастырады.

Эмбриология - ұрықтың клетка, ұлпа және мүшелердің даму зандылықтарын қарастырады.

Молекулалық биология - клетка құрамындағы әртүрлі заттардың құрылышын, олардың айналымын қарастырады.

Биохимия- клетканың құрылышындағы химиялық заттардың қажеттілігін, олардың әсерін қарастырады.

Физиология- клеткадағы жүретін алмасу процестерін қарастырады.

Цитология цитоморфология, цитохимия, цитогенетика, цитофизиология салалары болады.

2. Клетка теориясы.

1838 және 1839 жылдары немістің екі ғалымы, ботаник М.Шлейден мен зоолог Т.Шванн көптеген деректі материалдарға сүйеніп клеткалық теорияны құрастырды. Т.Шванн клетканы өсімдіктер мен жануарлардың универсалық құрылымдық компоненті деп қарастырды.

Клеткалық теория барлық тірі табиғаттың біртұтас екенінің дәлелдемесі. Клеткалық теорияның биологияның дамуына ғана емес философияның дамуына да үлкен прогрессивтік әсері тиді.

Клеткалық теория жалпы биологиялық мәні бар тұжырымды мәселелердің бірі болып есептеледі

Орыс ғалымы П.Ф.Горянинов (1834 ж.) клеткалық құрылыш жөнінде тұңғыш рет: барлық организм клеткадан құралады және ол клеткадан пайда болады деп, клетканың тарихи даму жолының бетін ашты.

Клеткалық теория шыққаннан кейін 20 жылдан соң немістің ұлы дәрігері Рудольф Вирхов (1859 ж.) клетка клеткадан ғана пайда болады деген қорытынды жасап, клеткалық теорияны одан әрі дамытты.

Қазіргі кездегі клеткалық теорияның негізгі қағидалары мыналар:

1. Клетка тіршіліктің ең кішкене бірлігі.
2. Түрлі организмнің клеткалары құрылышы жағынан ұқсас.
3. Клеткалар бөліну арқылы көбейеді.
4. Көп клеткалы организмдер клеткалар мен олардың туындыларының жиынтығы.

4. Цитология ғылымының дамуына Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесі.

Қазақстан ғалымдары да академиктер Б.А.Домбровский, Ф.Мухамедғалиев, Т.Масенов, А.Мурзамедиев, профессорлар И.Чагиров, Ф.Халилов, М.Х.Нұрышев цитология мен гистологияның дамуына белгілі дәрежеде өздерінің үлестерін қости.

Дәріс № 2 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Клетканы зерттеу әдістері.

Сабак жоспары:

1. Тұрақты препараттар даярлау.
2. Цитохимиялық анализ әдістері.
- 3 Табиғи және синтетикалық бояғыш заттар.
4. Электронды микроскоя.

1. Тұрақты препараттар даярлау

Цитологияның негізгі зерттеу әдісі- микроскопиялық әдіс. Қазіргі кездің өзінде де жарық микроскопы зерттеу құралы ретінде өзінің маңызын жойған жоқ.

Оптикалық микроскопия.

Биологиялық микроскоптың бірнеше модельдері бар МБИ-1, МБИ- 2, МБИ- 3, т.т. Бұл микроскоптар клеткалық құрылымдары және олардың функциясын жан-жақты зерттеуге мүмкіншілік береді. Микроскоптың шешуші қабілеті дегеніміз жеке көрінетін екі нүктенің ең кіші ара қашықтары. Жарық микроскопы екі нүктенің ара қашықтарын өсіріп көрсетеді. Бұл әйнек линзаларының немесе линзалар жүйесі көмегімен іске асады.

Оптикалық микроскоптың шешуші қабілеті 0,2 мкм немесе 200 нм тең, ал адам көзінің шешуші қабілеті 0,1 мм. Жарық көзі ретінде ультракүлгін сәулелерді қолданған кезде оптикалық микроскоптың шешуші қабілетінің шегі 0,1 мкм жетеді, яғни екі есе артады. Қазіргі оптикалық микроскоптың ұлкейту шегі 1500 еседен артпайды.

Тірі материал мөлдір және жеке клеткалардың қалың болуына байланысты зерттеуге қолайсыз. Сондықтан көбінесе фиксацияланған материалмен жұмыс істеледі. Одан жұқа кесінділер дайындалап, түрлі бояғыштармен бояйды. Қалындағы 5-10 мкм- дей кесіндіні арнайы микротомдар арқылы дайындаиды. Сапалы бекіту объективінің тірі күйіндегі құрылымын айтартықтай өзгертуейді. Бекіту ұлпаны тығыздайды және автолиз процестерін тоқтатады. Кейбір бекітуші сұйықтар белгілі құрылымдардың бояулар мен боялу қабілетін арттырады. Жиі қолданылатын бекіткіштер формальдегид, қосхромдық қышқыл калий, сірке, пикрин және осмий қышқылдары мен этил спирті. Сұйық қоспалар жақсы бекіткіштер деп саналады. Олардың көпшілігі ұсынған зерттеушілердің аттарымен аталған. Бекіткеннең кейін объективінің ұлпаға сінетін ортаға батырады. Тығыздаушы заттар жақсы жақсы сіну үшін ұлпаның бөлшегінен этил спиртінің көмегімен суды ығыстырып шығарады, содан кейін ксилиолға немесе толуолға салады. Алдын ала істелетін бұл екі кезең ұлпаға парафин сіну үшін қажет. Жылы сұйық парафин сінеді де қатып қалады. Микротомның көмегімен парафин блогінен шыныға бекитін жұқа кесінділер дайындаиды. Кесіндіден парафинді ксилиолдың көмегімен ығыстырып шығарады. Осыдан кейін кесіндіңі бояйды. Көбінесе ұлпаны гемотоксилин

жөне эозинмен бояйды. Гемотоксилинмен боялатын құрылымдарды базофильдік деп атайды. Эозин қышқыл бояу сондықтан оны байланыстыратын клетканың компоненттерін ацидофильдік немесе эозинофильдік дейді. Осы құрылымдарды тірі клеткаларда белсенділік күйінде көру үшін әр түрлі микроскоптарды шығарған: фаза- контрастық, поляризациялық, флуоресценттік таға басқаларын. Бұл микроскоптардың бәрі жарықты пайдалануға негізделген.

Интерференциялық микроскопия- әдіс фазалық-контрасты микроскопия әдісіне ұқсас. Боялмаған мөлдір тірі клеткалардың анық көрінісін алуға мүмкіншілік береді.

Поляризациялық микроскопия- әдісі ұлпалар мен клеткалардың түрлі компоненттерінің поляризацияланған жарықтың сыну қабілетіне негізделген. Кейбір клеткалық құрылымдар молекуларынвң қатан дұрыс орналасуымен сипатталады және осыған қоса сәулеленің сынуы да осы қасиетіне тән. Мұндай құрылымдарды анизотропты құрылымдар деп атайды. Анизотропты құрылымдарды поляризациялық микроскоптың көмегімен зерттейді.

Флуоресценттік микроскопия- әдісі де тірі клеткаларды зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдіс кейбір заттардың жарық сәулелерінің әсерімен жарық шығаратын қасиетіне негізделген. Қозған жарық толқындарының ұзындығы жарық көзі толқындарының ұзындығынан артық келеді. Жарық көзі ретінде көк немесе ультракүлгін сәулелерлі пайдаланады.

2. Цитохимиялық әдіс- түрлі заттардың клеткада орналасуын және арнаулы қуралдар арқылы олардың санын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдісте түрлі реагентті қолданып, клетканың құрамындағы заттарға сапалық химиялық реакциялар жүргізеді. Белоктарды, нуклеин қышқылдарын, майларды, көмірсуларды, гормондарды, витаминдерді, ферменттерді, металдарды анықтайтын әдістер бар. Цитохимиялық әдістер мұздатылған кесінділерді бояу кезінде жиі қолданылады, бірақ парафинді кесінділерді де бояуға пайдалануға болады. Қазіргі кезде сапалық тәсілдермен бірге ұлпалар мен клеткалардағы түрлі заттардың мөлшерін анықтайтын сандық цитохимиялық әдістер қолданылып жүр.

Ұлпалар, клеткаларды қолдан өсіру әдісі. Клеткаларды қолдан өсіріп, зерттеуді организмнен тыс және организмнің өзінің құрамында жүргізуге болады. Клеткаларды *in vitro* жағдайында қолдан өсіру әдісінде клеткалар стерильді жағдайда арнаулы қоректік ортада шыны камераларда организмен тыс өсіреді. Осы кезде клеткалар тірі клеткалардың негізгі қасиеттерін ұзақ уақыт (10 жыл) сақтайды.

Микрохирургия немесе микрургия әдісі. Тірі клеткалардың қасиеттерін зерттеу үшін микрохирургия әдісін қолданады. Микроманипулятор деп аталатын құралмен клетканы кеседі, ішінен бөліктерін шығарып алады. Операцияның барысын микроскоп арқылы байқайды. Микрохирургиялық қуралдар өте кішкентай шыны қармақтар, инелер, қылтамыр. Микроманипуляцияны арнаулы камераларда жүргізеді.

Рентгенмен құрылымды талдау әдісі. Рентген сәулелерінің дифракция құбылысына негізделген цитоплазма мен ядроның құрамына кіретін

белоктардың, нуклеин қышқылдарының молекулаларының құрылышын зерттеу үшін қолданылады. Бұл тәсіл молекулалардың құрамындағы атомдардың кеңістікегі орналасуын анықтауга, олардың арақашықтықтарын өлшеуге мүмкіндік береді.

Авторадиография әдісі метаболизмдік процестердің динамикасын зерттеуге мүмкіншілік береді. Радиоактивтік изотоптармен таңбаланған молекулаларды, мысалы фосфордың, көміртегінің, сутегінің-тритийдің изотоптарын тағамға қосып немесе инъекция арқылы организмге енгізеді. Сіңген радиоактивтік молекулалар клетканың белгілі бөлімдерімен химиялық реакцияларға түседі, ал радиоизотардың бар жерін авторадиография әдісімен анықтайды.

3. Табиғи және синтетикалық бояғыш заттар.

Бояғыш заттардың 3 түрі бар:

1. Негізді (сілтілі) немесе ядролы –клетка ядросын, қышқыл реакциясы бар ЭТР-ды бояйды. Сілтілі бояғыштармен боялатын құрылымдар базофильді деп аталады. Сілтілі бояғыштарға гематоксилин, кармин, сафранин жатады.

2. Қышқылды немесе цитоплазмалық – клетка цитоплазмасын бояйды. Қышқылды бояғыштармен боялатын құрылымдар эозинофильді деп аталады. Қышқылды бояғыштарға эозин, пикринді қышқыл, қышқыл фукцин, индигокармин жатады.

3. Арнайы – клетканың құрылымын таңдал бояйды, оларға май және май тәрізді заттарды бояушы судан III, осмий қышқылы жатады.

4. **Электрондық микроскопия.** Электронды микроскопты 1931 жылы неміс ғалымдары Девиссон мен Калбин құрастырган. Электрондық микроскоптың көру, анықтау қабілеті өте жоғары. Электрондық микроскоп жарық микроскопына қарағанда 100000 есе үлкейтеді. Қазіргі электронды микроскоптың көрсеткіштік қабілеттілігі 0,1-0,3 нм-ге дейін жетеді. Объектіні 150000 есеге дейін үлкейтеді. Клетканың барлық ультракұрылышын молекулалық деңгейде зерттеуге мүмкіншілік береді. Электрондық микроскоптың бірнеше түрі бар: трансмиссиялық, растрлық, жоғарғы вольттік

Дәріс № 3 (2 сағ.)

Сабақ тақырыбы. Клетка құрылымы және функциясы.

Сабақ жоспары:

1. Клетка - тірі организмдердің құрылымдық және функциональды бірлігі.
2. Прокариотты және эукариотты клеткалар, олардың ұқсастықтары.
3. Өсімдіктер және жануарлар клеткасының айырмашылықтары.
4. Клетканың атқаратын қызметтеріне қарай морфологиялық ерекшеліктері

1. Клетка - тірі организмдердің құрылымдық және функциональды бірлігі.

Жануарлар клеткасы плазмалық мембранамен шектелген ядро мен цитоплазмадан тұрады. Цитоплазма негізгі заттан (гиалоплазмадан), органоидтардан және кірінділерден тұзіледі.

Клеткалардың көпшілігі бір ядролы, бірақ та екі немесе көп ядролы клеткаларда болады. Көп клеткалы организмнің клеткаларының саны өте көп. Мысалы, адам мының үлкен ми сынарларындағы клеткалардың саны 20 млрд шамасында, ал қандағы эритроциттердің саны 25 миллиондай.

Өсімдіктер мен жануарлар организмінде клеткаларының атқаратын қызметтері әр түрлі болғандықтан, олардың пішіні түрліше болады. Клеткалардың пішіні оның организмдегі орнына да байланысты. Жануарлар клеткалары жұлдыз тәрізді (нерв клеткасы), цилиндр, куб тәрізді (эпителий клеткалары), сопақша (эритроциттер), тармақталған (мезенхиманың клеткалары), жұмыр (жұмыртқа клеткасы) т.т. болады. Клеткалар пішіні жағынан ғана емес, үлкендігі жағынан да ажырайды. Мысалы, адамның жұмыртқа клеткасы (диаметрі 0,1 мм) көлемі жағынан адамның сперматозоидынан 1 млн есе үлкен.

2.Прокариоттың және эукариоттың клеткалар, олардың үқсастықтары.

Құрылышының құрделілігіне қарай клеткаларды екі топқа бөледі: прокариоттық (гректің про - алдымен, карион - ядро) және эукариоттық (эу - жақсы, карион - ядро).

Прокариоттарға әубактериялар, көк жасыл балдырлар, спирохеталар, риккетсиялар және микоплазмалар жатады, қалған барлық организмдердің клеткалары, санырауқұлақтардың, қарапайымдардың, жануарлар мен өсімдіктердің клеткалары эукариондық клеткалар. Прокариоттардың клеткалары ұсақ болады (0,5-3 мкм). Митохондриялар, хлоропластар, Гольджи аппараты, лизосомалар сияқты айқын байқалатын мембранамен шектелген органеллалар мен ядролық мембрана болмайды. Прокариоттардың гендік информацияның құрамында эукариоттар клеткасының хромосомаларында болатын негізгі белоктар - гистондар жоқ, тұйық сақина пішінді ДНК-ның тізбегінен тұратын бір хромосомда орналасқан.

Прокариоттардың ядронында митоздық аппарат пен ядрошығыда жоқ. Прокариоттардың клеткаларына цитоплазмалық ағыс пен амеба тәрізді қозгалыс тән емес, жабайы талшықтардың көмегімен қозгалады. Прокариондық клеткалардың цитоплазмасы біртекті емес, онда фибриллалар, ұсақ мембраналық көпіршіктер мен жалпақ қапшықтар, рибосомалар, майдың тамшылары, полисахаридтер мен полифосфаттар жиынтықтарын байқауға болады. Бұлардың бәрі цитоплазманың негізгі затында, матриксінде, гиалоплазмада орналасқан.

Эукариоттардың клеткалары әдетте ірі және құрылымы жағынан прокариоттардың клеткаларына қарағанда, анағұрлым құрделі келеді. Сонымен бірге эукариоттарда жақсы жетілген ішкі мембраналар жүйесі -эндоплазмалық тор мен Гольджи аппараты, мембраналармен шектелген органеллалар - ядро, митохондриялар, хлоропласталар мен лизосомалар болады. Эукариондық

клеткаларға цитоплазманың қозғалысы мен митоздық үршық және талшықтар сияқты энергияны трансформациялаушы көптеген күрделі жүйелер тән. Эукариондық клеткалардың ядронында адрошиқтар мен хромосомалар болады. Хромосомалары ДНК мен гистондардан тұрады. Эукариоттардың бәрі аэробтар.

3. Өсімдіктер және жануарлар клеткасының айырмашылықтары.

Клеткалық қабықшасы өсіресе өсімдіктер клеткаларында жақсы жетілген. Санырауқұлақтарда клеткалық қабықша хитин мен полисахаридтен тұрады, ал балдырларда, оомицеттерде және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерде клеткалық қабырғаның негізгі компоненті полисахарид, целлюлоза. Клеткалық қабықшаның гликопротеидтері мен полисахаридтері клетканың ішіндегі Гольджи аппаратының қатысында синтезделеді де, бірнеше қабаттан тұратын күрделі клеткалық құрылым күйінде клеткадан экзоцитоз арқылы сыртқа шығарылады.

Жануарлар мен өсімдіктер клеткаларының үш негізгі құрылыштық айырмашылықтары бар: 1) жануарлар клеткаларында болатын центриоль жоғары сатыдағы өсімдіктер клеткаларында болмайды; 2) өсімдіктер клеткаларының жануарлар клеткаларынан өзгешелігі цитоплазмасында пластидтер болады; 3) өсімдіктер клеткаларына целлюлозадан тұратын қатты клеткалық қабырға тән.

Сыртқы ортадан алынатын энергияның түріне байланысты тірі клеткаларды үлкен екі типке бөлуге болады. Бірінші типтің клеткаларын гетеротрофты клеткалар деп атайды. Бұған жататындар: адам организмінің барлық клеткалары мен жоғары сатыдағы жануарлардың клеткалары. Бұл клеткаларға химиялық құрамы күрделі дайын органикалық молекулалардың үнемі келіп тұруы қажет. Атап айтқанда, көмірсулар, белоктар мен майлар.

Гетеротрофты клеткалар энергияны осы күрделі заттарды тотықтыру арқылы алады. Гетеротрофты клеткалар бөлінген осы энергияны өзінің биологиялық функцияларының қажетіне жүмсайды.

Клеткалардың екінші типін автотрофты немесе фотосинтездеуші клеткалар құрайды. Бұған жататындар: жасыл өсімдіктердің клеткалары. Фотосинтез процесі кезінде олар күн сәулесінің энергиясын хлорофилл пигментінің көмегімен химиялық энергияға айналдырады және атмосфералық көміртегінің қос тотығынан көміртегін бөліп алғып, жабайы органикалық молекуланды (глюкозаның молекуласын) түзеді. Жасыл өсімдіктер мен басқа организмдердің клеткалары өзінің құрамына кіретін күрделі молекулаларды да құрайды. Сонымен барлық тірі организмдер энергияны күн сәулесінен алады; өсімдік клеткалары энергияны тікелей күннен алатын болса, ал жануарлар оны жанама жолмен алады.

4. Клетканың атқаратын қызметтеріне қарай морфологиялық ерекшеліктері.

Жануарлар клеткасының плазмалық мембранамен шектелген ядро мен цитоплазмадан тұрады. Цитоплазма негізгі заттан (гиалоплазмадан), органоидтардан және кірінділерден тұзіледі.

Кірінділер немесе параплазмалық құрылымдар – клеткалық метаболизмге қатыспайтын, клеткалардың көпшілігінде байқалатын алмасу өнімдерінің жиынтығы (майдың тамшылары, гликогеннің түйіршіктері, белоктардың кристалдары және пигменттік кірінділер).

Органоидтар клеткалардың барлығында кездеседі және заттар алмасуында маңызды функция атқарады (эндоплазмалық тор, Гольджи аппараты, митохондриялар, тағы басқалары).

Дәріс № 4 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Клетканың құрылымдық компоненттері немесе органоидтары.

Сабак жоспары:

1. Эндоплазмалық тордың жалпы құрылышы.
2. Грануляры ЭТ, рибосома, полисомалар.
3. Гольджи аппараты.
4. Митохондриялар құрылышы, қызметі
5. Пластидтер құрылышы, қызметі

Клетка ядроны, хромосома.

1. Ядроның жалпы морфологиясы.
2. Интерфазалық ядроның негізгі құрылымы.
3. Клетка тіршілігіндегі ядроның рөлі.
4. Ядроның химиялық құрамы.

1. Эндоплазмалық тордың жалпы құрылышы.

Эндоплазмалық тор көпіршіктердің, микроканалшықтардың және қапшықтардың (цистерналардың) жүйесі. Эндоплазмалық тор қоршаған ортадан цитоплазмаға заттардың тасымалдануын қамтамасыз ететін клетканың циркуляциялық жүйесі деп есептеледі. Сондықтан да көптеген маңызды биохимиялық процестерге белоктардың, май қышқылдарының, стероидтардың, фосфолипидтердің биосинтезіне, усыздандыру және қаңқа бұлшық еттерінің жиырылуына қатысатын мультифункциялық (мульти- көп) құрылым. ЭТР туындыларына: сферосомалар(микросомалар), лизосомалар, өсімдік вакуольдері немесе тонопласт, пероксисомалар немесе микроденешіктер және ядроның мембранасы.

Эндоплазмалық тордың екі түрін ажыратады:

- 1) бұдыр немесе гранулалық
- 2) тегіс немесе агранулалық.

Гранулалық эндоплазмалық тордың беткейінде рибосомалардың болуына байланысты, олар белок синтезіне қатысады, ал агранулалық эндоплазмалық тор мембранасының бетінде рибосомалардың болмауы оның белок синтезіне

қатыспайтынын көрсетеді. Оның функциясы - липид, кейбір полисахаридтер метаболизміне қатысуы.

2. Грануляры эндоплазмалық тор, рибосома, полисомалар

Гранулалық эндоплазмалық тордың мембранасының цитоплазмалық бетінде жабыса біткен рибосомалар болады. Эндоплазмалық тордың бұл түрі бездік және эмбриондық клеткаларда, белокты жедел синтездейтін жануарлар мен өсімдіктер клеткасында көп мөлшерде байқалады. Бұл мембраналардың бәрі цитоплазманы және бөліктеге бөліп тарайды. Бір клетканың өзінде де эндоплазмалық тордың екі түрі де болуы мүмкін

Гранулалық эндоплазмалық тор белокты синтездеуге қатысады, ал тегіс эндоплазмалық торда да синтез процесі жүреді, бірақ олар белок емес липидтер мен кейбір полисахаридтер.

Рибосомалар - прокариоттар мен эукариоттардың клеткаларында болатын диаметрі 15-25 нм өте ұсақ жұмыр бөлшектер. Эукариоттар клеткаларында рибосомалардың екі популяциясы байқалады: гранулалық эндоплазмалық тордың мембраналарының бетіне бекінген, цитоплазмада немесе митохондриялар мен хлоропласт сияқты органоидтардың матриксінде бос орналасқан.

Рибосомалар бөлшектерінің үлкендігін ультрацентрифугада бөлшектер шөгуінің жылдамдығын сипаттайтын седиментация константасының (S - Сведберг бірлігі) көмегімен белгілейді. Бөлшектер неғұрлым салмақты болса, соғұрлым тез шөгеді.

Прокариоттар рибосомаларының седиментация коэффициенті 70S, эукариоттардікі 80S. Рибосомалар үлкендігі -әр түрлі екі құрылымдық суббірліктен құралған - үлken және кіші. Рибосомалардың суббірліктері РНК мен белоктан тұрады. Үлкен суббірлігі эндоплазмалық тордың липопротеиндік мембранасына рибосомалардың бекуіне қатысады.

Полисомалар. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша белоктың синтезі жеке рибосомалардан гөрі полирибосомалар немесе полисомалар деп аталатын рибосомалар тобында көбірек жүреді.

3. Гольджи аппараты.

Бұл органоидты 1898 жылы Италия ғалым К.Гольджи нерв клеткасында байқаған. Жарық микроскопы Гольджи аппаратының екі түрін ажыратады: тор тәрізді және диктиосомалық. Гольджи аппаратының торлы құрылымы әдетте ядроның маңын және центриольдарды қоршай орналасады ал диктиосомалар клеткалардың цитотоплазмасында түрліше орналасуы мүмкін.

К. Гольджи (1899) ашқан клетканың бұл органоиды *диктиосома, везикула* (көпіршік, бұртік) және *цистерна* (диктиосома) аралық түтікшелер сияқты құрылымдардың жиынтығы екендігі анықталды.

Гольджи аппаратының функциясы клеткада жүретін көптеген маңызды метаболизмдік процестермен байланысты. Ол клетканың секрет бөлу қызметіне, липидтерді тұзу, жинау, сіңіруге және полисахаридтерді синтездеуге қатысады. Гольджи аппараты клеткадан белоктарды секрециялауға да

қатысады. Бұл қызметінде Гольджи жүйесі эндоплазмалық тордың мембраналарымен байланысты.

Гистохимиялық әдістермен Гольджи аппаратында белоктардың, липидтердің, полисахаридтердің, мукополисахаридтердің болатыны анықталған. Ферменттерден фосфатазалар, пероксидаза, түрлі гидролазалар табылған. Гольджи аппаратының вакуольдарынан лизосомалар түзіледі.

4. Митохондриялар құрылышы және қызметі. Митохондриялар АТФ-ті синтездеуші органелла негізгі функциясы органикалық қосылыстарды тотықтырып, олардың ыдырауының нәтижесінде бөлінген энергияны пайдалануға байланысты. Митохондриялар бактериялар мен көк-жасыл балдырлардан басқа клеткалардың бәрінде де болады.

Митохондриялар қалындықтары 5-6 нм шамада болатын қос мембраналы қабықпен қоршалған. Сыртқы мембрана созылыңқы, ішкі мембранада көптеген тарақ тістері сияқты қатпарлары болады. Оларды кейде *кристалар* (грек. Crista - тарақ) деп те атайды. Кристалардың пайда болуы митохондриялардың сыртқы ауданын өзгерпестен, ішкі ауданын үлкейтеді.

Митохондриялардың жалпы құрамында 65-70 % белок, 25-30 % липидтер және аздаған мөлшерде нуклеин қышқылдары бар. Құрамында басқа мембраналарға қарағанда фосфолипидтер көп болады (70 %).

Митохондриядада ДНҚ болатындықтан жаңа митохондриялар бұрынғыларының бөлінуінен пайда болады. Митохондрияның бөлінуі клетканың өсуі тоқтап, мүшелерінің іріктелінуінен кейін басталады.

5. Пластидтер құрылышы, қызметі

Пластидтер – өсімдіктердің клеткасына ғана тән қос мембраналы органоид. Пластидтер түрлері: лейкопластар, хлоропластар хромопластар.

Хлоропластар. Балдырлардың талломдары, жоғары сатыдағы өсімдіктердің жапырағы, жас сабағы, піспеген (шикі) жемістерінің клеткаларында болатын жасыл түсті пластидтер. Жоғары сатыдағы өсімдіктерде хлоропласт пішіні дөңгелек немесе сопақша, линза тәрізді көбінсе дәнге үқсас болып келеді. Сондықтан олардың клеткаларында хлоропласты хлорофилл дәндері деп, ал балдырлар клеткасында хроматофор деп атайды. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің бір клеткасында хлоропластың саны 1-2-ден 50-ге дейін жетеді. Мысалы, алма жапырағының клеткасында орта есеппен 50 шамасында. Хлоропластың көлемі жоғары сатыдағы өсімдіктерде 2-7 мкм, қалындығы 1-2 мкм. Тірі хлоропласт құрамында белок –50%, липидтер- 33%, хлорофиллдер 5-10%, каротиниодтар-1-2% және аз мөлшерде РНҚ мен ДНҚ бар.

Хроматографиялық әдіс бойынша М.Цвет хлорофиллдің 2 түрін тапты. Оның бірі хлорофилл «а» $C_{55}H_{72}O_5 N_4 Mg$ көкшіл-жасыл пигмент, екіншісі хлорофилл «в» $C_{55}H_{70}O_6N_4Mg$ сарғыш жасыл пигмент. Хлоропласт құрамында тағы да қызылт пигмент каротин – $C_{40}H_{56}$ және сары түсті пигмент ксантофилл- $C_{40}H_{56}O_2$ бар. Қазіргі кезде хлорофиллде «с» және «d» пигменттерінің барлығы белгілі.

Хлорофилл – көміртегі, сутегі, оттегі және азот атомдары мен Mg атомдарынан тұратын күрделі органикалық қосылыс.

Хоропластың құрғақ затының орта есеппен 35-55 % белоктан, 20-30 % липидтерден, 9-10 % хлорофиллден, 5-4 % каротиноидтардан тұрады. Хлоропласта ДНК, РНК қышқылдарының Е, К витаминдері мен А, Д провитамиnderінің барлығы белгілі болды.

Хлоропластың құрылымы электрондық микроскоптың шығуымен анықталған. Хлоропласты қосқабатты мембрана қаптап тұрады. Бұл мембранның жартылай өткізгіштік, сұрыптаушылық қасиеті бар. Мембрана арқылы хлоропласт цитоплазмадан бөлінеді. Ал ондағы санылаулар арқылы цитоплазма мен хлоропласт арасында үнемі зат алмасу процесі жүреді. Хлоропластың сыртқы және ішкі мембрана аралығындағы қысының ені 10-20 нм.

Хлоропласт стромасы (грекше строма-дene) немесе матрикс деп аталатын денесі гидрофильді белокты-липоидты қосылыстан тұрады. Хлоропластың стромасында оған кесе көлденең орналасқан ламеллалар немесе тилакоидтар деп аталатын қос мембраналы тақталы құрылымдар бар. Ламеллалар бір-біріне параллель жанаса келіп, топтасып аса ұсақ дәнелер – грандар тұзеді. Грандардағы ламеллалардың ұштары бір-бірімен жалғасып, тұйықталуынан диск пайда болады. Стромадағы грандар гранараптық тилакоидтар арқылы байланысады. Хлоропластың пигменттері стромада шашырамай ламеллаларда жинақталған, сондықтан олардың топтасуынан пайда болған грандардың жасыл реңі түссіз стромада айқын байқалады. Хлоропласт стромасындағы тилакоидтар жүйесінен басқа рибосомалар, крахмал дәндері, ДНК жіпшелері және пластоглобулдар (липид құрылым) бар.

Ассимиляциялық (алғашқы) крахмал хлоропластарда фотосинтез нәтижесінде тұзіледі. Қорға жиналған (соңғы) крахмал түссіз пластидтер лейкопластар қатысуымен тұзіледі және крахмал дәндері түрінде тамырда, түйнекте, тұқымда, сабақтың ішкі құрылышында жиналады.

Хлоропластар жай бөліну арқылы көбейеді. Оның басты қызметі – фотосинтез, яғни күн сәулесінің жарық қуатын пайдаланып, бейорганикалық заттардан органикалық қосылыстар тұзуі. Фотосинтез кезінде алғашқы тұзілетін қарапайым моносахаридтер (қанттар) полимерленіп, крахмалға тағы басқа да полисахаридтерге айналады.

Сөйтіп хлоропластарда алғашқы крахмал ұсақ дәндер түрінде, ал қор заттары жиналатын мүшелердің лейкопласталарында (амилопластарда) соңғы крахмал түрінде жиналады. Фотосинтездің нәтижесінде органикалық заттардың қоры түзеледі, атмосфера үнемі оттегімен толықтырылып, көмір қышқыл газынан тазартылады.

Хромопластар. Хромопластардың пішіні дөңгелек, таяқша, ұршық, ұшбұрыш тәріздес. Мұндай сан түрлі пішінді болуы каротин және ксантифилл пигментерінің кристалданып, пластид стромасында жинақталуына байланысты. Хромопластардың стромасында мембраналы жүйе болмайды немесе нашар жетіледі.

Хромопластардың қызметі әлі де толық анықтала қойған жоқ. Олардың пигменттік құрамында хлорофилл болмайтындықтан фотосинтезге қатыспайды.

Лейкопластар. Рені мөлдір (түссіз), пішіні дөңгелек, ультракұрамы жағынан пропластидтерге жақын, бірақ олардан көлемдірек, ірірек. Лейкопластар пластидтердің ішіндегі ең ұсағы. Клетка ішінде ядроны айнала топтасып орналасады. Лейкопластар өсімдіктердің күн сәулесі түспектін мүшелері: тамыр, тамырсабақ, түйнектер мен тұқымдарының клеткаларында кездеседі.

Лейкопластардың негізгі физиологиялық қызметі – органикалық заттардың қорын жинақтау. Крахмал қоры жиналатын лейкопластар амилопластар деп аталады. Мұндай лейкопластарда фотосинтез кезінде пайда болатын қанттардың полимерленуінен соңғы крахмал жиналады. Кристалдар немесе аморфты туынды зат ретінде белок қорға жиналатын лейкопластар протеинопластар деп, ал май тамшылары жиналатын лейкопластар алоепластар (элайопластар) деп аталады.

Клетка ядросы, хромосома.

1. Ядроның жалпы сипаттамасы. Ядро клетканың генетикалық ақпараты сақталатын, ДНҚ молекуласының құрылуын қамтамасыз ететін органоид. Ядрода РНҚ-ның әр түрлі ДНҚ-ларға аудису процесі жүзеге асады.

Ядро – ядро қабықшасы, кариолимфа, ядрошықтан тұрады. Ядроның ішінде сұйық бөлігі – кариолимфа (*нуклеоплазма*) болады да сырты қос қабатты мембранадан құрылған қабықшамен қоршалады. Нуклеоплазманың құрамында ДНҚ, РНҚ және белоктардан құрылған хроматиндік бөлігі болады. Әр бір ядрода бір немесе бірнеше ядрошық бар.

Ядро сөлі немесе кариоплазма интерфазалық ядроның ядрошығы мен хромосомалардың орналасатын ортасы. Жарық микроскопында оның құрылышы байқалмайды, сол сияқты электрондық микроскоппен де көрінбейді. Ядро сөлі – құрғақ заты аз сұйық құрылым. Ядро сөлінде белоктар мен РНҚ болады. Сонымен бірге ядро сөлінде ядродағы нуклеин қышқылдарының синтезіне қатысатын ферменттер және рибосомалар мен липидтер болады. Мұнда ядроға тән ферменттердің көпшілігі байқалады. Олардың ішінде АТФ түзуге қатысатын гликолиз ферменттері маңызды роль атқарады. Хроматин мен ядрошықта синтезделген өнімдер ядро сөліне жиналады. Сонымен, ядро сөлі ядро ішінде жүретін әр түрлі процестерге энергия жеткізеді.

Электрондық микроскоптың мәліметтері бойынша ядро қабықшасы екі қабаттан сыртқы және ішкі мембраналардан тұрады. Ядро қабықшасының липидтік құрамында фосфолипидтер (54-68%) көп орын алады. Олардың ішінде фосфатидилхолин - 60%, фосфатидилэтаноламин - 20-24% шамасында болады. Біршама мөлшерде қанықкан май қышқылдары мен эфирлер кездеседі.

Ядролық қабықша клетканың бөліну кезеңінде болмайды. Ядро қабықшасының сыртқы мемранасы үзілместен эндоплазмалық тордың мемранасына ауысады.

Екі мембрана арасында ені 10-20 нм құрайтын *перинуклеарлы кеңістік* болады. Қабықшада диаметрі 40-50 нм болатын, толып жатқан *саңылаулар* (поралар) кездеседі.

Қабықша саңылаулары арқылы ядроға белоктар (гистондар, протаминдер), рибонуклеаза енеді, ал ядродан цитоплазмаға иРНҚ, тРНҚ және рибосома бөліктері шығады.

Ядродағы негізгі құрылышты бөлікке *хромосомалар* жатады. Олардың саны белгілі түрдің ерекше белгісі болып есептеледі. Хромосомалардың құрамындағы ДНҚ мен гистон белоктарының саны бірдей бола ды. Әдетте гистондар майда (кіші молекулалы) болып келеді. Молекулалық массасына байланысты, олар бес түрге бөлінеді: НІ - 21000 Н2А - 14500, Н2В - 13700, Н3 - 15300 және Н4 - 11300. Алғашқы : топқа жататын *гистондардың* құрылышы өсімдік түрлеріне байланысты ерекшеленеді. Басқа гистондардың құрылышы өсімдік түрлерінде онша өзгермейді.

Жеке хромосома молекуласы өте ұзын бір ДНҚ-дан және гистондардың бірнеше миллиондаған молекуласынан құралады.

Ядро нуклеоплазмасында ДНҚ-ның *редупликациялану* (екі еселенуін) және *транскрипция* (синтезделу) процестерін қамтамасыз ететін ферменттер мен кофакторлар, ДНҚ тәріздес РНҚ молекулалары болады. Нуклеоплазманың ферменттік жүйелері гистондарды фосфорлайды және ацетилдейді, нуклеозидтер метаболизміне қатысады, гликоген трикарбон қышқылдар циклінің қалыпты өтуін қамтамасыз етеді. Ядроның құрамында фосфор, калий, натрий және көбірек мөлшерде, құрылыштық мәні бар кальций иондары кездеседі.

Ядроның тотықтырғыш жүйесі гликоген трикарбон қышқылдар циклінен құралады. Ядро мембранасындағы электронды тасымалдаушы тізбек АТФ синтездейтін тотығу процестерін жүзеге асырады. Бұнда негізінен май қышқылдары тотығады.

Ядродағы рибосома бөліктері пайда болатын аймақты ядрошықтар деп атайды.

Ядрошықтарда екі рибосомалық РНҚ-ның (25 S және 18 S) синтезделу, цитоплазмалық рибосомалардың (80 S) бөліктерінің (60 S және 40 S) қалыптасу процестері жүзеге асады.

Химиялық құрамы бойынша ядрошық РНҚ концентрациясының жоғары болуымен ажыратылады.

Хромосомалар екі еселенетін қабілеті бар, гендік ақпаратты үрпақтан - үрпаққа тасушы, құрылышы күрделі клетка компоненттерінің бірі. Хромосомаларды алғаш рет Флемминг 1882 мен Страсбургер 1884 ж. байқаған. Центромера хромосоманы екі иыққа бөледі. Центромералардың орналасуына қарап хромосомалардың 3 типін ажыратамыз:

1) Акроцентрлік хромосомалар –бір иығы қысқа, нашар байқалады; бұндай хромосомалар пішіні таяқ тәрізді

2) Субметацентрлік- пішіні латынның L әрпі сияқты, иықтарының ұзындығы тең емес.

3) Метацентрлік- тең иықты

Түрлі объектілерде хромосомалардың саны түрліше. Адам хромосомаларының ұзындығы 1,5-10мкм. Хромосомалардың жиынтығы-деп ядроның барлық хромосомаларының жинағы.

Хромосомалар жиынтығының сандық және сапалық белгілерінің жинағын кариотип дейді.

6. Интерфазалық ядроның негізгі құрылымы.

Интерфазалық ядро өсімдіктер мен жануарлар клеткаларының тұрақты құрылымдық бөлігі. Өткен ғасырдың аяқ кезінен бастап ядроның екі қүйін ажыратты: митоздық және интерфазалық. Интерфаза кезінде ядрода жалпы клеткадағыдай сияқты алмасу процестері тез жүреді. Осыған байланысты интерфазалық ядроны тыныштық қүйіндегі ядро деп қарастырады. Түрлі клеткаларда ядроның пішіні әр түрлі. Бірақ 2-3 немесе бірнеше ондаған ядролары бар көп ядролы клеткалар кездеседі.

Интерфазалық ядроның негізгі құрылымдық бөліктегі- ядро қабықшасы, хромосомалардың құрамды бөлігі болып саналатын хроматин, бір немесе бірнеше ядрошық, кариоплазма немесе нуклеоплазма. Ядро құрамында басқа да құрылымдар кездеседі: микротүтікшелер, филаменттер, кристалдар.

7. Клетка тіршілігіндегі ядроның ролі

Клетканың тіршілігі үшін ядроның маңызы жөніндегі түсінік өткен ғасырдың 70-80 жылдарында кейбір қарапайымдарға жасалған тәжірибелің негізінде қалыптасқан болатын. Сонымен бірге ядроны бөліп алу цитоплазмада болатын түрлі ферменттерге әсер ететіні белгілі.

Интерфазалық ядро белок синтезінің жеделділігін реттейді. Интерфазалық ядрода белокпен бірге РНҚ – ның барлық үш типтері синтезделеді. Ядро цитоплазмада жүретін белок синтезін бағдарлайды. Сонымен бірге ядроның өзіде цитоплазманың әсерінде болады. Себебі цитоплазмада синтезделетін оның қызметтеріне қажет ферменттер ядроға барады.

8. Ядроның химиялық құрамы

Биохимиялық зерттеулер ядроның химиялық құрамының күрделі екенін анықтады. Ең басты компоненті нуклеин қышқылдары мен белоктардың қосылысынан пайда болатын нуклеопротеидтер; кейбір клеткаларда олар ядро құрғақ массасының негізгі бөлігін құрайды.

Ядроның белоктік бөлігі бірнеше компоненттен: гистондар мен протоаминдерден тұрады. Ядроның химиялық құрамында белок - 50-90%, ДНҚ - 5-10%, РНҚ - 3-20%, қалған бөлігі липидтердің үлесіне тиеді. Ядродағы белоктар негізді немесе ДНҚ мен байланысқан гистондар және нуклеоплазма, мембранные, рибосомалар құрамына енетін қышқыл белоктар болып бөлінеді.

Ядроларда тотықтыруышы ферменттер болмайды, оның есесіне АТФ-аза, гликолиздеуші ферменттер болады.

ДНҚ барлық клеткалардың универсалдық құрамды бөлігі. РНҚ клеткалар ядроларының бәрінде де болады. Клеткадағы ДНҚ-ның негізгі массасы ядрода орналасқан. ДНҚ-ның синтезі интерфазада, оның S- дәуірі деңгелетін кезеңінде жүреді. Ядродағы барлық ДНҚ хромосомаларымен байланысқан. РНҚ-ның негізгі бөлігі ядрошықта болады, сонымен бірге хроматин мен кариоплазмада кездеседі. Ядродағы РНҚ саны тұрақсыз, клеткалардың қызметіне байланысты өзгеріп отырады.

Нуклеин қышқылдары ДНҚ мен РНҚ ядроларының бәрінде болады. Ядродағы барлық ДНҚ хромосомаларымен байланысқан. Ядрода минералдық заттардан фосфор, калий, натрий, темір, цинк, мыс, кобальт, вольфрам, өте аз мөлшерде литий, никель, хром, кейбір металдар және ерекше маңызы бар кальций мен магний байқалған. Ядролардың ферменттері - негізінде нуклеин қышқылдық алмасу мен анаэробты гликолиз ферменттері. Әдетте ядрода цитоплазмадағы ферменттер болады, бірақ та өте аз мөлшерде кездеседі.

Дәріс № 5 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Клетканың химиялық құрамы, олардың молекулярлық ерекшеліктері. Цитоплазма. Плазма мембранны.

Сабак жоспары:

1. Цитоплазманың физико-химиялық қасиеттері.
2. Клетка мембраннының химиясы және оның қасиеттері.
3. Су, акуыз.
4. Нуклеин қышқылдары, көмірсулар.
5. Липидтер, макроэнергиялық фосфаттық қосылыстар.

1. Цитоплазманың физико-химиялық қасиеттері. Чех ғалымы Пуркинье 1840 жылы клетканың ішкі құрамын белгілеу үшін "протоплазма" деген терминді ұсынған болатын. Протоплазма - клетканы құрайтын тірі зат - кариоплазма (ядро деген мағынада) мен цитоплазмаға бөлінеді. Бұл екі терминді ғылымға енгізген 1882 жылы польшалық ботаник Страсбургер. Цитоплазма клетканың метаболизмдік жұмысшы аппараты.

Плазмалық мембрана немесе плазмалемма (гректің *slasma* - пішін, *lemma* - қабықша) белоктармен жалғасқан липидтердің екі қабатынан тұрады. Сонымен бірге плазмалемманың сыртқы бетінде мембранның құрамына кіретін белоктармен байланысқан күрделі қосылыстарды -гликопротеидтер мен гликолипидтердің құрайтын көмірсулардың молекулалары болады. Бұл мембрана үстіндегі комплекс немесе гликокаликс (грекше *kalux* - қабықша), бір және көпклеткалы жануарлардың клеткаларында жақсы жетілген. Плазмалық мембрана клетканың ішкі құрылымының құрамында реттейді, қалындығы 7,5 нм. Барлық клеткаларда плазмалық мембрана жаңарап отырады.

Плазмалық мембрана көптеген маңызды биологиялық функциялар аткарады: қорғау мен тасымалдау. Тасымалдау функциясына су, иондарды және тәменгі молекулалы заттары пассивті түрде тасымалдау мен осы өнімдерді клеткалардан сыртқа шығаруға қатысады. Заттардың клетка ішінен өтуі мен олардың клеткадан шығуның төрт негізгі механизмдері бар: диффузия, осмос, белсенді тасымалдану мен экзо және эндоцитоз.

Диффузия дегеніміз концентрацияның аз жағына қарай заттардың тасымалдануы. Клеткалық мембранның су мен иондарды өткізетін арнаулы поралар (грек сөзі - тесік) болады. Түрлі иондардың өту жылдамдығы түрліше. Катиондар (K^+ , Na^+) аниондарға қарағанда (Cl^-) тез өтеді.

Клеткаға заттардың тасымалдануы плазмалық мембранның бөлінген көпіршіктердің көмегімен де жүреді. Тасымалдану бағытына байланысты мембранның қоршалған заттардың тасымалдау процесі экзоцитоз және эндоцитоз болып екі категорияға бөлінеді.

Клеткалардың тығыз бөлшектерді сырттан ұсташа процесін И.И.Мечников фагоцитоз деп атаған. Клетканың сұйықтық тамшыларды сіңіре алатынын байқаған, бұл құбылысты ол пиноцитоз (грек *pinein* - ішу) деп атаған. Фагоцитоз бұл пиноцитоздың механизмі бір болғандықтан эндоцитоз деп атаған. Эндоцитоз - клетканың қоректену механизмі.

Эукариотты клеткалардың цитоплазмасы гиалоплазмадан (*hyalos* - шыны), органоидтардан және кірінділерден тұрады. Гиалоплазма (грекше *hyaline* - мөлдір), негізгі плазма немесе цитоплазманың матриксі. Гиалоплазманың құрамында түрлі глобулалық белоктар мен цитоплазмалық матриктің ферменттері болады. Бұлар эукариондық клеткадағы белоктардың жалпы санының 20-25%-ін құрайды.

Гиалоплазма барлық клеткалардың құрылымдарды біріктіріп тұрады және олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Аминқышқылдарының, май қышқылдарының, нуклеотидтердің, қанттардың клетка ішіндегі тасымалдануын да іске асырады.

Клеткада белгілі функцияларды атқаратын цитоплазманың ерекше жіктелген бөлігін органелла деп атайды. Органеллаларды мембранның және мембранның органеллалар деп ажыратады. Мембранның органеллаларға ЭТР, Гольджидің комплексі, митохондриялар, лизосомалар, пероксисомалар, ал мембранның органеллаларға рибосомалар, центриольдар, микротүтікшелер, микрофибриллалар, микрофиламенттер, кірпікшелер, талшықтар жатады.

2. Клетка мембранасының химиясы және оның қасиеттері.

Цитомембранның клеткалардың құрылымның негізгі компоненттерінің бірі. Ол жеке элементтерден тұратын, бір-бірімен өзара әрекеттесіп біртұтас құрделі жүйе құрайтын, клетканың тіршілігінің маңызды рөл атқаратын құрылым. Мембранның клеткалардың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады, клеткаға суды, кайсыбір иондарды және қажет субстраттарды өткізеді, клеткадан бөлініп шығарылатын өнімдер сыртқы мембрана арқылы шығарылады, мембрана клетканың қорғанышы және ішкі ортаниң тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

1935 жылы Давсон-Даниелли гипотезасы бойынша клеткалық мембрана үш қабаттан тұрады: фосфолипидтік қабаттардан тұратын бір орталық қабаттан және орталық липидтік қабаттың екі бетінде орналасқан екі белок қабаты.

3. Су, ақуыз.

Су – клетка заттарының ішінде салмағы жағынан бірінші орында. Мысалы: мидың 80%-ке жуық су, ал май 40% аспайды. Судан айырылған клеткалардың барлық тіршілік белгілерінен айырылуын – анабиоз деп атайды. Анабиоз күйінде клеткалар ұзақ уақыт болуы мүмкін. Дымқылданғаннан кейін қайтадан тіршілік күйі қалпына келеді. Клеткадағы реакциялардың көпшілігі су ерітіндісі ретінде жүреді. Су көптеген реакцияларға тікелей қатысады. Мысалы: белок, май, көмірсу ыдырауы осы заттардың сумен әрекеттесуінің нәтижесінде жүреді. Мұны гидролиз реакциясы деп атайды. Организмнің, ұлпалардың жылу реттелуінде, зат алмасуда су маңызды роль атқарады.

Ақуыз – тірі клеткалардың негізгі құрамды бөлігі. Клеткалардың сыртқы пішіні жағынан түрліше болуы және оның қызметінің айырмашылығы осыған байланысты. Ақуызды – протеин деп атайды. Клеткада ақуыз саны өте көп. Ең кіші бактерияларда 1000-2000, адамда-100000 жетеді. Молекулалық массасы бірнеше мыңнан бірнеше миллионға ауытқиды. Табиги белоктарда 20 аминқышқылдар кездеседі. Ақуыздың 2 типі бар: фибриллалық және глобулалық. Фибриллалық немесе мембраналық құрылымдарды ерімейді, ұзын жіп пішінді макромолекулалар тобын құрайды, ал глобулалық ақуыз клеткалаларды құрауда ерекше роль алады. Глобулалық ақуыз құрамында 200 аминқышқылы бар шатасып жатқан жілтерге ұксас. Бұнда химиялық белсенді әнзимдер болады. Ақуыз қызметтері: химиялық реакцияларда катализаторлардың құрылымдық элементтер ретінде кіреді; қоректік заттар қоры; тасымалдау; гормондар мен қорғаушы заттар міндеттерін атқарады.

4. Нуклеин қышқылдары, көмірсулар.

Нуклеин қышқылдарын 1870 жылы Фридрих Мишер ірің клеткаларынан тапқан. Ол гендік материал. Тірі организмдерде ДНҚ, РНҚ күйінде болады. ДНҚ ядрода, интерфаза кезінде хроматиннің құрамына кіреді. Ядродада ДНҚ белоктармен қосылып, протеид түзеді. РНҚ ядрода, цитоплазмада болады. Ядрода ол ядрошықта, нуклеоплазмада, хроматинде орналасқан.

Нуклеин қышқылдары көмірсу компонентінен (пентоза, дезоксипентоза), азоттық негіздерден (пурин, пиридин) және фосфор қышқылынан тұрады. Нуклеотид нуклеин қышқылы мономері фосфор қышқылының бір молекуласының, пентозаның бір молекуласының және бір пууриндік немесе пиридиндік негіздің қосылуынан пайда болған. Нуклеотидтің құрамындағы пентоза мен негіздің комбинациясын нуклеозид деп атайды. Нуклеин қышқылы пентоза: рибоза және дезоксирибоза болады. Пиридиндік негіздерге: цитозин, тимин, урацил жатады. Пууриндік негізге: аденин, гуанин жатады. Уотсон мен Крик ДНҚ екі тізбекті екенін анықтаған. РНҚ 3 түрі бар: м-РНҚ немесе и-РНҚ; т-РНҚ, р-РНҚ. М-РНҚ барлық РНҚ-ның 3-5% құрайды. Ол 300 нуклеотидтен тұрады. р-РНҚ 80% астам. т-РНҚ 15%. 1955 жылы Хогленд ашты, аминқышқылдарын тасымалдайды.

Көмірсулар – өсімдіктің тірі затының массасы. Олар құрылымдық, қоректік қызмет атқарады. Көмірсулар альдегид пен гидроксил топтарынан тұрады. Олар 3 класқа бөлінеді: моносахаридтер, дисахаридтер, полисахаридтер.

Моносахаридтер – жай қанттар. Олар триоза (3С), тетроза (4С), пентоза (5С) т.б. Табиғатта пентоза мен гексоза кездеседі. Моносахаридтер бір- бірімен қосылып, олигосахаридтер түзеді. Олигосахаридтер ішінде маңыздысы – дисахарид. Ең көп тараған түрлері – малтоза, лактоза, сахароза. Полисахаридтер – 9 моносахаридтік қалдықтардан тұрады. Гликоген, крахмал жануар, өсімдік полисахаридтері. Целлюлоза басқа қосылыстармен кездесетін өсімдіктердің негізгі құрамы (50%) хитин құрылышы мен қызметі целлюлозаға ұқсас. Саңырауқұлақтарда кездеседі.

5. Липидтер, макроэнергиялық фосфаттық қосылыстар

Липидтер цитоплазманың 30% құрайды. Химиялық құрылышы жағынан әртүрлі болады. Олардың ішінде маңыздылары – май қышқылдары, майлар, глицерофосфатидтер, сфинголипидтер, стероидтар. Май қышқылдарына байланысты жүретін катаболизмдік реакциялар энергияның бөлінуі және цитоплазмалық органеллалардың клеткалық құрамын құрайды. Май қышқылы энергия көзі. Стероидтар көптеген заттар жатады. Д витамині, өт қышқылы, бүйрек үсті без гормондар т.б. олардың ішінде клеткалардың құрылуы мен тиісті қызмет атқаруда ерекше роль атқаратын – холестерин. Ол маңызы зор, мөлшері аз болғанымен организмнің денсаулығына күшті өсерін тигізеді. Фосфолипидтер құрамында фосфор мен азот болады.

Гидролиз кезінде жылу түрінде энергияны көп бөлөтін фосфор қышқылының эфирлерін макроэнергиялық фосфаттар деп атайды. Оған: АТФ, трифосфаттар, уридин, цитидин, гуанозин, креатин, фосфат т.б. бұл заттардың химиялық энергиясы ыдырағанда клетка тіршілік әрекетіне пайдаланады.

Дәріс № 6 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Микротубулярлы және фибриллярлы құрылым.

Сабак жоспары:

1. Микроскопиялық құрылышы және клеткада шоғырлануы.
2. Микротүтікшелер, тубулиндер.
3. Цитоплазманың фибриллярлы құрылымы.
4. Клетка центриолі. Құрылышы, мөлшері, шоғырлануы және ультракұрылымы.
5. Қозғалыс мүшелерімен байланысы.

1. Микроскопиялық құрылышы және клеткада шоғырлануы.

Қозғалу қабілеті тірі материяның маңызды қасиеті. Белгілі дәрежедегі қозғалыс клеткалардың бәріне тән. Клетканың цитоплазмасы үздіксіз қозғалып тұрады, онымен бірге ондағы митохондриялар, пластидтер, басқа клетка ішіндегі құрылымдар да қозғалады. Синтезделген жіп пішінді белок молекуласы матрицадан түсіп, өзінің екінші және үшінші құрылышын

қалыптастыру кезінде қозғалыстың күрделі түрлерін байқатады. Кейбір клеткаларда кірпікшелер мен талшықтар сияқты қозғалысты қамтамасыз ететін мамандалған құрылымдар болады. Клеткада қозғалыс аппаратымен байланысқан тіректік және қаңқалық құрылымдар болады. Осы құрылымдарды тіректік қозғалыс жүйесі деп атайды. Бұған актин- миозин және микротүтікшелер жүйесі- динеин мен клатрин жатады.

Цитоскелет қозғалмайтын қаңқа емес, ол тығыз филаменттен (талшықтар) және қуыс түтіктер (микротубулярлардан) тұратын майысқақ күрделі жүйе. Олар клетканың ішкі тірегін құрайды, клеткаларды өзара байланыстырады, клеткалық қозғалыстарға қатысады. Цитоскелет барлық тірі организмдерде кездеседі, ол қымыл, құрылымдық қызмет атқарады.

2. Микротүтікшелер, тубулиндер.

Микротүтікшелердің құрамды бөлігі -тубулиндер, диаметрі 4 нм, глобулалық белок, сонымен қатар молекулалық массасы үлкен белоктардан тұрады- /динеин және динеин 2 белогы/. Тубулиндердің негізгі екі түрі бар à және β. Микротүтікшелер барлық клеткаларда кездеседі, өсіреле цитоплазма өсінділерінде кездеседі, нейрон өсінділерінде және қарапайымдардың жалған аяқтарында. Микротүтікшелерден митоз ұршығы қалыптасады. Микротүтікшелер клетканың ішкі қаңқасын құрау және клетка ішіндегі заттардың белгілі бағытта қозғалуын қамтамасыз ету қызметтерін атқарады және клетка қозғалысына, клетканың өсуіне, қатысады. Микротүтікшелер талшықтар мен кірпікшелер құрамына кіреді, олардан центриольдар мен базальды денешіктер құралады.

3. Цитоплазманың фибріллярлы құрылымы.

Филаменттер немесе талшықтар диаметріне байланысты жіңішке/6-7 нм/, аралық /8-10 нм/, жуан / 15-20 нм/ болып бөлінеді. Олар клетканың шетінде орналасады немесе цитоплазмада тегіс орналасқан тор құрайды. Филаменттерге бұлшық ет клеткаларында болатын жіңішке – актин және жуан – миозин белоктары жатады. Актиннің атқаратын қызметі клетка пішінін сақтайды, митозға, клетка қозғалыстарына, протоплазма қозғалыстарына қатысады.

Миозин қаңқа еттерінде кездеседі, сонымен бірге ми клеткаларында кездеседі.

Актин мен миозиннің өзара байланысын актомиозин комплексі деп аталаады. Актин өз бетінше жиырыла алмайды, оның міндеттін миозин атқарады.

4. Клетка центриолі. Құрылышы, мөлшері, шоғырлануы және ультракұрылымы.

Клетка центрі бір клеткалы және көпклеткалы жануарлар организмдерінің клеткаларында кездеседі, төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктер клеткаларында кездеспейді. 1875 жылы Гертвиг ашқан. Бөлінбейтін клеткада клетка орталығы клетканың орталығында, ал митоз кезінде бөліну полюстерінде орналасады. Митоз кезінде клетка центрінде екі ұсақ гранула байқалады, оны центриоль немесе диплосома деп атайды. Центриольдер клетка органоидтары кездеспейтін цитоплазма аймағында орналасады. Митоз кезінде центриольден жұлдызша ретінде митоз ұршығының микротүтікшелері

кетеді, олар сәулелі аймақ астросфераны түзеді. Клетка центрінің центриолдері өзара перпендикуляр орналасады. Пішіні цилиндр тәріздес, ұзындығы 0,3-0,6 мкм, ені – 0,1-0,15 мкм.

Центриольдардың негізгі қызметінің бірі кірпікшелер мен талшықтардың негізінде орналасқан базальды денешіктерді тұзу.

5. Қозғалыс мүшелерімен байланысы.

Клеткалық қозғалыстың негізгі формалары амеба тәрізді қозғалыс, цитоплазмалық қозғалыс, талшықтар мен кірпікшелер және оларға ұксас құрылымдардың қозғалысы.

Цитоплазмалық қозғалыс өсімдіктер клеткаларына және жануарлардың кейбір клеткаларына тән. Цитоплазма қозғалысына АТФ энергиясы қажет, энергия АТФ-тың макроэргиялық фосфаттың байланыстарының ферменттік ыдырауынан пайда болады.

Амеба тәріздес қозғалыс жануарлар клеткаларына /амеба/ тән. Олар жалған аяқтары арқылы қозғалады. Амеба тәріздес қозғалысқа көптеген факторлар әсерін тигізеді /жарық, температура, ультра құлғін сәуле, осмостық және механикалық қысым және т.б./. Лейкоциттерге амеба тәріздес қозғалыс тән. Оларда жалған аяқтар тек қозғалыс мүшесі ғана емес, организмге енген бөгде заттарды ұстап, қорытып жібереді. Сондықтан, лейкоциттерді фагоциттер деп атайды, ал құбылыс фагоцитоз деп аталады. Оны орыс ғалымы И.И.Мечников зерттеген.

Кірпікшелер мен талшықтар арқылы қозғалу – талшықтар мен кірпікшелер арқылы жүзеге асады. Айырмашылығы: кірпікшелер көп және қысқа, ал талшықтар саны аз және біршама ұзын болады. Кірпікшелер мен талшықтар барлық жануарларда кездеседі, тек буынаяқтылар мен жұмыр құрттарда кездеспейді. Адамда кірпікшелі эпителий тыныс мүшелерінде, есіту мүшелерінде, орталық нерв жүйесінде /ми қарыншасында/ кездеседі. Сүтқоректілер мен адамда талшықтар арқылы қозғалу аталақ жыныс клеткаларына, сперматозоидтарға ғана тән.

Бір клеткалы жануарлардың ішінде жасыл эвгленада талшық болуына байланысты, талшықты қозғалыс түріне жатқызамыз.

Бұлшық еттік қозғалыс. Көп клеткалы жануарлар организмінің жиырылғыш маманданған клеткаларының цитоплазмасында жиырылғыш фибриллдер, миофибриллдер болады. Миофибриллдер қаңқа бұлшық ет клеткаларында, бірыңғай салалы бұлшық ет клеткаларында, жүрек бұлшық ет клеткаларында болады. Бұлшық еттердің негізгі жиырылғыш белоктары актин мен миозин.

Дәріс № 7 (2 сағ.)

Сабақ тақырыбы. Клетканың бөлінуі.

Сабақ жоспары:

1. Клетка циклі.
2. Митоз. Митоз кезеңдері.
3. Митоз процесінің маңызы.

Мейоз процесі.

1. Мейоз процесінің маңызы.
2. Мейоздың бірінші және екінші бөлінуі.

1. Клетка циклі.

Клетканың биохимиялық қасиеттерінің бірі көбею қабілеттілігі. Организм дамуының және регенерациясының негізін клетка репродукциясы құрайды. Клетканың бөліну жолдары: митоз (тікелей емес бөліну) немесе кариокинез, мейоз немесе редукциялық бөліну, эндомитоз, амитоз немесе тікелей бөліну.

Амитоз процесінде ахроматин жіпшелері пайда болмай-ақ, ядро бірден екіге бөлінеді. Клетка бөлінуінің бұл типі кезінде хромосомаларда құрылымдық өзгерістер байқалмайды. Кейбір жағдайларда бір ядродан бірнеше ядролар пайда болады. Амитоз арнайы және патологиялық ұлпаларда кездеседі. Клетканың осындай жолмен бөлінуін 1841 жылы Ремак анықтаған.

Клетка циклі немесе митоздық цикл клетканың өзінің пайда болуымен және оның жас клеткаларға бөлінуінің арасындағы кезең кезеңімен жүретін процестердің жиынтығы.

Клетка бөлінуінің үш жолы бар: 1) митоз немесе курделі бөліну (сома немесе дене клеткалары); 2) амитозды немесе тікелей (қарапайымдардың) бөліну; 3) мейоз - күрделі (жыныс клеткаларының) бөліну.

Дене клеткаларының бөлінуі үш кезеңнен тұрады. Ядроның бөлінуі – кариокинез, цитоплазманың бөлінуі – цитокинез және бөлінуге дайындық кезеңі – интерфаза деп аталады. Интерфаза мен митоз клетка циклін құрайды. Интерфаза екі митоздық бөлінудің арасындағы кезең.

Интерфазаның өзі үш кезеңнен тұрады:

- 1) синтез алдындағы кезең (G_1 -джи бір);
- 2) синтез кезеңі (S);
- 3) синтезден кейінгі кезең (G_2 -джи екі).

Жаңа әдістерді пайдаланып, зерттеудің нәтижесінде интерфазаның осындай бөлімдерден тұратындығы анықталды.

1. *Синтез алдындағы кезең (G_1)*. Бұл кезеңде клетканың бөлінуіне қажетті әр түрлі заттар: нуклеотидтер, аминқышқылдары, ферменттер, АТФ молекуласы және т.б. заттар күшті қарқынмен жинақталады. Бұл аталған заттар жинақталып болғаннан кейін, іле-шала екінші кезең басталады.

2. *Синтез кезеңі (S)*. Бұл кезеңде ДНҚ молекуласы синтезделіп, олардың саны екі есе артады. Синтез кезеңінде ДНҚ-дан басқа РНҚ және нәруыз (белок)

молекуласы көп мөлшерде синтезделеді. Хромосомалар екі еселеніп, әрқайсысы екі бөліктен тұрады, оларды *хроматидалар* деп атайды.

3. *Синтезден кейінгі кезең* (G_2). Бұл кезеңде ДНҚ-ның мөлшері өзгермейді. Алайда РНҚ мен нәруыздың синтезделуі жалғаса береді. Энергия жинақталады да, ол энергия митоз процесіне жұмсалады. Қорыта айтқанда, интерфазада митоз процесіне қажетті заттар синтезделеді, соңдықтан болу керек интерфазаны *дайындық кезеңі* деп атайды. Сонымен интерфазада тұқым қуалаушылықпен тығыз байланысты мынадай процестер жүзеге асады: а) генетикалық материал өздігінен екі еселенеді; ә) екі еселенуге байланысты жаңа пайда болған ДНҚ молекуласы ескі ДНҚ молекуласының көшірмесіне айналады. Интерфаза кезеңде клетканы жарық микроскопымен қарағанда, хромосомалар анық көрінбейді, тек хроматинді тор түрінде көруге болады. Ал электрондық микроскоппен бақыласа, хроматин торларының хромосома жіпшелерінен пайда болғаны анық байқалады.

Интерфаза митозға қарағанда бірнеше есе ұзақ созылады.

2. Митоз. Митоз кезеңдері.

Митоз (кариокинез) – ядроның бөлінуі. Клетка ядронының бөліну процесі – митоз бірінен кейін бірі ретпен келіп отыратын бес фазадан тұрады:

1) профаза; 2) прометафаза; 3) метафаза; 4) анафаза; 5) телофаза.

Клетканың митозды жолмен бөлінуі көбеюдің маңызды бір жолы болып табылады. Митоз (грекше «mitos»-жіп), кариокинез (грекше «kagouon»-ядро және «kinesis»- өзгеріс, қозғалыс), яғни ядро жіпшелерінің бөліну ерекшеліктері деген мағынаны білдіреді.

Митоз кезеңдері: профаза, метафаза, анафаза, телофаза.

Профазада – хромосомалардың конденсациялануы, яғни ядрода жіңішке жіптер профазалық хромосомалар байқалады. Хромосомалар екі хроматидтерден тұрады. Хромосомалар жуандайды, ядроның жойылады. Ядро қабықшасы, ядро поралары жойылады. Гранулярлық ЭТ саны азаяды. Центриольдар қарама-қарсы полюстеріне ажырайды, олардың арасында цитоплазмадан центриольдармен қосысылып клетканың митоздық аппаратын құрайтын ахроматин ұршығының жіптері пайда болады. Профаза ядро қабықшасының ыдырауымен және кариоплазма мен цитоплазма араласуымен аяқталады.

Метафаза – кезеңінде бөліну ұршығы толықтай қалыптасады, хромосомалар клетка цитоплазмасында экваторда орналасады. Метафаза соңында хромосомалардың екі хроматидтен тұратыны анық байқалады.

Анафаза – кезеңінде гомологты хромосомалар клетканың қарама-қарсы полюстеріне тартыла бастайды. Митоздық жіпше ұзарып, клетка ұзарады. Анафаза митоздың ең қысқа кезеңі.

Телофазада – хроматидтер полюске жетеді, хроматидтер деспирализацияланады, хроматин түрінде болады. Митоздық жіпше жогалып, эндоплазмалық тордың жеке көпіршіктерінің біргуі нәтижесінде ядро мембранасы түзіледі. Жаңа ядролардың қайтадан құрылу процесі басталады. Ядроның ұйымдастырушының аймағынан ядроның түзіледі. Одан кейін

цитокинез немесе цитоплазманың бөлінуі жүреді. Органоидтар және клетканың қорлық заттары тең бөлінеді. Жаңадан түзілген екі жас клетка интерфаза кезеңіне өтеді. Бұл кезде ядро мен цитоплазма өседі, ДНК екі еселенеді, немесе хроматид редупликациясы жүзеге асады, хромосома түзіледі, митоздың жіпшे белоктарының синтезі және келесі бөлінуге қажет энергия жинақталады.

3. Митоз процесінің маңызы.

Митоз типтері: плевромитоз ең қарапайым түрі. Қарапайымда мен саңырауқұлақтарда кездеседі. Митоздың бұл типінде микротүтікшелердің үйымдастыруши орталық ретінде центриольдар қатыспайды. Ядро қабықшасының ішкі бетінде орналасқан басқа құрылымдар қатысады.

Ортомитоз кезінде микротүтікшелердің үйымдастыруши орталық цитоплазмада орналасады, жарты үршық емес, екі полюсті үршық қалыптасады.

Митоз процесі нәтижесінде аналық клеткадан екі жас клетка пайда болады және хромосомалар саны диплоидты болады. Митоз сомалық клеткаларға тән.

Патологиялық митоз мутацияның пайда болуына әкеледі. Көптеген аурулардың пайда болуы патологиялық митоздармен байланысты. Олар қатерлі ісік аурулары кезінде және вирустық инфекциялар кезінде жиі кездеседі. Митоздың аппараттың зақымдалуы немесе оның құрылымының толықтай бұзылуы метакинезде немесе анафазада барлық хромосомалар қозғалысының тоқтауына әкеліп соғады. Метафазада экваторлық пластинка түзілмейді және цитоплазмада хромосомалар ретсіз орналасады. Митоз патологиясының бір түрі колхициндік митоз (К митоз). Колхицин және де басқа химиялық улы заттардың әсерінен пайда болады.

Митоздың тұқым қуалаушылықтағы маңызы.

1. Митоздың бөліну - өсу процесінің маңызды кезеңі.
2. Аналық клеткадағы митоз барысында пайда болған генетикалық материал жас клеткаларға тең бөлінеді. Жас клеткалардағы генетикалық ақпарат аналық клеткадағы генетикалық ақпараттың көшірмесі болып табылады.
3. Бөлінгеннен кейінгі жас клеткалардағы хромосомалардың саны аналық клеткалардағы хромосомалар санына сәйкес келеді.
4. Егер митоз процесі зақымдалса, хромосомалар санында ауытқулар болады, яғни хромосома саны артады немесе кемиді. Ол клетканы үлкен өзгеріске ұшыратады. Мұндай жағдайда клетка тіршілігін жояды немесе мутацияға ұшырайды.

1. Мейоз процесінің маңызы.

Мейоз митоз процесінің ерекше формасы. Жыныстық жолмен көбейетін эукариоттарға тән. Ұрықтану кезінде гаметалардың ядролары міндетті түрде қосылады, нәтижесінде зиготада ДНК мен хромосомалар саны екі есе көбейеді. Мейоз процесі кезінде клеткалардағы хромосомалар саны екі есе азаяды. Мейоз типтері: зиготалық, гаметалық, аралық. Зиготалық типі ұрықтанғаннан кейін

зиготада басталады. Ол аскомицеттерге, базидиомицеттерге және т.б. тән. Гаметалық – гаметалардың пісіп-жетілу кезеңінде жүреді. Көпклеткалы жануарларда, қарапайымдардарда және төменгі сатылы өсімдіктерге тән.

Мейоздың биологиялық маңызы.

1. Конъюгация және айқасу барысында гендердің комбинациялануы жүреді. Ата-аналардың қасиеттері алмасып, жыныс клеткаларында тұқымқуалайтын өзгергіштік пайда болады.
2. Хромосомалардың комбинациялануының нәтижесінде тұқымқуалайтын өзгергіштік күшейіп, жаңа формалар қалыптасады. Мейоздың биологиялық мәні – хромосомалар саны екі есе азайып, гаплоидты хромосомалары бар гаметалар түзіледі.

2. Мейоздың бірінші және екінші бөлінуі.

Мейоз I және II деп аталатын екі клеткалық бөлінуден тұрады. Нәтижесінде хромосомалар саны гаплоидты төрт клетка түзіледі. Мейоз митоз сияқты бірнеше кезеңдерден тұрады. Профаза мейозда баяу жүреді. Бірінші кезең мейоздың бірінші бөлінуі немесе редукциялы бөліну, екінші кезең эквационды бөліну деп аталады. Мейоздың бірінші бөлінуінде хромосомалардың саны екі есе азаяды. Соңдықтан бұл редукциялы бөліну (редукция – екі есе азаю) деп аталады. Мейоздың екінші бөлінуі жыныс клеткаларының пайда болуымен аяқталады.

Редукциялық бөліну. Редукциялық бөліну митоз сияқты төрт фазадан тұрады: профаза, метафаза, анафаза және телофаза. Редукциялық бөлінудің профазасы өте курделі. Ол бірін-бірі толықтыра жүретін бірнеше сатыдан тұрады. Бірінші (I) мейоздың бөлінудің профазасы бес кезеңнен тұрады:

Жіңішке жіппелер сатысы (лептонема). Бұл сатыда хромосомалардың жіппелері екі еселеніп шумақ түзіледі. Электрондық микроскоппен қарағанда әрбір хромосоманың екі жіппеден тұратындығы байқалады. Бұл – хромосомалардың екі еселенуінің профазада жүретіндігінің дәлелі.

Косарланған жіппелер сатысы (зигонема). Бұл сатыда гомологты хромосомалар бір- біріне тартылып жақындасады. Хромосомалардың өзара жақындастырылған конъюгация (жабысу) деп атайды. Хромосомалардың конъюгациялануы оның үш жағына басталып, ортасына қарай ауысса, ал екінші бір хромосомада конъюгация процесі олардың ортасынан үштарына қарай ауысатындығы дәлелденді. Осыдан кейін хромосомалар ширатылып, өзіне тән пішіні мен мөлшеріне келеді. Демек, ол ұзынынан қысқарып, көлденеңінен жуандайды.

Жіппелердің бір-бірінен алыстау сатысы (диплонема). Бұл сатыда конъюгация барысына қарама-қарсы процесс жүреді, яғни жақындақсан хромосомалар бір-бірінен ажырайды. Ұқсас (гомологты) хромосомалар бір-бірінен алшақтағанда, X тәрізді фигуralар пайда болады, олар хиазмалар деп аталады. Хиазмалар кезінде ұқсас хромосомалар өздерінің үлескілерімен алмасады, мұны айқасу немесе кроссинговер деп атайды. Профазаның сонында хромосомалардың ұзындығы аздап қысқарып, көлденеңінен жуандай бастайды. Осы кезде хромосомалардың санын анықтап, пішіні туралы мағлұматтар алуға

болады. Соңынан хромосомалар кариоплазмаға ретсіз таралады, бұл – метафазаның басталғаның белгісі.

Метафаза. Профазаның соңы, метафазаның басында ядро қабықшасы еріп, ядрошықтар жойылады. Осы ядро қабықшасының еруіне байланысты кариоплазма мен цитоплазма араласып кетеді. Хроматидалар экватор жазықтығына жинақталады, соңынан оларды ферменттердің жәрдемімен ахроматин жіпшелері іліп алады. Осыдан кейін анафаза басталады.

I анафаза. Анафазада үқсас хромосомалар екі полюске қарай тартылады. Эрбір хромосома екі жіпшеден тұрады. Сондықтан анафазада қарама-қарсы полюске бүтін хромосомалар тартылады. Осыған орай пайда болған жас ядродары хромосома саны бастапқы аналық клеткадағы хромосома санына қарағанда екі есе азаяды. Хромосомалар санының осылай азаюын редукциялану деп атайды.

I телофаза. Телофазада тең бөлінген үқсас хромосомалар екі полюске жинақталады, ядро қабықшасы түзіліп, ядрошықтар синтезделеді. Клетканың заттары бұрынғы қалпына келеді. Сонымен бірінші телофазадан соң гаплоидты хромосома жиынтығы бар екі клетка түзіледі. Содан кейін іле-шала екінші телофаза жүріп, гаплоидты хромосомалары бар төрт гамета түзіледі. Ескеретін жағдай: бірінші телофазадан кейін ДНҚ екі еселенбейтіндіктен гаплоидты хромосома жиынтығы бар гаметалар пайда болады. Демек, мейоздық бөліну кезінде хромосомалардың саны екі есе азаятын болғандықтан, бірінші мейоздық бөліну редукциялық деп аталатындығын ескерген жөн.

Эквационды бөліну. Мейоздың эквационды бөліну барысы митоз процесіне үқсас болғандықтан оны қарастырмаймыз. Жыныстық жолмен көбеюдің эволюциялық дамудағы маңызы өте зор. Оның жыныссыз жолмен көбеюден негізгі артықшылығы: екі организмнің тұқым қуалау ақпараты қосылып, организм жаңарады. Осыған байланысты жаңараган организмнің сыртқы ортаға төзімділігі арта түседі.

Дәріс № 8 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Ген және генетикалық код.

Сабак жоспары:

1. Ақуыз биосинтезі.
2. Клеткадағы энергиялық қор.
3. Өсімдік клеткасындағы фотосинтез.

1. Ақуыз биосинтезі

1954 жылы Г.Гамов ДНҚ –ның құрылышы толық анықталғаннан кейін белоктағы амин қышқылдарының орналасу тәртібі ДНҚ-ның бір тізбегіндегі 4 түрлі нуклеотидтердің белгілі тәртіппен тізбектелу жолы арқылы белгіленеді. Амин қышқылына ДНҚ дағы 3 негізгі сәйкес келетінін кодон деп атады. Бір объектіні басқа объектілердің көмегімен бейнелеуді кодпен жазу деді. Белок

құрамына 20 түрлі амин қышқылы кіреді, сондықтан нуклеотидтік құрылышы бір-біріне ұқсамайтын 64 кодон алғынады. Біріншіден амин қышқылдарының әрқайсысына бірнеше кодон сәйкес келеді, екіншіден 3 кодон ешбір амин қышқылына сәйкес келмейді, олар мәнсіз (нонсенс) кодондар – УАА, УАГ, УГА ДНҚ –да АТТ; АТЦ; АЦТ сәйкес. ДНҚ-дағы гендер осындай мәнсіз кодондармен біtedі және соның нәтижесінде кодондармен жазылған белоктың аты тиянақты болып шығады. Амин қышқылына сәйкес келетін кодондар и-РНҚ тізбегі үшін анықталды. Бұдан ДНҚ-дағы сәйкес кодондарды табу әрине өте оңай. Код триплетті (үштік) яғни бір амин қышқылы кодон деп аталатын 3 негізбен анықталады.

Ақуыз биосинтезінің маңызы. Ақуыз ағзадағы биохимиялық процестерді іске асырады, яғни ақуыздың ағза үшін маңызы өмірлік. Ақуыз молекулаларын синтездеу үшін рибосома (акуыз бен рибосомалық РНҚ-дан тұрады), тасымалдаушы РНҚ, аминқышқылдары және әр түрлі ферменттер қатысады. Әр түрдің ақуызы үлкен айырмашылықтары бойынша ажыратылады. Ендеше, әр түрдің клеткалары өз ақуызын ғана синтездеп, ұрпақтан-ұрпаққа тұқым қуалау арқылы беріліп отырады. Егер әр түрлі факторлардың әсерінен ақуыз молекулалары бұзылса, оның орнын бағалы (молекуласының құрылымы бірдей) жаңа ақуыз молекуласы басады. Жаңа ақуыз молекуласының синтезі биологиялық синтез реакциясы арқылы орындалады.

Матрицалық (қалыптық) синтез реакциялары. "Матрица"— техникалық термин. Тірі клеткадағы ақуыздың молекуласының синтезі қалыптық принципке негізделген. Ақуыз синтезінде матрицаның рөлін нуклеин қышқылдары атқарады. Бұл реакцияларда синтезделетін полимерлердегі мономерлер бунақтары асқан дәл жүйелікте қамтамасыз етіледі. Бұл молекулалардың синтезі қалыптық принцип негізінде жылдам және өте дәлдікпен жүреді.

Клеткадағы қалыптың рөлін ДНҚ мен РНҚ-ның макромолекулалары атқарады дедік. Ендеше, полимер синтездейтін нуклеотидтер мен аминқышқылдары құрамдас бөлік негізіне сәйкес орналасады да, сонынан мономер бунақтары полимер тізбегіне жалғасып, қалыптан дайын полимер түрінде шығып қалады. Осыдан кейін қалып полимерлердің жаңа молекулаларын синтездеуге дайын тұрады. Полимер молекуласын синтездеуде қалыптың (матрицаның) механизмін трансляция әрекетінен айқын көруге болады.

Трансляция. Трансляция (латынша. "*трансляцио* — көшіру, аудару) деген мағынаны білдіреді. Синтезделуге тиісті ақуыз молекуласының құрылымы туралы информацияны ядрода тұрған ДНҚ-молекуласы ген түрінде беретіндігі белгілі. Ал, ол информация ядроның ішіндегі артық нуклеотидтердің есебінен информасома денешігі түрінде синтезделіп, эндоплазмалық тордың үстіндегі рибосома органоидына келеді. Осыдан кейін іле-шала синтездеу реакциясы басталады.

Әрбір аминқышқылын рибосомаға оған сәйкес келетін т-РНҚ тасиды. Бұл ақуыз биосинтезінің бірінші сатысы болып табылады. Әр аминқышқылы бір-

бірінен молекулалар құрылымының өзгешелігімен ерекшеленеді. Осындай айырмашылықтар т-RНҚ молекулаларының арасында да болады. Белгілі фермент өзіне тән т-RНҚ-ны анықтап, оны аминқышқылымен байланыстырады. Содан кейін т-RНҚ жабыстырып алған аминқышқылын рибосомаға жеткізеді. Бұл жерде т-RНҚ аминқышқылын өзінің үшеріміне сәйкес келгенге дейін ұстап тұрады да, артынан полипептидке қосады. т-RНҚ молекуласының бір бөлігі аминқышқылымен, ал кодеге қарсы жағы (антикоде) сол аминқышқылын анықтайтын и-RНҚ-мен қосылады. Осымен ақуыз синтезінің екінші сатысы аяқталады. т-RНҚ өзінің аминқышқылымен бірге и-RНҚ — рибосома жиынтығымен қосылғаннан кейін оның анти-кодені и-RНҚ-ның кодесіне сәйкес т-RНҚ-ға тіркеледі. Одан кейін т-RНҚ аминқышқылдарын ферменттің жәрдемімен рибосома бетінде бір-біріне жалғайды. Сонынан метионның т-RНҚ-сы рибосомадан шығып, метиониннің жаңа молекуласымен қосылуға кетеді. Осы кезде рибосома и-RНҚ-ның бойымен қозғалады және екінші т-RНҚ қосылған аминқышқылымен рибосомада біріншісінің орнын басады. Рибосомада үшінші коде пайда болады, оған сәйкес атикодесі бар т-RНҚ аминқышқылымен қосылады. Осы әрекет и-RНҚ аялдау белгісіне жеткенге дейін жүреді. Бұл ақуыз синтезінің үшінші сатысы болып есептеледі.

и-RНҚ-ның молекуласы бірнеше полипептидтің тізбегін синтездейді және өздері бірнеше рет трансляцияланады.

и-RНҚ-ға бір мезгілде бірнеше, кейде жұзден астам рибосома бекітіліп, оның бойымен тасымалданады. и-RНҚ молекуласының ұзындығы алдын ала жоспарланған ақуыз молекуласына байланысты. Рибосома и-RНҚ-ның сол жақ ұшынан кіріспі, онға қарай жылжыған сайын бірінің орнын бірі баса береді. Рибосома и-RНҚ-ның оң жақ ұшына жеткенде ақуыз синтезі аяқталады.

Ақуыз синтезі аяқталғаннан кейін, ақуыз и-RНҚ-дан тасымалданып эндоплазмалық тордың шұрығына тұседі. Одан эндоплазмалық тордың шұрығы арқылы ақуыз молекуласы жарғақшаның қажетті жеріне жеткізіледі.

2. Клеткаға энергиялық қор.

Клетка өз тіршілігіне қажетті қоректік заттарды қан тамырлары арқылы келетін қанның құрамынан алады. Клетка өзінің тіршілігіне қажетті энергияны күрделі органикалық заттардың ыдырап, қарапайым қосылғыларға айналуы арқылы алады. Энергия түзілу үшін оттегінің қосылуы қажет. Мұндай оттегі тынысалу мүшелеріндегі қан тамырлары арқылы клеткаға жеткіліледі.

Зат алмасудың негзгі қызметтерінің бірі – клетканы энергиямен қамтамасыз ету.

Ідірау реакциясы кезінде бөлініп шыққан энергия, заттарды белсенді тасымалдауға, бұлшық еттің жұмысына және клетканың бөлінуіне, тіршілік әрекеттеріне жұмсалады. Клетка сыртқы ортадан келген энергиясы мол органикалық заттардың ыдырауы нәтижесінде босап шығаратын химиялық реакциялардың энергиясын пайдалануы. Бұл энергия энергияның басқа түріне айналады. Энергияның өзгеруі термодинамиканың зандарымен сипатталады.

3. Осімдік клеткасындағы фотосинтез.

Пластикалық алмасу сипатына сәйкес табиғаттағы барлық клеткалар 2 топқа бөлінеді.

Фотосинтез – күн сәулесі энергиясын химиялық байланыстар энергиясына айналдыратын курделі механизмді әрекет. Фотосинтез кезінде өсімдік клеткалары күн сәулесі энергиясын пайдаланып бейорганикалық заттардан органикалық заттарды синтездей алады, ондай клеткаларды автотрофты деп атайды.

Клетканың 2-ші тобы бейорганикалық заттардан органикалық заттарды синтездей алмайды да, энергиясы мол органикалық қосылыстарды дайын күйінде қабылданады. Бұлар гетеротрофты клеткалар. Гетеротрофтарға бүкіл клетканың, адамның, көптеген микроағзалардың клеткалары жатады.

Фотосинтез көпсатылы курделі әрекет. Күн сәулесі энергиясын химиялық байланыс энергиясына айналдырада басы рольді хлоропластар атқарады.

Биологиядағы барлық органоидтар сияқты хлороплазманың құрамы оның қызметіне сай курделі болады. Хлорофилл көк, қызыл түсті сәулелерді жұтып, жасылды шағылыстырады. Ол сәуле хлоропласт клеткаларын жасыл етіп көрсетеді.

Хлоропластарда хлорофиллден басқа сары, қоңыр, қызғылт-сары түсті каротиноидтар болады. Фотосинтез әрекеті негізінде АДФ-тің ағзаларда атқаратын ролі зор. АДФ –ағзалар деп АТФ синтезіне H^+ - қоймасындағы энергияны пайдаланылатын ферменттер. Олар фотосинтездің қабықшаның сыртқы жағына жиналатындығын көруге болады. Клетканың қимылдануына, ондағы жана ақуыз молекуланың синтезденуі мен тасымалдануы, артық заттардың шығарылуына, яғни зат айналасының үздіксіз жүріп тұруына осы АТФ-тің энергиясы жұмсалады. Фотосинтез кезінде өсімдіктер күн энергиясын органикалық заттардың молекуласында сақтайды. Ал тыныс алған қоректік заттардың молекуласы ыдырап, ондағы энергия босап шығады. Митохондриялар мен хлоропластардың қазіргі қызметі – сутегі арқылы H^+ қоймасын толтырады. Ондай қызмет атқару үшін хлоропласт энергиясы күн сәулесінен, ал митохондриялар қоректік заттардан алады.

Дәріс № 9 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Эмбриология ғылымы.

Сабак жоспары:

1. Эмбриология негіздері және дамуы.
2. Ағзалардың көбею типтері.
3. Тұқымды өсімдіктердегі қос ұрықтану.

1. Эмбриология негіздері және дамуы.

Эмбриология (гректің embryo — ұрық, logos — ғылым) ұрықтың дамуын зерттейтін ғылым. Ұрықтық, немесе эмбриондық, даму организмнің жеке дамуының бастапқы кезеңін қамтиды. Эмбриология дамудың ұрықтық (эмбриондық) кезеңін зерттеумен шектелмейді, сонымен бірге жеке дамудың алдыңғы, ұрық алды (про-эмбриондық), ұрықтан кейінгі (постэмбриондық)

және туғаннан кейінгі (постнатальдық) кезеңдерді де қамтиды. Сонымен, эмбриология организмнің жеке дамуын зерттеумен шұғылданатын ғылым.

Эмбриологияның негізгі зерттеу әдістері тірілей байқау, дамушы ұрықты микрокиноға түсіру, ұрықты кескілеп арнаулы бояулармен бояу, электрондық микроскопия, ауторадиография әдістері. Сонымен, эмбриология түрлі әдістердің қолдана отырып дамушы организмді молекулалық, клеткалық деңгейлерде де зерттейді.

Эмбриология цитологиямен, генетикамен, гистологиямен, биохимиямен, басқа да биологиялық пәндермен тығыз байланысты.

Даму Көне Грекия ғалымдары (Эмпвдокл, Анаксагор, Демокрит, Плутарх т.б.) жануарлардың жаралуы мен эмбриондық даму фактілерін түсіндіруге әрекет істеген. Маңызды эмбриологиялық ұғымдардың қалыптасуын Гиппократ (біздің әрамызға дейінгі IУ ғасыр) пен Аристотельдің (біздің әрамызға дейінгі 384-322 жылдар) есімдерімен байланыстырады. Аристотельдің эмбриология жөніндегі негізгі еңбегі «Жануарлардың пайда болуы туралы» деп аталады.

Эмбриондық дамуды жүйелі зерттеу микроскоп шыққаннан кейін XYII ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Италиялық эмбриолог Джироламо Фабриций (1537-1619) адамның және түрлі жануарлардың - қоянның, теңіз шошқасының, иттің, мысықтың, қойдың, шошқаның, жылқының, сиырдың, акуланың, рептилийдердің, құстардың т. б. ұрықтарын зерттеген.

Левенгук пен Гам жануарлар шәуетіндегі (спермасындағы) сперматозоидтарды көрген. Түрлі проблемалармен көп шұғылданған Марчелло Мальпиги (1628-1694) «Жұмыртқаны құстарын басуы» және «Жұмыртқадағы балапанның пайда болуы туралы» деген екі трактатың жариялаған.

XYIII және XIX ғасырдың басындағы дамудың негізгі теориясы преформация теориясы еді. Бұл теорияны қалыптастырған өз дәуірінің ірі физиологы Галлер (1708-1777) болған. Преформистердің түсініктері бойынша ұрық ересек организмнің көшірмесі және болашақ ұрпақтың ұрықтары. Преформизмді қуаттаушылар Джузеппе Ароматри, Сваммердам, Левенгук, Бонне, Галлер т.б. Преформизмге қарсы көзқарас - эпигенетика. Эпигенез (гректің ері - соңғы, genesis - шығу тегі) теориясын бірінші болып Аристотель қалыптастырған, бірақ ол идеалистік мән берген Эпигенетиканы жақтаушылар Декарт, Мопертюн, Антуан Мэтр-Жан, Джон Нидхэм. Эпигенетикалық көзқарастың механикалық түсіндірмесін XYII ғасырда Декарт қалыптастырған.

К.Ф.Вольфтың «Даму теориясы» (1759 ж.) жұмысының маңызы ерекше. К.Ф.Вольфтың зерттеулерін онан әрі жалғастырғандар Х.И.Пандер мен К.М.Бэр. Пандер тауық ұрығының екі қабаттан: сыртқы - серозалық, ішкі - кілегей қабаттан тұратынын, кейін бұл қабаттарға тамырлы қабаттың қосылатынын анықтады.

Қазіргі эмбриологияның негізін қалаушы К.М.Бэр. Сүтқоректілер мен тауық ұрықтарының дамуын егжей-тегжейлі зерттеудің нәтижесінде жазған «Жануарлар дамуының тарихы» деген 1828 ж. шыққан еңбегі әлемге белгілі. К.М.Бэр «ұрықтың ұқсастық» жөніндегі ілімді шығарған. Ол екі алғашқы

жапырақшаларды – анимальдық және вегетативтік жапырақшаларды, ажыратқан.

Эволюциялық эмбриологияның негізін қалағандар А.О.Ковалевский мен И.И.Мечников. Жануарлардың барлық типтерінің эктодермасын, энтодермасын және мезодермасын байқаған А.О.Ковалевский, ал бұл терминдерді енгізген Э.Геккель. А.Н.Северцовтың қосқан үлесі зор, ол филоэмбриогенез теориясын қалыптастырған. Г.А.Шмидт омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың эмбриондық дамуын зерттеп эмбриологияның дамуына елеулі үлес қосқандардың бірі. Қазақстан эмбриологтары профессорлар И.Чагиров пен К.Баймұханбетовтың және т.т. эмбриология ғылымына қосқан еңбектері аз емес.

2. Ағзалардан көбею типтері

Организмнің онтогенезін немесе жеке дамуын бір бірімен тығыз байланысты, бірақ дербес дәуірлерді атап көрсетуге болады.

Омыртқалылардың дамуында (онтогенезінде) төмендегі 5 дәуірді көреміз:

1. эмбриональді (ұрықтық);
2. дернәсілдік;
3. метаморфоз;
4. ювенильді (жыныстық жақтан пісіп жетілу дәуірі);
5. көбею дәуірі;

Бұл кезеңдер бір-бірінен жақсы ажыралып, омыртқалы жануарлардың дамуының барлық топтарында қайталанып отырады.

Эмбриональдық кезең. Бұл жұмыртқалаушы сұтқоректілерде ұрықтану уақытынан ұрықтың жұмыртқа қабықтарынан шықтарынан шыққанға (ажыралғанға) дейінгі немесе ана организмнің құрсағынан тірілей туылғанға дейінгі қамтиды.

Дернәсілдік кезең. Бұл дәуір омыртқасыздардың дамуының көпшілігінде және кейбір омыртқалыларда (миногалар сүйекті балықтардың, қосмекенділердің көпшілігінде) кездеседі. Себебі олардың жұмыртқасындағы кенеулі заттардың қоры морфогенезді аяқтау үшін жеткіліксіз. Жартылай эмбрионға қоршаған ортада дербес жасау үшін ана организмнен қалған «мұра» өте аз. Сондықтан жұмыртқа қабықтарынан ажырап шыққан дернәсілдердің қалыптасуы біржолада аяқталмағандықтан дербес тіршілік етуге қабілетті. Сондықтан дернәсілді кейде еркін тіршілік ететін ұрық деп атайды.

Метоморфоз – бұл дернәсілдің толықтай жетіліспеген дарага айналуы. Мұнда арнаулы гормондардың әсерінде дараның бүкіл құрылышында өзгерістер байқалады. Уақытша органдардың ыдырауы, органдардың қайтадан қалыптасуы, ортаниң ақырғы қалыптасуындағы өзгерістер байкалады. Егер бұл өзгерестер біртінде орын алса, метоморфоз эволюциялық деп аталады. Егер органдардың қайта құрылымы шектен тыс қарқынды өтсе, метоморфоз катастрофалық деп аталады. Егер метоморфоз кезінде дene құрылымдарының бір қатары түгелдей жасалса, онда

метоморфоз некробиотикалық деп аталады. Адамның эмбриональдық дамуының 4 аптасында қүйрықтың жоғалуы бас бармақ пен сұқ саусақ арасындағы клетканың репрессиясы.

Ювинильдік дәуір. Бұл кезең метоморфоздың аяқталуы мен жыныстық жақтан жетілуі уақытына сай келеді. Тікелей дамитын жануарларда ювинильдік кезеңнің басы уақыттың жұмыртқадан сыртқа шығуы немесе төлдің туылу уақыты есептеледі. әртүрлі жануарлардың жас даралары жетілісу дәрежелері бойынша (жұмыртқадан шығу немесе туылу уақытында) бір– бірінен айырмашылық қалады. Қальалыларға туылған анасының құрсақ жағындағы тері қатпарда – қалтада жетіледі. Ювинильдік кезеңнің аяқталуы жыныстық жақтан жетілісу мен көбею кезеңнің басталуына сай келеді.

Көбею дәуірі (кезеңі). Бұл кезеңнің ұзақтығы мен ерекшелігі тұтастай түрдің көбеюінің биологиясымен анықталады. Омыртқалардың көшпілігінде көбею ерте, өмірінің 1-2 жылында басталады (үй тышқаны, егеуқұйрық, хомяктар 5-8 апталық кезінде) және кезең олардың өнімімен аяқталады.

Омыртқалылар арасында 2 түрлі топ бар. Өмірінің ішінде бір рет көбейетіндер (дөңгелек ауыздылардан жылға миногасы; балықтардан европалық угорь, қиыр шығыстың аибырттар) және көп рет көбейетіндер. Бұларда туылған сан мөлшері көп төлдердің сан мөлшері дene түркы үлкен маңызға ие. Егер олардың дene түркы үлкен болса, түрдің дараларының өмір ұзақтығы қысқа болады.

Тікелей даму жануарлар дүниесінде кең таралған. Омыртқасыздың арасынан ал ішекқуыстыларда, кематодтарда, боаяқты малюскаларда, омыртқалылардың көшпілігінде, кейбір балықтарда, қосмекенділерде, жорғалаушылада, құстарда, сұткоректілерде.

Дернәсілдік дамуға тән белгілер:

1. эмбриональдік кезеңнің қысқа болуы;
2. өсіп жатқан дернәсіл анасына ұқсамайды. Олардың арнаулы дернәсілдік органдарды болады.
3. дернәсіл дербес тіршілік етуге қабілетті.
4. жұмыртқаларды қоректік заттың қоры аз.
5. дернәсілдік кезеңнің ұзақтығы әр алуан. Қоректік заттар жұмыртқада аз болса, эмбрионалдық даму қысқа және керісінше.
6. дернәсілдің ересек дараға айналуы оның ұлпаларының, дернәсілдік мүшелерінің ыдырап, қайтадан түзілу процесімен орындалады.

Егер осы өзгерістер тұрақты сипатқа ие болса, метоморфоз эволюциялық немесе шала түрленіп даму деп аталады. Жұмыртқадан шыққан дернәсіл шала түрленіп дамуда өте ертедегі тегін еске түсіреді.(губкалар, ішекқуыстылар, кірпікшіл құрттар, малюскалар, кейбір бунақденелілер, дөңгелек ауыздылар, қостынысты, сүйекті балықтар, қосмекенділер).

Қайта құрылым қарқынды өтсе, онда метоморфоз катастрофалық немесе түрленіп даму деп аталады. (губкалар, тікентерілер, гидроидтар, бунақденелілер, дөңгелек ауыздылар, қостынысты, сүйекті балықтар, қосмекенділер).

Метоморфоз бірқатар құрылымның жоғалуы мен орындалатын болса, ол некробиотикалық деп аталады.

Адамда құні бұрын белгіленіп қойған ұлпаның регgresиясына адамның эмбрионалды дамуының 4-ші аптасында құйрығының жоғалуы. Сондай-ақ бас бармақ пен сұқ саусақ арасындағы клетканың жоғалуы.

Толық түрленіп даму көбіне қарапайым жануарларға тән.

Tірі ағзалардың түрлерін сақтап қалуы үшін көбею қажет. Көбею процестерінің екі негізгі

типі бар: жынысты және жыныссыз (вегетативті-тірілу, өсу).

Жыныссыз көбею бөліну, бүршіктену, фрагментация және споротузу арқылы жүзеге асады. Бір клеткалы жануарлар (бактерия амитоз жолымен) жыныссыз көбею кезінде екіге бөлініп, жаңа ағзаларға айналады. Бүршіктену қасиеттері -бір клеткалы және көп клеткалылар ашытқы саңырауқұлақтары, гидра, фрагментация – ата- анасының денесі (жалпақ құрттар) бөлшектерге ыдырау нәтижесінде жаңа ағзалардың пайда болуы. Спора арқылы өсімдіктер мен жануарлардың қолайсыз жағдайларда түрлерін сақтап қалатын түрлері жатады.

Жынысты көбею жыныс клеткаларының қосылуы нәтижесінде жүзеге асады. Кейбір ағзалар жынысты көбеюмен қатар жыныссыз көбею (ішекқуыстылар) қатарласа жүреді. Кейбіреулері арнайы қосылу орындары- екі клетканың копуляциясы (қарапайымдар) немесе уақытша екі клетканың әрекеттесуім (инфузория) конъюгациясы (қосылу) жүреді. М: инфузориялар ауыз қуыстықтары арқылы бір-бірімен ядро бөлшектерін алмастырады Кейбір ағзалар гермафродитизм омыртқасыздарға (ішекқуыстылар, құрттар, моллюскалар, устрица) байқалады, яғни бір особьта аналық та, аталақ жыныс клеткаларының болуы. Жынысты дамудың ерекше түрі болып партеногенез өсімдіктер (бақбақ) мен жануарларға (кейбір моллюскалар, тәменгі шаянтәрізділерге, балықтарға, құстарға) тән. Партеногездің табиғи (ұрықтанбаған жұмыртқадан ағзаның дамуы) және факультативті (ұрықтан және ұрықтанбаған жұмыртқадан ағзаның дамуы) болып бөлінеді. М: ұрықтанған жұмыртқадан ара мен аналығы, ал ұрықтанбағаннан трутеньдер дамиды. Ұрықтанбаған жұмыртқаны жасанды жолмен механикалық және химиялық стимуляцияларды қолданып жүзеге асыруға болады. Оны жасанды партеногенез деп атайды.

3.Тұқымды өсімдіктердегі қос ұрықтану

Жабық тұқымды өсімдіктерде ұрық қалтасының ішінде бірден екі клетканың ұрықтануын қосарынан ұрықтану деп атайды. 1898 жылы орыс ғалымы С.Г. Навашин ашты.

Қосарынан ұрықтану нәтижесінде ұрықтанған аналық жұмыртқа клеткасынан зигота түзіледі де, одан ұрық пайда болады.

Орталық клеткадағы екі полярлық ядроға спермияның ядросы қосылып, триплоидты эндосперм түзіледі.

Тұқым бүрі тұқымға айналады, жатын жеміске айналады.

Гүлді өсімдіктердің тұқымы жемістің ішінде жетіледі. Сондықтан бұл өсімдіктерді жабық тұқымдылар деп атайды.

Жабық тұқымды өсімдіктерде гүл көбею мүшесі болып табылады. Тек жабық тұқымды өсімдіктерде ғана гүлдер түзіледі.

Осы гүлдерде аталықтар мен аналықтар жетіледі. Аналықтың жатында тұқым бүршіктері орналасқан. Жабық тұқымының гүлдерінің бір-бірінен мөлшері, пішіні түсі және құрылышы жағынан айырмасы болады. Бір жабық тұқымының гүлдері жеммен тозанданады.

Қандай жолмен тозандануға қарамастан тозың түйірлері аналықтың аузына келіп түседі. Осы жерде олар өніп, тозаң түтіктегін түзеді. Тозаң түтіктегі арқылы аталық жыныс клеткалар тұқым түйіршігіне өтуі. Осы жерде тозаң түтігіндегі екі аталық жыныс клеткасының бірі жұмыртқа клеткасын ұрықтандырады. Ал 2-ші аталық жыныс клеткасы тұқым бүршігінің ең үлкен орталық клеткасымен қосылады. Ұрықтанудың тек гүлді өсімдіктерге тән мұндай түрін қосарланып ұрықтану деп атайды. Ұрықтанған клеткадан ұрық пайда болады.

Орталық клетка 2-ші аталық жыныс клеткасымен қосылып, ұлғайып эндосперм түзеді. Онда ұрыққа қажетті қор заттары жиналады. Тұқым бүршіктерінен тұқым, ал жатынның қабырғаларынан жеміс қап түзіледі.

Гүлді өсімдіктердің маңызды ерекшелігі – қосарлы ұрықтану.

Спорофитті гүлдер ішінде болады, ал оларда микро және мегаспоралар жетіледі. Споралары спорангилерінің ішінде өсіп гаметофиттерге айналады. Аталық гаметофит – тозаң, екі клеткадан, ал аналық гаметофит – ұрық қабы, сегіз клеткадан тұрады. Жинастық процестің нәтижесінде тұқым түрінен дән, ал гүл түйінінен (жатыннан) және гүлдің басқада бөлкітерінен жеміс пайда болады.

Дәріс № 10 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Гаметогенез.

Сабак жоспары:

1. Ұрықтану.
2. Эмбриогенез.
3. Гаструляция.
4. Нейруляция.

1. Ұрықтану.

Жыныс клеткасының дамуы немесе гаметогенез, ал клетканың пайда болу уақытынан бастап, олардың ұрықтану қабілетіне ие болғанға дейінгі дәуірді қамтиды. Бастапқы клеткаларды алғашқы жыныс клеткалары деп атайды.

Сперматогенез нәтижесінде ♂ гаметалар (сперматозоидтар немесе спермиялар), оogenез нәтижесінде ♀ гаметалар (жұмыртқа клеткалары) түзіледі.

Сперматогенездің 4 кезеңін байқауға болады: көбею кезеңі, өсу, пісіп-жетілу, саралану (жіктелу) кезеңдері.

Көбею кезеңінде митоздық бөліну орындалады. Өсу кезеңінде митоздық бөліну орындалады. Өсу кезеңінде клетканың түркы үлкейеді. Пісіп-жетілу кезеңі мейоздың I-ші, II-ші бөлінуін және жетіліскен гаметалардың түзілуі клетканың жіктелуін өз ішіне қамтиды.

Адамдағы сперматогенез адамның жыныстық жағынан (16-17 жас) пісіп-жетіліскен шағынан өмірінің соңына дейін қамтиды. Жыныстық жетілусу дәуірі басталғанға дейін жыныс клеткалары өте қарапайым болады. Олар тұқым безінің ерекше бір өзектерде орналасып, толық дамымаған көмекші клеткамен қоршалып, қапталып тұрады.

Жыныстық жақтан пісіп-жетілуде жыныс клеткалары қарқынды түрде көбейеді. Сөйтіп сперматогонияға айналады. Бұлар салыстырмалы түрде өте ұсақ клеткалар. Тұқым безі өзектерінің жиектерінде орналасқан. Көбею кезеңінен соң сперматогониялар өсу кезеңіне өтіп, I-ші реттік сперматоцитке айналады немесе оларды алғашқы сперматоциттер деп атайды. Олардың түркы үлкен болады. Алғашқы сперматоцит пісіп-жетілу кезеңіне өтіп, II-ші реттік 2 сперматоциттерге бөлінеді. 2 рет бөлінудің нәтижесінде гаплоидты жыныс клеткалар сперматидтер түзіледі. Олар I-ші реттік сперматоциттен кіші болады.

Осы клетканың ішінде құрделі қайт құру процесі жүреді. Нәтижесінде спермиялар – сперматозоидтар деп атайды. Спермиялардың ұрықтануда орындағының қызметтері:

Болашақ организмге ♂ гендерді береді, ерекше қозғалыс аппаратының көмегімен жұмыртқа клеткасымен аездесуді қамтамасыз етеді.

Гиолуронидаза көмегімен жұмыртқа клеткасына барып жанасатын аймақты тазалайды.

Спермиялардың құрылышы бір типте: бас, мойын, аралық бөлім, құйрықтың алдынғы бөлімі (талшық), талшықтың ақырғы бөлімі.

Іштеп ұрықтанатын жануарларда спермияның басы ассиметриялы болады. Ол қозғалыстың тікелей жүруімен байланысты.

Бас бөлімінің алдынғы жағы – акросома. Оның сыртында қабығы болады. Акросома гиалуронидаза ферментіне байланысты. Соның әсерімен мукополисахорид жұмыртқаны орап жатқан фоликулярлық клеткаларды ыдыратады. Сөйтіп спермиялар жұмыртқа клеткасымен жанасып, байланыс түзеді.

Оogenез 3 фазаны бастап өткізеді: көбею, өсу және пісіп-жетілу кезеңі.

Оogenезде көбею кезеңі құрсақтағы ұрықта өтіп, оның туылуы кезінде аяқталады. Одан әрі жыныс клеткасының сан мөлшерінің көбеюі байқалмайды. Сондықтан көбею кезеңі жыныстық жақтан кетілуден көп бұрын аяқталады. Көбейіп жатқан жыныс аналық клеткасы оогониялар, салыстырмалы түрде ұсақ, цитоплазмасы кедей, оогониялар ұсақ, фолликулаларымен сыртынан қоршалған. Өсу фазасы адамның оogenез процесінде эмбрионалдық дамудың 3-ші айында өтеді. Өсу фазасындағы

клеткалар I-ші реттік ооциттер немесе алғашқы ооциттер деп аталады. Олар мейозға дайындалады. Кенеулі затарды жинайды. Пісіп-жетілу фазасы жұмыртқаның жұмыртқа клеткасынан шыққаннан кейін өтеді, кей жағдайда жұмыртқа клеткасынан спермиялар енеді.

I реттік ооциттерден пісіп-жетілу процесінде ірі II реттік ооцит немесе 2-ші ооцит түзіледі және поляр денешігі болады.

2-ші реттік ооцит келесі бөліну процесінде ірі жұмыртқалы клеткасына және 2-ші полярлы дене 2 кішкене гаплоидты клеткаларға бөлінеді. Барлық 3 полярлы денелер өнеді. Мейоздың 2-ші бөлінуі 2-ші реттік ооцит спермияларменен қосылған кезде ғана өтеді.

Ұрықтану – дегеніміз ♂-♀ гаметаның қосылу процесінде түзілетін зигота. Ол жаңа организм болып есептеледі. Ұрықтанудың мәні сперматозоидтың ядросы мен жұмыртқа клеткасы ядросының қосылуында. Осының нәтижесінде хромосомалардың саны қайтадан диплоидты болады, олардың гомологтық жұптары қалпына келеді.

Ұрықтанғаннан қейін жұмыртқа клеткасының бөлшектенуі басталады.

Сонымен ұрықтану жаңа организмге тұқым қуалау касиеттерін тасымалдайтын шешуші кезең.

2. Эмбриогенезде ұрықтың дамуының алғашқы кезеңі – бөлшектену басталады.

Жұмыртқа клеткасының түрлері

1. Сарыуыздың мөлшері бойынша:

а) алецитальды–сарыуызыз. Мұндай сүтқоректілерді, жалпақ құрттарда кездеседі.

б) олиголецитальды–сарыуыз аз – бұлар қандауырша мен тікектерілілерде кездеседі.

в) мезолецитальды – орташа сарыуызды жұмыртқа клеткасы. Қосмекенділерде, бекіре тұқымдас балықтарында, миногаларда кездеседі.

г) полилецитальды – сарыуызы көп жұмыртқа клеткасы. Бұлар құстарда, молюскаларда, жорғалаушыларда және кейбір балықтарда.

2. Сарыуыздың орналасуы бойынша:

а) 2-ші реттік изолецитальды және изолецитальды–сарыуыздың тендей орналасуы;

б) центролецитальды – сарыуызы ортада орналасқан;

в) телолецитальды – сарыуыз жұмыртқа клеткасының жиектерінде орналасқан.

Жұмыртқа клеткасының құрылышында полярлық байқалады. Жұмыртқа клеткасының сарыуызы аз, ядро бөлігі жұмыртқа клеткасы анимальді полюсі деп аталады. Жұмыртқа клеткасының сарыуызы тығыз көп болып орналасқан бөлігі вегетативті полюс деп аталады. Осы 2 полюсті тұтастырып тұрган сзықты анимальді-вегетативті білік деп атайды.

Бөлінудің типтері. Толық және толық емес бөлшектену:

Толықтай бөлінетін жұмыртқа клеткаларына голобластикалық бөлшектену тән. Жұмыртқа клеткалары толықтай бөлінбесе, меробластикалық бөлшектенуге жатады.

Толық бөлшектенуде толық біркелкі бөлшектену және толық әркелкі бөлшектену ажыралады. Біркелкі бөлшектенуде барлық клеткалар – бластомерлердің түркы бірдей болады. Ал әркелкі бөлшектенуде анималь полюстегі клеткалар вегетатив полюстегі клеткалар ұсақ болады.

Толық емес бөлшектену – беткі (ішінде бөлшектенбеген сарыуыз қалып қояды және дискойдалыді(анималь белдеудегі дискі ғана) бөлшектенеді).

Бөлшектену типтерінің бағыттар бойынша ажыратылуы:

1. Радиальды (сәулелі) – бластомерлердің жоғарғы қатары төменгі қатарының үстінде дәлме-дәл орналасады.
2. Спиральды (оралма) – бластомерлердің жоғарғы қатары төменгі қатардағы бластомерлердің аралығына сәйкес келеді.
3. Билатеральды – бластомерлер алғашқы клетканың бүйірінде орналасады. Бөлшектену процесінде көп клеткалары, бір қабатты ұрық **бластула** пайда болады

Бластуланың типтері:

1. Толықтай біркелкі бөлшектенуде целобластула түзіледі. Пішіні шар тәрізді, ішінде бластоцель (денениң алғашқы қуыстығы) орналасады. Бластуланың қабаты бластодерма деп аталады. Бұлар қандауыршаға тән.

2. Амфибластула – қосмекенділерде болады. Мұнда бластоцель анималь полюске ауысқан. Вегетативті полюстің клеткалары анималь полюстің клеткаларынан ірі болып келеді.

3. Дискоblastула – толық емес дискоидальды бөлшектенудің нәтижесінде пайда болады. Мұнда ұрықтың дискі анималь полюсте орналасқан. Ал вегетативтік полюсте бөлшектенбеген сарыуыз қалып қояды. Бластоцель анималь полюске қарай орын ауыстырған және өте бір саңылау түрінде бейнеленген. (құстар мен жорғалаушыларға тән.)

4. Стеробластула – түркы тең бірнеше ірі бластомерлер түзіледі. Бластоцель бластуланың ішінде жіңішке саңылау түрінде бейнеленеді.

5. Перибластула – бұл бластула толық емес беткі бөлшектенуге тән. Бұл бластула кейбір бунақденелілерде кездеседі.

6. Плакула – бұл бөлшектенген тақташаны еске түсіреді. Кейбір құрттардағы билатераль бөлшектену нәтижесінде түзіледі. Құрлықта жасайтын олигохеттерге тән (аз қылтанды құрттар).

7. Морула – қағанақты сүтқоректілерде кездеседі. Бірнеше ірі бластомерлер түзіледі. Бластоцелі болмайды. Сарыуыз жоқ.

3. Гастроуляция. Бір қабатты ұрықтың түзілу процесін бластроуляция деп атайды. Бұл процестен кейін 2 қабаттың түзілу процесі жүреді. Оны гастроуляция деп атайды.

Гластроуляцияның типтері:

I-фаза

1. Инвагинация немесе ішке қарай өсіп шығу. Вегетативті полюстің клеткасының бластроцельдің ішіне қарай өсіп шығады. Нәтижесінде дененің 2-ші қуыстығы гастроцель түзіледі. Ұрық энтодерма және энтодерма деп аталады. 2 қабатқа ие болады.

2. Эпібolia – (қаптап өсу) вегетативті полюстің клеткалары бұл типте ірі болып келеді және бөліну процесі баяу жүреді. Ал анималь полюстің клеткалары өте ұсақ, шапшаң бөлінеді де вегетативті полюстің клеткасының сыртын жауып кетеді. Бластроцель жойылады. Ал гастроцель түзілмейді.

3. Иммиграция – (көшірілу) бластродерманың жеке клеткалары бластроцельдің қуыстығына қарай көшеді. Нәтижесінде экто-эндодерма және гастроцель түзіледі. Ол униполярлы (бір нүктеден), биполярлы (екі полюстерден) және мультиполлярлы (көп) болуы мүмкін.

4. Деляминация - немесе қабаттарға бөліну. Бұл кезде бластодерма бір уақытта экто және эндодермаға бөлінеді. Нәтижесінде гастроцель түзіледі.

II-фаза

Бұл фазада үш қабатты ұрық түзіледі. 3-ші қабат мезодерма деп аталады.

Мезодерманың түзілу жолдары: телобластық, энтероцельді, эктодермалы, аралас

Телобласты тәсіл – эктодерма мен эндодерманың арасында екі үлкен клетка қалыптасады. Ол мейоз жолымен бөлінеді. Нәтижесінде ұсақ кішкене клеткалар – телобластар пайда болады. Олар эктодерма мен эндодерманың арасындағы қуыстықты толтырады. Нәтижесінде мезодерма қабаты қалыптасады.

Энтероцельді – мұнда мезодерма энтодермадан түзіледі. Энтодерманың клеткалары анималь полюске жақын жерде сыртқа қарай өсіп шығады. Сөйтіп өскін энтодермадан ажыралады да, екіншінің арасындағы қуыстықты толтырады.

Эктодермалыді – мезодерма эктодермадан түзіледі. Эктодерманың бластроцельге қараған жағында ішке қарай өсу байқалады. Сол кезде эктодерма клеткасының эмиграциясы орын алады. Сөйтіп олар эктодерма мен энтодерманың арасындағы қуыстықты толтырады.

Аралас – мұнда анималь полюс облысындағы энтодерманың инвагинация жолымен мезодерма түзіледі, екінші жағынан энтодерманың қабаты эктодерманың клеткаларын сыртынан қаптап өседі.

4. Нейруляция.

Нейруляция желілі жануарлар мен адамның ұрықтарында нерв түтігінің қалыптасу процесі болып есептеледі. Нерв түтігі түзілетін кезеңді нейрула деп аталады. Нейруляция процесінің нәтижесінде біліктік органдар – желілер, сомит, нефротам, спланкнотом қалыптасады. Нерв түтігі эктодермадан түзіледі.

Дәріс № 11 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Гистология ғылымы.

Сабак жоспары:

1. Ұлпалардың жалпы сипаттамасы.
2. Ұлпалардың жіктелуі.

1. Ұлпалардың жалпы сипаттамасы.

Гистология- көпклеткалы организмдердің жеке және тарихи дамуында клетка, ұлпалар, мүшелердің құрылымдық ерекшеліктері, функциясы және дамуы туралы ғылым.

Гистология міндеттері- ұлпалардың эволюциясы, олардың организмде орналасуы мен дамуын, клеткалардың, ұлпалардың, мүше және клетка аралық заттардың құрылышы мен функциясын, бір ұлпадаға клеткалардың өзара қарым-қатынасын қарастырады. Мальпигий мен Грю 1671- 1682 жылдар аралығында өсімдік мүшелерінің құрылымын сипаттап жазды. Грю Ұлпа ұғымын енгізді. Гистология жеке және жалпы болып жіктеледі

Жалпы гистология- ұлпаның дамуын, құрылышын, принциптерін қарастырады. Жеке гистология- көп клеткалы организм құрамындағы ұлпалар жиынтығының құрылышын қарастырады.

Даму барысында ұрық жапырақшаларынан маманданған ұлпалардың түзілуін гистогенез деп атайды.

Ұлпа (*орысша-ткань, грекше hystos*) дегеніміз –белгілі бір атқаруға арналған құрылышы ұқсас тарихи қалыптасқан клеткалар мен клеткааралық заттар кешені.

Ұлпа клеткадан, оның туындыларынан клеткааралық немесе аралық заттардан тұрады. Соңғы заттар клетканың тіршілік өнімі болып табылады. Эмбрионалдық даму кезеңінде пайда болғаннан бастап ұлпалар барлық онтогенездік даму кезеңі бойына дамиды. Даму барысында бірынғай клеткалардан және туынды заттардан түзіліп, өзіне тән морфологиялық және биохимиялық қызмет атқаратын дene бөліктері.

Барлық ұлпалар ұрық жапырақшаларынан пайда болған: бұлшықет және дәнекер –мезодермадан, ал ішек қабаттары –энтодермадан, эпителий мен жүйке ұлпасы –эктордермадан пайда болған. Ағзаның даму кезеңінде клеткалардың дифференцияциясында клеткалар передифференцирлік немесе дедифференцирлік өзгеріске ұшырайды. Яғни кез-келген ұлпалардың клеткалары шығу тегі жағынан мүлдем алыс болса, басқа клеткаға айнала алмайды.

Ағзаның даму барысында алғашқы маманданған клетканың өзгерісін ұлпаның қалпына келуі немесе регенерациясы деп атайды. Ұлпалардың қалпына келуі физиологиялық және репаративті регенерация арқылы жүреді

Физиологиялық регенерация – ұлпа, клетканың табиғи жаңаруы.

Репаративті регенерация- жарақаттан кейінгі ұлпа, клетканың қалпына келуі.

Ұлпалардың өсуімен қатар, оларда интеграция (толығу) және біртұстастық жүзеге асады. Ұлпалардың тарихи даму кезеңінде барлық ағза біртұстастығы ұлғайып, жүйке жүйесінің ерекшеліктер байқалады.

2. Ұлпалардың жіктелуі.

Ұлпалардың микроскопиялық құрылышы мен функциясын зерттеудің негізінде Франс Лейдиг 1853 жылы олардың бірінші классификациясын ұсынды. 1855 жылы Альберт Келлиker оның классификациясын қолданып, өзінің гистология оқулығында пайдаланған. Адам ағзасындағы ұлпалар құрылышы және қызметіне қарай Лейдиг пен Келлиker ұлпаларды 4 топқа бөлген:

1. Эпителий
2. Дәнекер
3. Бұлшықет
4. Жүйке

Ұлпалардың осы төрт типін А.А. Заварзин екі топқа біріктіруді ұсынған:

1. жалпы маңызы бар ұлпалар (эпителий және дәнекер)
2. мамандалған ұлпалар (бұлшықет және жүйке)

Эволюция процесінде алдымен жалпы маңызды ұлпалар пайда болған, ал мамандалған ұлпалар филогенетикалық дамудың кейінгі кезеңінде бөлініп шыққан. Әрбір ұлпаның құрамында дамудың әр түрлі кезеңдеріндегі клеткалық элементтер кездеседі.

Дәріс № 12 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Эпителий ұлпасы.

Сабак жоспары:

1. Тері эпителийі.
2. Ішек эпителийі.
3. Без эпителийі.
4. Бөліп шығарушы эпителий.

1. Тері эпителийі.

Эпителий ұлпасы немесе эпителийлі клеткалардан тұзіліп, дененің сыртқы және ішкі ортамен шектелетін беттерін қаптап жатады, сондықтан оны шеқаралық ұлпа деп те атайды.

Эпителий ұлпасы дененің бетін жауып тұрады, ішкі органдардың кілегейлі және сероздық қабықшаларын астарлайды, бездердің көвшілігін тұзеді. Эпителий жабындық және секрет бөлуші (бездік) деп жіктеледі. Жабындық ұлпа ішкі ортаны сыртқы ортадан бөледі, зат алмасуға қатысады. Бездік эпителий секрет бөлу қызметін атқарады.

Жабындық эпителий бірқабатты және көпқабатты деп бөлінеді. Бірқатарлы эпителий бірқатарлы және көпқатарлы болады. Бірқабатты эпителий клеткаларының пішіні куб, цилиндр, жалпақ болады, ал көпқатарлы пішіні әркелкі. Эпителий ең бірінші дамыған ұлпа. Ол ұрық жапырақшаларының бәрінен дамиды.

Шығу тегіне қарай 3 топқа: эктодермалық, энтодермалық, мезодермалық. Эктодермадан-тері, ауыз, өңеш, энтодермадан- ішек, бүйрек, үйқы без, мезодермадан- жыныс бездері пайда болған.

Эпителий шығу тегі, құрылсызы, қызметіне қарай: морфологиялық, онто-филогенетикалық және функциялық классификациясы бар.

Морфологиялық классификация бойынша: эпителий бірқабатты және көпқабатты деп бөледі. Бірқабатты эпителий бірқатарлы және көпқатарлы болады. Бірқатарлы эпителий клеткаларының пішініне қарай куб, цилиндр, жалпақ деп бөледі.

Онто- филогенетикалық классификациясы: эктодермалық, энтодермалық, мезодермалық болып бөлінеді.

Функциялық классификациясы: жабындық тері, кілегей, денені астарлайтын т.б.

Көп қабатты мүйізделуші эпителий тері бетін жауып тұрады. оны эпидермис дейміз. Эпидермис бірнеше ондаған клеткалар қабатынан тұрады. олар топталып 5 қабатқа біріктірген: базальдық, қанатты, түйіршікті, жылтырақ, мүйіз.

Тері эпителийінің туындыларының бірі – шаш. Шаш дермаға енген эпидермистің клеткаларынан пайда болады. Шаштың түбі эпителий мен дәнекер ұлпасынан түзілген қапшықпен қапталған. Ишіне шаш емізікшелері кіріп тұратын шаш баданасымен аяқталады. Шаш шаш баданасынан өседі.

2.Ішек эпителийі

Асқорыту жолын астарлайтын энтодермалық цилиндр пішінді бір қабатты эпителийді- ішек эпителий деп атайды. Ішек эпителий сіңіруші, секрет бөлүші клеткалар. Сіңіруші ішек эпителийіне тән ерекшелік, оның клеткасының апикальдық бетінде кутикула (лат. тері) деп аталағын көлденең сыйылған құрылым болады. Ішек эпителийінің бір клеткасында 3000 микробүр бар. Микробүрлердің бетінде гликокаликстің қалың қабаты орналасқан. Бұл аймақты сіңіру процесіне қатысадын ферменттер болады. Ішек эпителийінде сіңіруші клеткалардан басқа жіктелген бездік клеткалық элементтер болады. Олардың ішіндегі ең көбі бокал пішінді бездік клеткалар.

Ішек эпителийінің құрамында көбею қабілетін сақтаған крипталарда орналасқан шала жіктелген клеткалар болады. Осы клеткалардың бөлінуінің нәтижесінде пайда болған жас клеткалар өліп түлеген клеткалар орнын басады. Ішек эпителийінің барлық клеткалары 30-36 сағаттың ішінде жаңарап отырады.

3. Безді эпителий

Безді эпителийден "без", деп аталағын арнаулы мүшелер түзіледі. Бездерінің клеткалардың қызметі организм тіршілігіне қажет заттарды түзеп бөліп шығару. Бездер ағзада секрет бөлу қызметін атқарады. Бездер экзокринді және эндокринді болып бөлінеді.

Экзокриндік бездер көбінесе ішек, тері эпителийінің туындысы. Оларға сүт бездері, терінің тері, иіс, май бездері, асқорыту жолының, тыныс жолдарының бездері жатады. Экзокриндік бездер- секрет түзуші немесе бездік бөлімі мен шығарушы өзектен тұрады.

Экзокриндік бездер экзоэпителий және эндоэндоэпителий болып жіктеледі.

Экзоэпителілік – бездік клеткалардың тобы эпителийдан астындағы ұлпаға өттегін без (тері, сілекей). Бұл екіге бөлінеді бір клеткалы (омыртқасыздарда) және көп клеткалы (сілекей, көз жасы, үйқы безі). Экзокриндік экзоэпителійлік көп клеткалы бездер өзегінің құрылышына қарай жабайы, курделі бездер болып бөлінеді. Тармақталған бір ғана өзегі бар безді жабайы, ал өзектің тармақталған жүйесі болса курделі дейміз.

Экзокриндік эндоепителійлік бездер бір клеткалы және көп клеткалы болады.

Эндокриндік бездер өсу, даму, заттар алмасу процестерін реттейді. Бұл бездер тікелей қанға түсетін гормондар бөледі, бездік клеткалардан тұрады, шығару өзектері болмайды. Бұларға: гипофиз, эпифиз, қалқанша, қалқансерік т.б.

4.Бөліп шығаруши эпителий

Секрет бөлуші эпителий клеткаларының пішіні түрліше. Секрет бөлуші клеткалардың клеткааралық кеңістігі біршама ұлкен. Бөлуші клеткалардың ядросы ірі, хроматині көп, ядрошығы ұлкен. Барлығында ЭТР, гольджи аппараты жақсы жетілген. Митохонрия саны көп. Секрет түзу тәсіліне қарай мерокриндік, апокриндік голокриндік бездер болады.

Без бір немесе бірнеше клеткадан бөлінуі мүмкін. Ішек эпителийінің құтыша тәрізді клеткалары бір клеткалы бездерге жатады. Сілекей безі, үйқы безі тәрізді арнаулы тұтігі бар без мүшелері көп клеткалы без болып табылады. Бездердің қай-қайсысында болса да өнімді клеткалар бөліп шығарады. Өнімнің бөлініп шығуына қарай бездер үш топка бөлінеді. Олар: *бұзылмайтын* (мерокринді), *қалпына келетін* (апокринді) және *жойылатын* (голокринді) бездер деп аталады.

Бұзылмайтын немесе *мерокринді* бездер. Мұнда клетканың цитоплазмасын бұзбай өнім түзіледі де, ол құбылыш қайталанып отырады. Ішек бездері — бұзылмайтын бездер.

Қалпына келетін немесе *апокринді* бездер. Мұндағы өнім клетканың үстіңгі бөлімі мен цитоплазма бөлімдерінің бұзылуы арқылы пайда болады. Алайда клетка цитоплазмасы тез қалпына келеді, өнімнің жинақталуы қайталанып тұрады. Адамда сүт және тері бездері осындағы қалпына келетін бездерге жатады.

Жойылатын немесе *голокринді* бездер. Өнім ядро мен цитоплазманың бұзылуынан түзіледі, сөйтіп без жойылып кетеді. Теренірек қабатта жатқан шел қабықшалы заттардан өсіп жетілетіндіктен, без клеткалардың үстіңгі жағында бұзылады.

Сөйтіп, бұзылмайтын және қалпына келетін бездерде өнімді бөліп шығару жиірек қайталанатын болса, жойылатын бездердің клеткалары өнімді бірақ рет бөліп шығарады.

Дәріс № 13 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Дәнекер ұлпасы.

Сабак жоспары:

1. Қан

- Лимфа
- Шеміршек ұлпасы
- Сүйек ұлпасы

1. Қан.

Қанның негізгі қызметтері:

- Тіршілікке қажет заттарды тіндерге жеткізеді, ал зат алмасу өнімдерін сыртқа уақытында шығарып отырады (*тасымалдау қызметі*).
 - Оттегін өкпеден тіндерге, клеткалардағы көмірқышқыл газды өкпеге жеткізеді (*тыныс алу қызметі*).
 - Ішек-қарыннан қоректік заттарды, витаминдерді, су мен тұздарды (минералдарды) тіндерге жеткізеді (*трофикалық, яғни нәрлендіру қызметі*).
 - Зат алмасу барысында пайда болған өнімдерді, мәселен, адам денесіндегі уытты заттар, азот қалдықтарын тіндерден бүйрекке, өкпеге, тер бездеріне, ішекке апарады. Сөйтіп оларды шығарып тастайды (*экскрециялық қызмет*).
 - Қан клеткалары (лейкоциттер), плазмадағы антитэндер денеге енген микробтарды, вирустарды, табиғаты жат, улы заттарды бейтараптайты (*қорғаныш қызметі*).
 - Адам денесіндегі көптеген әрекеттерді, үрдістерді реттеуге қатысады (*гуморалдық реттейу*).
 - Қандағы биологиялық әсері күшті заттар - гормондар, медиаторлар, метаболиттер ағзалар мен тіндерге өтіп тікелей немесе қантамырларының ішкі бетінде орналасқан хеморецепторларды тітіркендіру арқылы әсер етеді (*рефлекстік реттейу*).
 - Қан клеткалары (пішінді элементтер) тін клеткаларымен креаторлық байланыста болады. Креаторлық байланыс жаңаған клеткалардың табиғи құрылышы мен кейінің сақталуын қамтамасыз етеді. Жаңа клеткалар құрылышы жағынан ескілеріне ұқсас болу үшін олардағы ақпараттардың маңызы өте зор. Тіндерге қажет мағлұматтарды макромолекулалар тасиды. Мағлұматтар бір клеткадан екіншісіне аралық арналар арқылы және пиноцитоз жолымен жеткізіледі.
 - Қан бүкіл денеге тән гомеостазды сақтай отырып клеткалар мен тінаралық сұйықтықтың коллоидтық, осмостық тұрақтылығын сақтайты. Осмостық тұрақтылық бұзылса клеткалар ісіп не бүрісіп қалады. pH тұрақтылығын сақтауда буферлік рөл атқарады.
 - Қан көп энергия шығарып қызып кеткен ағзаларды сұytады, ал сұыған ағзаларды жылтытады. Сөйтіп, дene қызуын бірқалыпта сақтауға қатысады.
- Қан сарғылтау келген сұйық зат - плазмадан және оның ішінде жүзіп жүрген қан клеткаларынан, яғни пішінді элементтерден тұрады. Ересек адамда қанның көлемі салмағының 6-8%-ына тең (5-6 литрдей). Қан клеткалары қызыл түйіршіктер (эритроциттер) мен ақ түйіршіктер (лейкоциттер), қан пластинкалары - тромбоциттер. Плазма қан құрамының 52-58%-ына, қан клеткалары 42-48%-ына тең.

Эритроциттер: 1673 жылы А.В. Левенгук ашқан. Эритроцит - (грекше erytros - қызыл, cytos - клетка) қанның қызыл түйіршіктері. Олардың саны ерекк пен әйелде бірдей емес. Ер адам қанының әр литрінде $4,0-5,0 \times 10^{12}$ эритроцит болады. Әйел қанында бұл көрсеткіш аздау: $3,7-4,5 \times 10^{12}$. Эритроцит - ядросыз екі жағы ойыс келген дөңгелек клетка.

Эритроцит 120 тәуліктей тіршілік етеді.

Лейкоциттер. 1673 жылы А.В.Левенгук ашты. Бір литр қанда $4,5-9 \times 10^9/\square$ лейкоцит болады. *Лейкоцит* (leucocytus) қанның ақ жасушасы (leuco - ақ, cytus - жасуша). Эритроциттен айырмашылығы - ядро бар, эритроциттен үлкендеу (диаметрі 12 мкм), амеба сияқты протоплазмасынан жалған аяқтар шығарып (псевдоподий) қозғалады.

Қанда лейкоцит санының көбеюі *лейкоцитоз* деп, азаюы *лейкоцитопения* деп аталады. Лейкоцит саны сау адамда да, ауру адамда да өзгеріп отырады.

Дәнекті лейкоциттер немесе гранулоциттер. Бұл клеткалар диаметрі 15 мкм – ге дейін. Дәнекті лейкоциттер қан айналымда, піскен эритроциттер сияқты бөлінуге қабілетсіз.

Эозинофилдер немесе эозинофилді (ацидофильді) гранулоциттер. Эозинофилдер диаметрі 12-11 мкм. Эозинофилдердің цитоплазмалық түйіршіктері шар тәрізді немесе сопақ пішінді, диаметрі 0,7-1,3 мкм. Бұл түйіршіктердің гидролитикалық ферменттері бар, сондықтан лизосомаға жатады.

Базофилдер – түсі қызылт - күлгін. Диаметрі 11-12 мкм, цитоплазмалық түйіршіктері шартарлардан немесе сопақ диаметрі 0,8-1 мкм. Лейкоциттердің 0,5-1 құрайды, ядралары ірі.

Нейтрофилдер ең таралған лейкоциттер түрі. Лейкоциттерден 50-60 құрайды, Диаметрі 10-12 мкм. Түйіршіктері ұсақ, олардың дияметоры 0,2-0,5 мкм, сопақ пішінді. Ядро пішіні жасына, зат алмасуға байланысты.

Дәнексіз лейкоциттер немесе агранулоциттер. Бұларда мамандандану ондай жоғары емес. Дәнексіз лейкоциттер лимфоциттерге, плазмоциттерге және моноциттерге бөлінеді.

Кан такташалары. Адамда түссіз, сфералы денешіктер, мөлшері 2-3 мкм, ядросыз. Адамда 1 мм-де 250-400мың. Тіршілік мерзімі 8 тәулік.

Гемограмма және лейкоцитарлық формула. Қан элементтерінің ара қатынасын қан формуласы немесе гемограмма дейді, ал лейкоциттердің ара қатынасы лейкоцитарлы формула деп аталады. Сау адамда лейкоцитарлы формула мынадай: базофильдер- 0,5-1%, эозинофилдер- 3-5%, нейтрофилдер- 50-60%, лимфоциттер- 25-35%, моноциттер-5-8%.

Қан плазмасы. Құрамында су 90-93%, ақуыз- 7-8%, глюкоза- 0,1%, тұздар- 0,9%. Әр түрлі ақуыздар альфа, бета және гамма-глобулиндер, альбумин, липопротеиндер, фибриноген бар. Бұдан басқа плазмада: мочевина несеп қышқылы, креатин, билирубин және басқалар бар. Ұлпалық сүйықтық лимфа тамырларына барып, қайра қанға қайтады. Лимфа тамырларындағы лимфа деп аталады. Ол сарғыш түсті, құрамы әртүрлі.

2.Лимфа

Ұлпалық сұйық пен қан плазмасының арасында үнемі заттардың алмасуы жүріп отырады. Омыртқалылардың организмінде қан тамырлар жүйесінен басқа лимфалық жүйе болады. Лимфалық жүйенің тамырлары лимфалық капиллялармен («қылтамырлармен») дәнекер ұлпасында тұйықталып аяқталады. Осы капиллялардың жұқа қабыргасы арқылы ұлпалардан ұлпалық сұйық өтеді; лимфалық плазма күйінде лимфалық тамырлармен ағып ең ақырында веналық жүйемен қосылады.

Лимфаның құрамында дәнді лейкоциттер мен аздаған мөлшерде эритроциттер кездеседі. Химиялық құрамы жағынан қанның плазмасына жақын, бірақ белоктар аз болады, глобулиннен альбумин көп; диастаза, липаза ферменттері мен гидролиздеуші фермент те болады. Лимфа плазмасының құрамында нейтральды майлар, жай қанттар мен минералдық тұздардың ерітінділері де болады.

3. Шеміршек. Бұл ұлпа клеткалардан және клеткааралық заттан тұрады, оның клеткааралық заты өте тығыз. Ұлпаға тірек қызмет тән, сондықтан қанқаның әртүрлі орнында болады. Шеміршек ұлпасы 3 түрге бөлінеді: гиалинді, эластикалық және талшықты.

Гиалинді ұлпасы шыны тәрізді шеміршек түзеді. Ол ең тараған шеміршек ұлпасы. Адам мен сұтқоректілер ұрықтарының қаңқасы түгелдей осы ұлпадан құралған, ол ересектерде сүйектің буын бетін жабады, кеңірдек қабыргасында және ірі ауа жолдарында, қабыргалар ұшында. Түсі сұтті, көкшіл, жартылай мөлдір.

Гиалинді ұлпа басқа шеміршек сияқты хондробласт және хондроцит деген клеткалардан, тағы клеткааралық аморфты және талшықты заттан тұрады.

Эластикалық шеміршек ұлпасын эластикалық немесе торлы шеміршек түзеді. Бұл ұлпа құлақ қалқанында, сыртқы дыбыс жолында, есту тұтігінде, көмейкейде кездеседі.

Талшықты шеміршек ұлпасын талшықты немесе дәнекер ұлпалы шеміршек құрайды. Бұл ұлпа омыртқааралық тегеріштерде, жамбастың дөңгелек байланысында, жамбас сүйектерінің қосылысында төменгі жақ буында, төс бұғаналы буында, тағы шеміршек сүйекке бекіткен жерде, сонымен талшықты шеміршек ұлпасы тығыз пішінді коллагенді дәнекер ұлпадан айырмашылығы тек фиброциттер орнына изогенді топ түрінде хондроциттер бар.

4. Сүйек ұлпасы. Бұл ұлпа барлық омыртқалы жануарларда және адамда болады. Сүйек ұлпасы тірек қызметін атқарады, минералды алмасуға қатысады, ал қызыл сүйек кемігі қанның элементтерінің түзілу орны және қорғаныш қызмет атқарады, өйткені онда макрофагтар түзіледі, май алмасуға қатысады. Ол клеткалар-остеобластардан, остеоциттерден (osteon-сүйек), остеокластардан жән клеткааралық заттан тұрады.

Жуан талшықты немесе ретикулофиброзды, сүйек ұлпасы омыртқалылардың ұрығына және жас организмге тән. Бұл ұлпада коллагенді талшықтар жуан шоғырларға жиналған, аморфты клеткаларалық затта әртүрлі

бағытта орналасқан. Тұтік сүйек диафиздің сыртқы қабаты сүйек тегеріштерінің бірнеше қабатынан тұрады.

Дәріс № 14 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Бұлшықет ұлпасы.

Сабак жоспары:

1. Бірыңғай салалы.
2. Көлденең жолақты.
3. Жүрек бұлшықеті.

1. Бірыңғай салалы.

Организмдегі орналасуына қарай бұлшықет ұлпасын висцеральды (ішкі органдар) және сомалық (дене) бұлшық еттері деп жіктеледі.

Бірыңғай салалы бұлшықет ұлпасы – ішкі органдардың қан тамырларының, ас қорыту жолының диафрагма, тыныс жолдарының, ішек, өңеш, несеп-жыныс органдарының бұлшық ет қабаты түзілген.

Бірыңғай салалы бұлшық еттер бүйірлі және жұлдыз пішінді, ұзындығы 60-200мкм, диаметрі 4-8мкм ет клеткалары- миоциттерден құралған. Пішіні ұршық тәрізді сопақшаланып созылған бірыңғай салалы бұлшықет клеткаларынан түзілген. Ядросы клеткаларының жалпақ бөлігінде, ортасына қарай орналасқан. Бұлшық ет клеткасы миолемма деп аталатын қабықшамен қапталған. Сыртқы жағынан базальдық мембранамен қоршалған. Бұл базальды пластинка механикалық, гомеостаз қызметін атқарады. Ультраструктурасын қарағанда клеткалары цитоплазмада митохондрия, рибомосаның, ГА болатыны анықталған. Бұнда клеткаларының саркоплазмасында ұзындығы 1-2 мкм шамасында актин және миозин протофибриллалары кездеседі. Олар клетканы бойлай орналасады, бірақ миофибрилла құралмайды. Осымен байланысты бірыңғай салалы бұлшықет талшықтарында көлденең жолақтар болмайды. Цитоплазмада жуандығы 7 нм, жіңішке және 17 нм жуан миофиламенттердің болатыны анықталған. Жіңішке миофиламенттер – актиндік, жуан- миозиндік деп аталады. Жіңішке миофиламенттердің құрамында актиннен басқа 2 белок: тропомиозин, тропонин болады. Бұл 2 белок кальций иондары болмағанда актин, мелозиннің ара әрекеттесуін бәсендедеді.

2. Көлденең жолақты.

Көлденең жолақты бұлшықет – қаңқа немесе сомалық деп аталады. Бұлшық еттердің бұл түрінің құрылышының элементті клетка емес, біріне – бірі сабакталып және тез бөлінетін, көп ядролы бұлшықет талшықтарынан құралады. Талшық ұшы доғал, жиегі тегіс, пішіні цилинр тәрізді, ұзындығы 1-40 мм дейін, ал жуандығы 0,1мм жетеді. Талшықтары плазмалеммамен шектелген, сыртын базальдік мембрана, коллагендік талшықтардың жұқа қабаты болады. Осы құрылымды сарколемма (гр.саркос-ет, лемма-қабықша) деп аталатын талшығының цитоплазмасын саркоплазма дейді. Ядросы пішіні

таяқша тәрізді. Құрылышы басқа клеткалардың эндоплазмалық ретикулумында үксас болғандықтан, оны саркоплазмалық ретикулум деп атайды. Бұнда гликоген, кальций ионы синтезделеді.

Гликоген – бұлшықет жиырылуына қажет энергия көзі. Саркоплазмада миофibrillалар көп, мөшері езгермелі. Кейбіреулерінде аз, миофibrillалар көп бұндай талшықтардың жиырылу күші жоғары, жұмсалған энергияны тез қалпына келтіре алмағандықтан тез шаршайды

3. Жүрек бұлшықеті.

Жүрек еті –миокард. Жүрек етінің құрылышының – функционалдық бірлігі жүрек бұлшықеті. Клеткасы – кардиомиоцит. Мұнда бұлшықет талшықтары шоғырланбай, тармақтанып, тармақтардың ұштары бірімен- бірі жалғасу арқылы тор түзеді. Жүрек бұлшық еттерінің талшықтары бір жерде біріне- бірі тығыз екінші жерде сирек орналасады да аралықтарына дәнекер ұлпалар толады. Микроскоппен қарағанда жүрек етін бірімен- бірі жалғасып жататын бұлшықет талшықтарынан тұратын симпласт деп атайды. Жүрек бұлшықеттерінің бір ерекшелігі – бұлшықет талшықтарында көлденең сываттардың немесе көлденең орналасқан аралық жолақ деп аталатын ерекше құрылышының болуы. Ал сываттар миофibrillалар тобын әр түрлі деңгейде қызып өтеді.

Дәріс № 15 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Жүйке ұлпасы.

Сабак жоспары:

1. Нейрондар құрылышы.
2. Синапстар, рецепторлар және нейросекреторлы клеткалар.
3. Нейроглия.

1.Нейрондар құрылышы.

Жүйке ұлпасы-жүйке жүйесін құрайды. Жүйке жүйесінің құрылышы өте күрделі, сыртқы тітіркендіргіштерді қабылдауға және оларды ағзаға өткізуге бейімделген ұлпалардан тұрады, жүйке клеткасы жүйке жүйесінің негізгі құрам бөлігі болып табылады. Жүйке клеткасы тармақталады да сол тармақтары арқылы мүшелерді бірімен-бірін және орталық жүйке жүйесімен байланыстырып тұрады. Жүйке жүйесі электро- химиялық импульстер түзуі арқылы сыртқы ортамен хабар алmasып, бүкіл ағзаның жұмысын басқарып, реттеп отырады.

Жүйке ұлпасы жүйке клеткасы –нейроннан, қосымша нейглиядан құралады. Жүйке клеткасы жұлдызша пішіндес болып келді. Атқаратын қызметіне қарай жүйке клеткасы қозғаушы немесе моторлы және өнім бөлөтін (секреторлы) клеткаларға бөлінеді.

Жүйке ұлпасы регенерацияға қатысады. Тітіркендіргіштердің әрекетін қабылдалап, оған жауап беріп, дененің әр түрлі мүшелеріне немесе нейрондарына өткіzetін, белгілі бір бағытқа бейімделген жүйке клеткалары нейрон деп аталады. Нейронның денесі және тармақтары болады. Цитоплазма, ядро

органоидтар және тек өзіне ғана тән арнаулы түзілістер денеде орналасады. Нейронның тармақтары - аксон (нейриттен) және дендриттен тұрады. Нейронның ұзын талшығы – аксон (латынша- өсінді), ал тармақталған қысқа талшықтары дендрит (грекше –тармақталған) деп аталады. Аксон жіңішке, ұзындығы бірнеше сантиметрден 1-1,5 метрге дейін жететін, жан-жаққа таралатын жүйке клеткасының тармағы. Аксон-тармақталған импульстерді клетка денесінен алып өз денесінен өткізеді. Аксон-сыртынан май текті миелин қабықшасымен қапталған.

Нейрондар өзінен таралатын тармақ санына байланысты әр түрлі аталады. Егер тармақтар саны көп болса- мультиполлярлы (көп ұшты), екі тармақты болса- биполярлы (екі ұшты), бір тармақты болса- униполярлы (бір ұшты) нейрондарға бөлінеді.

2. Синапстар, рецепторлар және нейросекреторлы клеткалар

Нейрондар бір-бірімен синапстар арқылы байланысады. Бұл терминді 1897 жылы Шеррингтон енгізген. Морфологиялық түрғыдан синапс нейрондар цитоплазмасының микроскопиялық өсіндісі болып саналады. Электрондық микроскоптың көмегімен синапстың құрамындағы импульсті өткізуі және қабылдаушы құрылымдар арасында плазмалық пре және постсинапстық мембраннылармен қапталғанын синапстық саңылаудың бар екені анықталды. Пресинапстық мембрана импульсті өткізуге мамандалған бірінші нейронның клеткалық мембраннының участкесі. Постсинапстық мембрана импульсті қабылдаушы екінші нейронның клеткалық мембраннының маманданған участкесі болып есептеледі. Синапстар арқылы қозу нейроннан екінші нейронға, бұлшық етке, бездерге өтеді.

Құрылыш пен орналасу ерекшелігіне қарай 3 топқа ажыратады: нейронаралық, рецептер-нейрондық және нейроэффекторлық.


Нейронаралық синапстарды аксон-сомалық, аксон-дендриттік, аксон-аксондық синапстар деп бөледі.

3. Нейроглия

Нейроглия –нерв ұлпасының көмекші және маңызды құрамды бөлігі. Нейроглияның клеткалары нерв импульстерін өткізбейді, бірақ олар нерв ұлпасында тіректік, қоректік, қорғаныш қызметтерін атқарады. Ми эпифизі, гипофизінде нейроглия негізгі массасын құрайды және секрет бөлу қызметін атқарады. Нейроглияның клеткалар саны нейрондарға қарағанда 10 есе көп. Бұл клеткалар орталық нерв жүйесінің клеткаларын қоршап, олардың арасындағы кеңістікті толтырып механикалық тіректік қызмет атқарады.

Нейроглия екі түрі бар: нерв түтігінен дамитын макроглия (глиоциттер) мен мезенхимадан пайда болатын микроглия (глиалық макрофагтар).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Биология және оқыту әдістемесі кафедрасы

БЕКІТЕМІН
ОӘК шешімімен
Төраға

Сыздыкова Б.Р.
«07» 09 2012 ж.

Дурмекбаева Шынар Нұрлыбекқызы

Шакиржанова Инзира Серікқызы

Жакупова Асель Аманқызы

5B011300 «Биология» мамандығының студенттері үшін

«Цитология және гистология» пәні бойынша

зертханалық жұмыстарға арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАРЫ

Оқыту түрі - күндізгі

Көкшетау, 2012 жыл

«Цитология және гистология» пәні бойынша зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулары. Көкшетау: КМУ, 2012 ж.

Әдістемелік нұсқаулар «Цитология және гистология» пәнінің бағдарламасы мен оқу жоспарының талаптарына сәйкес құрылған және курстың зертханалық жұмыстарының талаптарын орындауға барлық қажетті мәліметтер оған кіреді.

«Цитология және гистология» пәні бойынша 5B011300 «Биология» мамандығының студенттері үшін арналған әдістемелік нұсқаулары.

Биология және оқыту әдістемесі кафедрасының отырысында бекітілген
«_07_» _09_ 2012_ж. /№ _1_хаттама/

Кафедра менгерушісі Дүрмекбаева Ш.Н.

Жаратылыстану-педагогикалық факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясымен
мақұлданған
«07» 09 2012 ж., хаттама № 1.

ОӘК тәрағасы Сыздыкова Б.Р.

Зертханалық сабак № 1 (2 сағ.).

Сабак тақырыбы. Оптикалық құралдардың түрлері және олардың құрылымдары.

Сабак мақсаты. Оптикалық құралдардың түрлерімен танысып қана қоймай, олардың құрылымдарын менгеру.

Тапсырма.

1. Оптикалық құралдардың түрлерімен танысып, ұлғайтқыш қол әйнегінің құрылымын менгеру.
2. Ұлғайтқыш қол әйнегінің құрылымын менгергеннен кейін жарық микроскопының негізгі бөлімдерімен танысу.
3. Ұлғайтқыш қол әйнегінің және микроскоптың құрылымдарын толығымен менгергеннен кейін негізгі бөлімдерін көрсете отырып, сыртқы көрінісінің сызбанұсқасын сурет салатын альбомға салып қою керек.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Суретпен бейнеленген құралдар: ұлғайтқыш қол әйнегі мен жарық микроскопының құрылымдары бейнеленген сызбалар.

Қосымша құрал-жабдықтар: ұлғайтқыш қол әйнегі, жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара түсті қалам, түрлі түсті қарындаштар.

1-тапсырма. Оптикалық құралдардың түрлерімен танысып, ұлғайтқыш қол әйнегінің құрылымын менгеру.

Зертханалық сабактарда ұлкейтіп көрсететін түрлі оптикалық құралдарды пайдаланады.

Ұлғайтқыш қол әйнегі. Ұлғайтқыш қол әйнегі басқа оптикалық құралдар сияқты, екі бөлімнен - екі жағынан дөңес линзадан тұратын оптикалық әйнек және тұтқадан тұрады. Ұлғайтқыш қол әйнегінің мөлшері кішілеу немесе ұлкендеу болады.

2-тапсырма. Ұлғайтқыш қол әйнегінің құрылымын менгергеннен кейін жарық микроскопының негізгі бөлімдерімен танысу.

Жарық (немесе оптикалық) микроскопы - зерттелетін заттың кері бейнесін ұлғайтып көрсететін құрал.

Зертханалық сабактарда биологиялық микроскоптар ішінен МБУ-4А жиі қолданылады.

Жалпы микроскоптың негізгі бөлімі болып оптикалық жүйесі, қосымша болып жарық беру және механикалық құрылымы табылады.

Оптикалық жүйесіне объектив және окуляр жатады.

Объектив бірнеше линзадан құрастырылып, микроскоп тубусының төменгі жағындағы револьвер деп аталатын бөліміне орналастырылған. Револьверге әдетте 3-4 объектив орналастырылады. Объективтің ұлғайтуы 8, 20, 40 және 90. Бұл сандар объектив цилиндрінде көрсетілген.

Окуляр зерттелетін заттарды бірнеше есе ұлкейтіп көрсететін цилиндрге орналастырылған екі линзадан тұрады, онда 3x, 5x, 7x, 10x, 15x және т.б.

ұлғайтулар көрсетілген. Ол тубустың жоғарғы жағында орналастырылған. Окуляр арқылы объектив көмегімен ұлғайтылған зат бейнесін көруге болады.

Микроскоп арқылы зерттелетін заттың табиғи мөлшері қанша ұлғайтылғандығын білу үшін окуляр мен объектив көрсеткіштерін өзара көбейтеді де, оның көбейтіндісі оның ұлғайтылған мөлшерін көрсетеді. Мысалы: $15 \times 40 = 600$ есе.

Жарық бергіш құрылымы жарықтың объektіге бағытталуы үшін және жарық күшін реттеу үшін қажет. Оған айна, диафрагма және конденсор жатады.

Микроскоптың жарық түсіретін **айнасы** қозғалмалы болып орналасқан, ол жарықты реттейтін екі линзадан құралған конденсор үстелшесінің астына орналастырылған. Айнаның ойыс және тегіс беткейі бар. Жарықтың әлсіз көзінде айнаның дөңес, ашық жарықта ойыс беткейін қолдану қажет.

Диафрагма конденсордың төменгі линзасының астында орналасқан. Диафрагма цилиндрлі, дискілі және тақталы болып бөлінеді. Диафрагма қозғалмалы металл пластинкадан тұрады, ол жарық интенсивтілігін реттеу үшін қажет.

Конденсор көмегімен арнайы бұранда арқылы айнадан өтетін жарық сәулелері концентрленеді. Конденсор 2-3 линзадан тұрады. Жарық құрылымын дұрыс пайдалану зерттелетін заттың нақты және жақсы жарықталған кескінін береді.

Механикалық бөлімге штатив, заттық үстелше, тубус, револьвер, макробұранда және конденсордың бұрандасы жатады.

Штатив негіз және тубус ұстағыштан тұрады. Негіз микроскопқа беріктік қасиет береді. Тубус ұстағышқа окуляр бекітілген. Микроскопты тасымалдағанда тубус ұстағыш ретінде қолданылады. Окулярга қарама-қарсы тубус бөлімінде объектив цилиндрі бекітілетін ұяшықтары бар айналмалы револьвер орналасқан. Егер микроскопта тубус вертикаль орналасса, жұмыс істеу ыңғайлы болуы үшін студент оны өзіне қарай бұра алады.

Револьвер астындағы үстелшеге препарат қойылатындықтан, ол заттық үстелше деп аталады. Оның ортасында жарық сәулелері өтетін саңылау болады. Микроскопиялық препаратты заттық үстелшеге қойып, арнайы бекіткіш - клемм арқылы бекітеді. Үстелшені айналмалы қозғау оның бүйір жағында орналасқан екі бұранда арқылы жүзеге асады.

Зерттелетін затты айқын көру үшін конденсорлық бұранданы төмен немесе жоғары қарай қозғау қажет. Макробұранда арқылы тубусты біртінде ақырын төмен түсіріп, зерттелетін затты анық көргенде ғана тоқтатады. Содан соң микробұрандамен жұмыс істеледі. Макробұранда зерзатты аздап ұлкейткенде, ал микробұранда оны көп ұлғайтқан кезде ғана пайдаланылады.

3-тапсырма. Ұлғайтқыш қол әйнегінің және микроскоптың құрылымдарын толығымен менгергеннен кейін негізгі бөлімдерін көрсете отырып, сыртқы көрінісінің сызбанұсқасын сурет салатын альбомға салып қою керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Микроскоп қандай құрал, оның көрсете мүмкіндігі қандай?
2. Микроскоптың негізгі бөлімдері қандай?
3. Микроскоптың оптикалық бөлімінің құрылымы мен қызметі қандай?
4. Механикалық бөлімінің құрылымы мен қызметі қандай?
5. Жарық бергіш бөлімінің құрылымы мен қызметі қандай?

Зертханалық сабак № 2 (2 сағ.).

Сабак тақырыбы. Оптикалық құралдарды пайдалану тәсілдері.

Сабак мақсаты. Оптикалық құралдарды пайдалану тәсілдерімен танысып қана қоймай, микроскоппен жұмыс істеу тәртібін менгеру.

Тапсырма.

1. Ұлғайтқыш қол әйнегін пайдалану тәсілін менгеру.
2. Ұлғайтқыш қол әйнегін пайдалану тәсілін менгергеннен кейін жарық микроскопын пайдалану жолдарымен танысу.
3. Ұлғайтқыш қол әйнегін және микроскопты пайдалану тәсілдерін толығымен менгергеннен кейін оларды пайдалану тәсілдерін түсіндіре отырып, оптикалық құралдармен жұмыс жасау.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Суретпен бейнеленген құралдар: ұлғайтқыш қол әйнегі мен жарық микроскопының құрылымдары бейнеленген сыйбалар.

Қосымша құрал-жабдықтар: ұлғайтқыш қол әйнегі, жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі).

1-тапсырма. Ұлғайтқыш қол әйнегін пайдалану тәсілін менгеру.

Ұлғайтқыш қол әйнегін көзге жақындастып, зерзатты ұлғайтқыш әйнекке ұлғайтылған кескіні айқын болғанша жақыннату керек. Зерттелетін заттың суретін салғаннан кейін оның қанша есе ұлғайтылғанын анықтайды. Ұлғайтқыш қол әйнегінің линзасына қарай ұлкейтіп көрсете шамасы әр түрлі болып (2-20 есеге дейін) келеді.

2-тапсырма. Ұлғайтқыш қол әйнегін пайдалану тәсілін менгергеннен кейін жарық микроскопын пайдалану жолдарымен танысу.

Микроскопты пайдалану кезінде тәмендегі жұмыс ретін есте сақтау қажет.

Микроскоп дұрыс және ұқыпты қарауды талап ететін құрал. Оны құрғақ, таза ұсташа қажет және оған реактив тамуына жол бермеу керек. Үстелге қою кезінде және тасымалдауда абай болу керек. Микроскопты арнайы жәшіктे сақтап, тығыз матамен немесе полиэтиленмен жауып қояды.

Микроскоппен жұмыс істегенге дейін, оны тиянақты орынға қойып, шүберекпен сұртіп, шаңнан тазартып, конденсорды жоғары көтеріп, диафрагманы ашып, револьверді аударып, кіші ұлғайтқышты тубустың дәл астына түсіру қажет.

Микроскоппен жұмыс істегенге дейін объективке жарық түсіру керек. Ол үшін кіші ұлғайтқышты заттық үстелшениң тесігіне туралап, оны өз орнына түсіріп, окулярмен қарап тұрып, жарықтың шамасына қарай ойыс немесе жазық

жағын келтіріп, көзге жарық көрінгенше дейін айнаны қозғай беру керек. Жарық көрінген соң дайындалған препаратты микроскоп үстелшесінің тесігіне дәл қою керек. Препаратты орналастырған соң, макробұранда арқылы тубусты зерзатқа тимейтіндегі етіп төмен түсіру қажет. Бұл кезде тубус арқылы емес, зерттеуші кіші ұлғайтқыштың бір бүйірінен қарап тұрганы жөн. Содан кейін окулярдан қарап, макробұранда көмегімен препараттағы зерзат көрінгенге дейін тубусты ақырындал жоғары қарай көтеру керек. Бұранданы ептеп жоғары-төмен қозғау арқылы зерттейтін заттың дәл құрылышын айқындауға болады.

Микроскоптағы зерзатқа қарағанда екі көз де ашық болуы керек, бұл жағдайда сол көзбен затты көріп, он көзбен сурет салатын альбомға зерзаттың суретін салуға болады. Бір көзбен қарағанда адам тез шаршайды.

Микроскопты зерттеу бітпейінше орнынан қозғауға болмайды.

Зерзатты бірнеше есе ұлғайтып көру үшін микроскоптың тубусын жоғары көтеріп, револьверды қозғап, ұлкен ұлғайтқышты ($x40$, $x90$) кіші ұлғайтқыштың орнына ауыстырып қояды. Одан кейін осы ұлғайтқыш препаратқа тигенше тубусты төмен түсіріп, окулярдан қарап, зерттелетін зат көрінгенше жоғары көтереді. Сол кезде ол алғашқыдан бірнеше есе ірі болып көрінеді.

3-тапсырма. Ұлғайтқыш қол әйнегін және микроскопты пайдалану тәсілдерін толығымен меңгергеннен кейін оларды пайдалану тәсілдерін түсіндіре отырып, оптикалық құралдармен жұмыс жасау.

Бақылау сұрақтары:

1. Микроскоппен жұмыс істегенге дейін қандай дайындық жұмыстарын жүргізу қажет?
2. Окулярға дұрыс қарau дегеніміз не, оның мәні неде?
3. Препараттағы зерзатты кіші ұлғайтқышпен қалай қарайды?
4. Жарық микроскопының заттық үстелшесінің жиегіндегі бұрандалар не үшін қажет?
5. Препаратты дайындау техникасы қалай жүзеге асады?

Зертханалық сабак № 3 (2 сағ.)

Сабақ тақырыбы. Өсімдік клеткасының құрылышы.

Сабақ мақсаты. Өсімдік клеткасының құрылышын менгеру.

Тапсырма.

1. Басты пияз түйінінен (*Allium sera*) уақытша препарат дайындау техникасымен танысу.
2. Басты пияз (*Allium sera*) клеткаларынан цитоплазма, ядро, вакуоль және клетка қабықшасын байқау.
3. Басты пияз (*Allium sera*) клеткаларынан цитоплазма, ядро, вакуоль және клетка қабықшасын анық байқағаннан кейін сурет салатын альбомға суретін салып қою керек.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: басты пияз түйіні (*Allium sera*).

Суретпен бейнеленген құралдар: өсімдік клеткасының құрылышы бейнеленген сұзба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), заттық және жабындық шынылар, сапты инелер, іскектер, тамшуырлар, суы бар шыны ыдыс, сорғыш қағаз, сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

1-тапсырма. Басты пияз түйінінен (*Allium sera*) уақытша препарат дайындау техникасымен танысу.

Заттық шыныға тамшуырмен бір тамшы су тамызады. Сол қолға басты пияздың түйінін (*Allium sera*) алып, сапты иненің ұшымен сыртқы дөңес жағынан қабыршақты жоғары көтеріп, іскеек арқылы сыйдырып алады да, тамшы суға салып, сапты инемен түзейді. Жабындық шынымен аяу қалмайтындей ақырын ғана жабады. Ол үшін сапты инені сол қолымен ұстап, оның ұшын тамшы судың сол жақ жиегіне қарай қисайта тіреу қажет. Содан соң оң қолмен жабындық шынының бір жиегін суға тіреулі инеге тақап барып жабу керек. Мұқият жабылғанда зерттелетін зат пен судың арасында аяу көпіршіктері қалмайды.

Сонымен басты пиязды (*Allium sera*) екіге бөліп, оның сыртқы жағынан шырынды қабыршақтың эпидермасын іскеекпен алады. Заттық шынының ортасына тамшы су тамызып, оған эпидерманы салады да, жабындық шынымен жауып қояды.

Эпидерма клеткаларын алдымен микроскоптың кіші, одан соң үлкен ұлғайтқышы арқылы қарайды.

2-тапсырма. Басты пияз (*Allium sera*) клеткаларынан цитоплазма, ядро, вакуоль және клетка қабықшасын байқау.

Басты пияз (*Allium sera*) шырынды қабыршақтары - эпидерманың тірі клеткалары микроскоп арқылы ядро және цитоплазма, сонымен қатар клетка қабықшасы, вакуольді оқып үйренуде жақсы зерзат болып саналады.

Ядро сыртынан ядро қабықшасымен қапталған, іші ядро ядро шырындан тұрады. Онда хромосомалы-ядролы кешен орналасқан. Алайда бөлінбеген клеткада хромосомалар көрінбейді. Оларды клетканың бөлінуі кезінде, яғни қысқарып, жуандығанда байқалады. Ядрошықтар (саны 2) бөлінбеген клеткада анық көрінеді.

Клетка қабықшасы микроскоп арқылы сыйықтар түрінде байқалады.

Эпидерма клеткалары созылыңқы пішінді және бір-біріне тығыз орналасқан, клетка қабықшасында саңылаулар көрінеді. Ядро цитоплазмамен қоршалған. Онда ядрошықтар анық көрінеді. Бір клеткада бір немесе бірнеше ядрошықтар бар. Клеткада бір немесе бірнеше клетка вакуолі болады.

3-тапсырма. Басты пияз (*Allium sera*) клеткаларынан цитоплазма, ядро, вакуоль және клетка қабықшасын анық байқағаннан кейін сурет салатын альбомға суретін салып қою керек.

Басты пияз (*Allium sera*) эпидермасының уақытша препаратын микроскоптың кіші ұлғайтқышы арқылы қарап, сурет салатын бөліктерді анықтау қажет (мысалы, клеткалардың пішіні, клетканың ішкі құрылышының ерекшеліктері). Жай қарындашпен қосымша сзықтар арқылы сурет шекарасын сыйып, одан соң нақты кескіні беріледі. Екі жінішке сзық арқылы клетка қабықшасын, цитоплазманы, ядроның суретін салады. Объективті үлкен ұлғайтқышқа ауыстырып, клетка қабықшасының санылауын, ядродағы ядрошықты көруге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мөлшеріне байланысты клеткалардың қандай түрлері бар?
2. Протопласт құрамында қандай органоидтар болады (ядрошығы бар ядро, эндоплазмалық тор, пластидтер, рибосома, Гольджи кешені, лизосома, т.б.) және олардың атқаратын қызметі?
3. Өсімдік клеткасының қабықшасы қандай заттардан тұрады?
4. Жарық микроскопы арқылы клетка құрылышының қандай бөліктерін көреміз?

Зертханалық сабак № 4 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Хромопласттардың құрылышы.

Сабак мақсаты. Піскен жеміс клеткаларында хромопласттар құрылышымен танысу.

Тапсырма.

1. Томаттың піскен жемістері құрамындағы хромопласттарды қарау.
2. Томаттың піскен жемістері құрамындағы хромопласттарды қарап болғаннан кейін сурет салатын альбомға суретін салып қою керек.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: томаттың піскен жемістері.

Суретпен бейнеленген құралдар: хромопласттардың құрылышы бейнеленген сызба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), заттық және жабындық шынылар, сапты инелер, іскектер, тамшуырлар, глицерин, сорғыш қағаз, сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара түсті қалам, түрлі түсті қарындаштар.

1-тапсырма. Томаттың піскен жемістері құрамындағы хромопласттарды қарау.

Заттық шыныға глицерин ерітіндісін тамызады. Ол хромопласттардың анық көрінуі үшін жағдай жасайды. Сапты ине арқылы томат жемісінің жұмсақ бөлігінен алып, заттық шыныдағы глицерин тамшысына салады да, бетін жабындық шынымен жауып қояды. Клеткалар тез ыдырау үшін жабындық шынының бетін сапты иненің ұшымен ақырын соғып, мацерация құбылышын жүргізу қажет. Алдымен микроскоптың кіші ұлғайтқышы арқылы қарап, одан

кейін үлкен ұлғайтқышқа ауыстырады. Клеткалар пішіні дөңгелек, сопақша, онда хромопласттар пішіні дөңгелек, ине тәріздес.

2-тапсырма. Томаттың піскен жемістері құрамындағы хромопласттарды қарап болғаннан кейін сурет салатын албомға суретін салып қою керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Өсімдіктердің қандай мүшелерінің клеткаларында хромопласт жиі кездеседі?
2. Хромопласттың пигменттік құрамы қандай?
3. Хромопласттар пішіні неге әр түрлі болады?
4. Хромопласттың биологиялық маңызы қандай?

Зертханалық сабак № 5 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Цитоплазманың қозғалысы.

Сабак мақсаты. Цитоплазманың қозғалысын бақылау.

Тапсырма.

1. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы цитоплазма қозғалысын бақылау.

2. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы цитоплазма қозғалысын бақылағаннан кейін сурет салатын албомға суретін салып қою керек.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиғи құралдар: Сужапырақ өсімдігінің (*Elodea canadensis*) жапырактары.

Суретпен бейнеленген құралдар: цитоплазманың қозғалысы бейнеленген сұзба.

Көсімша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), заттық және жабындық шынылар, сапты инелер, іскеектер, тамшуырлар, суы бар шыны ыдыс, сорғыш қағаз, сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

1-тапсырма. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы цитоплазма қозғалысын бақылау.

Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жас өркенінің ұшынан 1-2 см төмен орналасқан жапырақтың біреуін іскеек арқылы алып, заттық шыныдағы тамшы суға салып, абалап жабындық шынымен жауып қояды. Препаратты микроскоптың заттық үстелшесіне жапырақтың шеті көрінетіндей қою керек. Алдымен микроскоптың кіші, одан кейін үлкен ұлғайтқышы арқылы қарау керек. Жапырақ шетінде клеткалар бір қатар орналасқан, сондықтан оларды зерттеуде жұқа кесінділер жасау қажет емес.

Дайын препараттан кіші ұлғайтқыш арқылы цитоплазма қозғалысын бақылауға болады. Ол үшін орталық ұзарған клеткалар жақсы көріну үшін препаратты қозғайды. Бір хлоропластқа барлық назарды аударып, цитоплазмадағы оның қозғалысын бақылайды. Егер клеткада орталық бір вакуоль болса, цитоплазма клетка қабықшасын жағалай қозғалады. Бұл цитоплазманың ротациялық қозғалысы болып табылады. Егер клеткада бірнеше

вакуоль болса, цитоплазма қанша жерге бөлінсе, олардың әрбір бөлігінде цитоплазма ретсіз әр түрлі бағытта қозғалады. Бұл цитоплазманың циркуляциялық қозғалысы болып саналады.

2-тапсырма. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы цитоплазма қозғалысын бақылағаннан кейін сурет салатын албомға суретін салып қою керек.

Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағының бір клеткасының суретін сурет салатын альбомға салып, бағытталған сзықтар арқылы цитоплазманың қозғалысының бағытын (ротациялық немесе циркуляциялық) көрсету қажет.

Бақылау тұрақтары:

1. Цитоплазманың қандай қозғалысы болады?
2. Цитоплазманың қозғалысының қандай түрлері бар?
3. Цитоплазманың әр түрлі қозғалысы клеткада қай уақытта болады?

Зертханалық сабак № 6 (2 сағ.)

Сабақ тақырыбы. Кірпікшелі кебісше цитологияның зерзаты ретінде.

Сабақ мақсаты. Кірпікшелі кебісшені цитологияның зерзаты ретінде қарастыру.

Тапсырма.

1. Уақытша препараттар дайындау әдістерін үйрену.
2. Кірпікшелі кебісшені зерзат ретінде қарастырып, оның суретін салу.
3. Кірпікшелі кебісшенің қозғалысын қарастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: кірпікшелі кебісшенің тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: кірпікшелі кебісшенің құрылышы бейнеленген сыйба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), заттық және жабындық шынылар, сапты инелер, іскектер, тамшуырлар, суы бар шыны ыдыс, сорғыш қағаз, сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

1-тапсырма. Уақытша препараттар дайындау әдістерін үйрену.

Зертханалық жағдайда уақытша микропрепараттарды сабақ алдында немесе сабақ барысында дайындалап, зерзатты бақылап болғаннан кейін жояды. Ұсақ, түссіз жануарларды немесе жануар бөліктерін суға немесе глицеринге салып, уақытша препараттар дайындауға болады.

Препараттарға арналған шынылар (заттық және жабындық) таза, құрғақ болуы керек. Оларды шыны бетіне тимей, қарама-қарсы орналасқан екі шетінен алғып ұстайды. Уақытша препаратты заттық шыныға тамшуырмен үлгінің бір тамшысын тамызып дайындайды. Содан кейін жабындық шыныны екі шетінен ұстап, оны сәл еңкейтіп, оның тәменгі шетін заттық шыныдағы тамшының үстіне ақырын ғана салады. Сол кезде бос қолмен іскеек арқылы жабындық

шынының жоғарғы шетін ұстап, оны ақырын түсіруге болады. Заттық шыныдағы тамшы үлкен болмауы тиіс, яғни жабындық шыны оның үстінде қалқып жүрмеуі қажет. Керісінше болған жағдайда уақытша препараторпен жұмыс жасау және зерзатты микроскоптың үлкен ұлғайтқышы арқылы қарау қыынға түседі. Егер уақытша препаратта сұйықтық көп болса, сорғыш қағаз арқылы артық суды сорғызып алады. Бұл жұмысты тұтқалы ұлғайтқыш әйнектің үстелшесінде істеу қажет, өйткені артық суды сорғыш қағазбен сорғызып, зерттелуге тиісті қарапайымдыларды да байқамай сумен сорып алуға болады.

Ірі қарапайымдылармен (кәдімгі амеба, домаланғы, т.б.) жұмыс жасағанда, оларды жабындық шынымен жапқан кезде зақым келтіру қауіптілігі болғандықтан, аталған шыныны сәл көтеріп тұратын балауыз немесе сомядродан кішкентай «аяқшалар» жасайды. Аяқшаларды келесі әдіспен дайындаиды: біріншіден, балауызды уқалап, жұмсартады. Содан кейін жабындық шынының төрт бұрышының әрқайсысымен балауызды сыйып, аяқшалар жасайды. Аяқшалары дайын болғаннан кейін жабындық шыныны аяқшаларын төмен қаратып қояды.

Су микропрепараттарымен жұмыс жасағанда, жұмыс үстелінде жарық жаңып тұрганда немесе температура жоғарылағанда, олардың тез кеуіп қалатынын ескеру керек. Сондықтан препараттарды шамға жақын жерде немесе жарық микроскопының үстелшесінде ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды. Препараттағы судың кеуіп кетуіне қарай тамшуырмен жабындық шынының шетінен су тамызып отырады.

2-тапсырма. Кірпікшелі кебісшені зерзат ретінде қарастырып, оның суретін салу.

Кірпікшелі кебісше кірпікшелі инфузориялардың негізгі зерзаты болып табылады. Дене мөлшері 30-40 мк-нан 1 мм-ге жетеді. Ол тұщы суларда, топырақта мекендейді. Кірпікшелі кебісше бактериялармен қоректенеді.

Кірпікшелі кебісшелер өсірілген тұщы судан заттық шыныға тамшуырмен 1-2 тамшы тамызып, микроскоптың кіші ұлғайтқышы арқылы қарағанда түрлі бағытқа қарай қозғалып жүрген кірпікшелі кебісшелер көрінеді. Сол кезде оның пішінін, денесінің алдыңғы доғал және артқы сүйір жағын анықтап қарауға болады.

3-тапсырма. Кірпікшелі кебісшенің қозғалысын қарастыру.

Кірпікшелі кебісшенің қозғалысын бақылағанда, оның денесіндегі цитоплазма өсінділері - кірпікшелері арқылы тез қозгалатынын байқауға болады. Кірпікшелердің үйлесімді толқуы кірпікшелі кебісшенің ілгері, кейін, жан-жаққа бұрылып жылжуын қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Уақытша препараторды қалай дайындаиды?
2. Аяқшаларды қандай мақсатпен жасайды?
3. Кірпікшелі кебісшенің құрылышы қандай?
4. Кірпікшелі кірпікше ядросының құрылышы қандай?

5. Кірпікшелі кебісше қалай қозғалады?

Зертханалық сабак № 7 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Пияздың тамыр ұшы клеткаларындағы митоз кезеңдері.

Сабак мақсаты. Тамыр ұшы меристемалық клеткаларындағы митоз кезеңдерін оқып үйрену.

Тапсырма.

- Пияздың тамыр ұшы меристемалық клеткаларындағы митоз кезеңдерін анықтау.
- Митоз кезеңдерін анықтағаннан кейін суретін салып қою.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: тамыр ұшының ұзыннан кесіндісінің дайын препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: митоз кезеңдері бейнеленген сýзба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

1-тапсырма. Пияздың тамыр ұшы меристемалық клеткаларындағы митоз кезеңдерін анықтау.

Басты пияз тамыр ұшының ұзыннан кесіндісінің дайын препаратын микроскоптың заттық үстелшесіне қояды. Микроскоптың кіші ұлғайтқышы арқылы тамыр ұшын қараңыз. Сыртынан ол тамыр оймақшасымен қапталған. Оймақша астында митоз процесі белсенді жүретін меристемалық клеткалардың топтары орналасады. Бұл клеткалар пішіні бойынша ұқсас, ірі ядрою бар және бір-бірімен тығыз орналасады. Меристемалық клеткалар арасынан интерфазалық ядрою бар клетканы табыңыз. Онда ядрошық және ядро қабықшасы анық көрінген. Осындаі клеткалардың саны көп, себебі митоз кезеңдеріне қарағанда, интерфаза ұзак уақытқа созылады. Бөлінген ядроны мұқият қарап, профаза, метафаза, анафаза және телофаза кезеңдерін табыңыз. Профазада ядрошықтың жоғалуы мен хромосомаларды көрсетіңіз. Метафазада ядро қабықшасының болмауын, ахроматинде жіппелердің анық шекарасын және қою, жуан хромосомаларды байқаңыз. Анафазада хромосомалардың экваторға тартылуын және анафаза соңында клетка полюсіне жақындауын көрсетіңіз. Телофазада жаңа ядроның түзілуі, ядрошықтың анық байқалуы және ядро қабықшасының пайда болуы көрінеді. Сонымен қатар, клетканың бөлінуі цитокинез процесі де байқалады. Препараттан митоз кезеңдерін анықтап, суретін салыңыз.

2-тапсырма. Митоз кезеңдерін анықтағаннан кейін суретін салып қою.

Зертханалық сабак № 8 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Хлоропласттардың құрылышы.

Сабак мақсаты. Клеткада хлоропласттардың пішіні мен орналасуын үйрену.

Тапсырма.

1. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы хлоропласттарды анықтау.

2. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы хлоропласттарды анықтағаннан кейін суретін салып қою.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиғи құралдар: сужапырақ (*Elodea canadensis*) өсімдігі.

Суретпен бейнеленген құралдар: хлоропласттардың құрылышы бейнеленген сызба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), заттық және жабындық шынылар, сапты инелер, іскеек, суы бар кристаллизатор, 8% ас тұзының ерітіндісі, сорғыш қағаз, сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара түсті қалам, түрлі түсті қарындаштар.

1-тапсырма. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы хлоропласттарды анықтау.

Сужапырақ өсімдігі жас өркенінің ұшынан 1-2 см төмен орналасқан жапырақтың біреуін іскеек арқылы алғып, заттық әйнектегі тамшы суға салып, абалап жабын әйнекпен жабады. Препаратты жапырақтың шеті көрінетіндей микроскоп үстелшесіне қою керек. Алдымен микроскоптың кіші, одан кейін үлкен ұлғайтқышы арқылы қарайды. Жапырақ шетінде сопақша, жінішке, ашық жасыл түсті клеткалар, ал ортасында паренхималық клеткалар және қара жолақтар ретінде клеткааралықтар бар. Жапырақ шетінде клеткалар бір қатар орналасқан, сондықтан оларды оқып-үйренуде жұқа кесінділер жасау қажет емес. Бүйір жағында орналасқан хлоропласттар пішіні линза тәріздес болып көрінеді.

1-тапсырма. Сужапырақ өсімдігі (*Elodea canadensis*) жапырағындағы хлоропласттарды анықтағаннан кейін суретін салып қою.

Алынған өсімдік клеткасының суретін салып, хлоропласттарды, сонымен қатар клетка қабықшасы, вакуоль, ядро және цитоплазманы белгілеп қою керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Хлоропласттың пигменттік құрамы қандай?
2. Хлоропласттың атқаратын қызметі қандай?
3. Хлоропласттың электрондық құрылышы неден тұрады?

Зертханалық сабак № 9 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Жыныс клеткаларының құрылышы.

Сабак мақсаты. Жыныс клеткаларының құрылышымен танысу.

Тапсырма.

1. Жыныс клеткаларының құрылышын оқып үйрену.
2. Жыныс клеткаларының құрылышын оқып үйренигенен кейін суретін салып қою.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: жыныс клеткаларының дайын тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: жыныс клеткаларының құрылышы бейнеленген сýзба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

1-тапсырма. Жыныс клеткаларының құрылышын оқып үйрену.

Жануарлар мен өсімдіктердің көпшілігінің көбеюі жыныс клеткаларының (гаметалардың) қатысуымен жынысты жолмен қамтамасыз етіледі. Бұл клеткалар жыныс бездерінде дамиды. Жұмыртқа клеткасы мен аталық жыныс клеткалары - эволюция үрдісінде пайда болған ерекше қызметтерді, соның ішінде аталық және аналық жыныс клеткаларының кездесуін, ұрықтануды, т.б. атқаруға бейімделген жоғары дәрежеде жіктелген клеткалар. Жыныс клеткаларының дене клеткаларынан белгілі айырмашылықтары бар, соны анықтау студенттерде тапсырма ретінде беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Жұмыртқа клеткасының құрылышы қандай?
2. Аталық жыныс клеткасының құрылышы қандай?
3. Жыныс клеткаларының дене клеткаларынан қандай айырмашылықтары бар?

Зертханалық сабак № 10 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Жұмыртқа клеткасының бөлшектенуі.

Сабак мақсаты. Жұмыртқа клеткасының бөлшектену түрлерімен танысу.

Тапсырма.

1. Жұмыртқа клеткасының бөлшектену түрлерімен танысу.
2. Жұмыртқа клеткасының бөлшектену түрлерімен танысқаннан кейін суретін салу.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: жұмыртқа клеткасының бөлшектенуінің дайын тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: жыныс клеткасының бөлшектену түрлері бейнеленген сýзба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

1-тапсырма. Жұмыртқа клеткасының бөлшектену түрлерімен танысу.

Жұмыртқа клеткасы ұрықтанғаннан кейін бөліне бастайды. Жұмыртқа клеткасының бөліну үдерісін **бөлшектену** деп атайды. Бөлшектену митоз арқылы журеді. Бөлшектену барлық көпклеткалы жануарларға тән. Оның нәтижесінде көпклеткалы ұрық пайда болады. Толық бөлшектенетін жұмыртқа клеткаларын **голобласталық** (holos - толық, blastos - ұрық), ал жартылай бөлшектенетіндерін **меробластикалық** деп атайды.

Жұмыртқа клеткасының толық бөлшектенуі **бірқалыпты** және **бірқалыпты емес** болып бөлінеді. Толық бірқалыпты бөлшектену **қандауыршаның** жұмыртқа клеткасына тән, өйткені онда сарыуыз мөлшері аз болады. Бөлшектенудің бұл түрінде шамамен мөлшері бірдей клеткалар немесе бластомерлер қалыптасады. Толық бірқалыпты емес бөлшектену кейбір дөңгелек ауыздылардың, шеміршекті балықтардың, қосмекенділердің жұмыртқа клеткаларына тән, өйткені онда сарыуыз мөлшері көп болады. Бөлшектенудің бұл түрінде мөлшері әр түрлі болып келетін бластомерлер қалыптасады. Сол кезде бірінші екі бөлшектену барысында мөлшері бірдей бластомерлер қалыптасса, содан кейін анимальдік жартышарда орналасқан бластомерлер тез бөліне бастайды да, вегетативті жағында орналасқан бластомерлерден кіші болып қалады. Анимальді жартышардағы бластомерлерді **микромерлер**, ал вегетативтікегілерді **макромерлер** деп атайды.

Жұмыртқа клеткасының жартылай бөлшектенуі **беттік** және **дискілік** болуы мүмкін. Бұынақтыларға тән болып келетін жартылай беттік бөлшектену кезінде жұмыртқа клеткасының бетіндегі цитоплазманың жұқа қабаты мен ядро маңындағы оның азды-көпті жиынтығы ғана бөлшектенеді, ал сарыуызға бай орталық бөлімі бөлшектенбейді де, сол қалпында өзгеріссіз қалады. Ал сүйекті балықтарға, жорғалаушыларға, құстарға тән болып келетін жартылай дискілік бөлшектену барысында жұмыртқа клеткасы анимальдік жартышар беткейінің тек қана диск тәрізді бөлігі ғана бөлшектенеді, ал сарыуызы көп бөлігі өзгермейді.

Бөлшектенудің нәтижесінде ортасы қуыс көпклеткалы бірқабатты ұрық пайда болады. Бұндай ұрықты **бластула** деп атайды. Бластула қабырғасын қалыптастыратын клеткалар қабаты **blastoderma** (derma - тері), ал бластула қуысы **бластицель** (koilon - қуыс) немесе бірінші реттік дене қуысы деп аталаады. Ал бөлшектену нәтижесінде тұт ағашының немесе бұлдірген жидегін еске түсіретін ішінде қуысы болмайтын шар тәрізді болып келетін ұрықты **морула** (morula - тұт ағашының жидегі) деп атайды. Мұндай бластула қағанақты сүткоректілерге тән болып келеді.

Жұмыртқа клеткасының бөлшектену типіне байланысты бластуланың моруладан басқа алты типі бар. Олар: целобластула, амфибластула, стерробластула, дискобластула, перибластула және плакула.

Кәдімгі бластула немесе **целобластула** деп бластодермасы клетканың бір қабатынан тұратын және бластицелі ортасында орналасқан бластуланы айтады. Мұндай бластула қандауыршаға тән болып келеді. **Амфибластула** кәдімгі бластуладан бластицельдің анимальді жартышарға, яғни кіші бластомерлер зонасына ығысуымен және бластодерманың бірнеше клетка қабатынан

тұратындығымен ерекшеленеді. Бұндай бластула дөңгелек ауыздыларға, шеміршекті ганоидтарға, сонымен қатар қосмекенділерге тән болады. Стерробластула (sterros - тығыз) бластодерманың ірі клеткаларынан тұрады, олар бластоцель қуысына терең енгенгендіктен, соңғысынан ештеңе қалмағандығын байқауға болады. Мұндай бластула кейбір буынаяқтыларға тән. Дискілік бөлшектенудің нәтижесінде дискобластула қалыптасады, оның бластоцелі тар санылау түрінде берілген. Ол сарыуыздың арасында орналасып, ұрық дискісі деп аталады. Бластуланың бұл типін сұйекті балықтардан, жорғалаушылардан, құстардан байқауға болады. Жұмыртқа клеткасының беткейлік бөлшектенуі кезінде periбластула қалыптасады, оның бластодерма клеткалары бөлшектенбеген сарыуыздан шеткі жағына қарай орналасады, ал бластоцелі болмайды. Бластуланың мұндай типі кейбір бунақденелілерге тән болады. Плакула беткі екі жағынан да бөлшектенген тақташа түрінде берілген. Мұндай бластула құрлықтағы олигохеттерге тән.

Бөлшектену үдерісіне және сонымен қатар ағзаның даму кезеңдеріне сыртқы ортаның жағдайлары әсер етеді, өйткені ағзаның дамуы сыртқы ортада жүзеге асады. Жұмыртқа клеткасының бөлшектенуі кезінде ортаның өзгеруінен ол ортаның жаңа жағдайларына бейімделе бастайды. Егер сыртқы орта жағдайлары айтарлықтай өзгеретін болса, онда дамып жатқан ағза қалыпты даму жолынан ауытқуы немесе тіршілігін жоюы мүмкін. Ал орта сәл өзгерістері тек қана бөлшектену қарқынына әсер ете алады.

Жұмыртқа клеткасының бөлшектенуі және ағзаның бастапқы кезеңдерінде сыртқы ортадағы оттегінің құрамы айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Оттегі мөлшері азайғанда, бөлшектенудің жылдамдығы баяулайды да, соның нәтижесінде дамып жатқан ұрық тіршілігін жояды. Ал қоршаған орта температурасының жоғарылауынан жұмыртқа клеткасының бөлшектену үдерісінің жылдамдығы да жоғарыласа, ал температураның төмендеуі бұл үдерісті тежейді.

Бөлшектену морула немесе бластуланың пайда болуымен аяқталғаннан кейін клетка материалының қозғалып, орын алмасуының нәтижесінде бластомерлердің көп санының тұратын бірқабатты ұрық бластула екі қабатты ұрыққа - гастрulaға айналады, яғни гастрология (грекше gaster - қарын) екіқабатты ұрықтың қалыптасу үдерісі болып табылады. Эмбриональды дамудың бұл кезеңіне қарқынды морфогенетикалық қозғалыс тән, оның нәтижесінде ұлпалардың болашақ қосалқылары ағзаның құрылымдық ұйымдасуының жоспарына сәйкес орынға қозғалады. Гастроуляция барысында бластула клеткаларының бір қабатынан, яғни бластодермадан әр түрлі әдістермен клеткалардың екі қабаты немесе ұрық жапырақшалары: сыртқы - эктордерма (ektos - сыртқы) және ішкі - энтодерма (entos - ішкі), содан кейін үшінші - ортаңғы ұрық жапырақшасы немесе мезодерма (mezzos - ортаңғы) қалыптасады. Бұл ұрық жапырақшалары әрі қарай даму кезінде ұлпалар мен мүшелер қалыптасатын эмбриональды қосалқыларға бастау болады. Гастроула кезеңінде алғашқы ішек немесе архентерон түзіледі. Алғашқы ішекті сыртқы ортамен жалғастыратын тесікті алғашқы ауыз немесе blastopор дейді. Түрлі

жануарлардың бластопорының тағдыры түрліше: тұрақты ауызға немесе аналь (артқы) тесіктеріне айналуы мүмкін. Бластопоры тікелей ауыз тесігіне айналатын болса, ондай жануарларды алғашқы ауыздылар деп атайды. Бұған жататындар құрттар, моллюскалар мен бұынаяқтылар. Бластопоры аналь тесігіне сәйкес келетін жануарларда тұрақты ауыз ұрықтың артқы ұшында жаңадан пайда болатын болса, ондай жануарларды екінші ауыздылар дейді.

Гаструляцияның төрт типін немесе әдісін ажыратады: иммиграция, инвагинация, эпиволия, деляминация.

Филогенетикалық даму үдерісінің бастапқы немесе гаструляцияның қарапайым формасы көшу немесе иммиграция болып табылады. Екі қабатты ұрықтың қалыптасуының мұндай тәсілінің мәні - бөлек клеткалар немесе клеткалар топтарының бластодермадан бластицельге белсенді түрде көшуі. Бластодерма клеткаларының бөлінуінің нәтижесінде ішкі ұрықтық жапырақша - энтодерма түзіледі де, ал өз орнында қалғандары сыртқы ұрықтық жапырақша - эктодерманы құрайды. Егер бластодерма клеткалары бластицельге бластуланың тек қана бір жақ вегетативті бөлігінен орын ауыстырса, ондай иммиграцияны униполлярлы немесе бір полюсті деп, ал бластодерманың әр түрлі бөлімдерінен көшкен кезде мультиполярлы немесе көп полюсті деп аталады. Униполлярлы иммиграция гидроидты полиптерге, медузаларға және барлық гидромедузаларға тән болады. Мультиполярлы иммиграция сирек кездесетін жағдай, ол тек қана кейбір медузаларда байқалуы мүмкін. Иммиграция барысында гастраль қуысы немесе гастроцель (бірінші реттік ішек қуысы) екі қабатты ұрықтың қалыптасуымен бірге түзіледі (мысалы, гидромедузаларда) немесе одан кейін қалыптасады (ішекқуыстылардың көптеген түрлері). Ишекқуыстыларда бластодерма клеткаларының жаппай орын ауыстыруы байқалады, соның нәтижесінде бластицель толығымен жабылып, қуысы жойылады да, тек қана энтодерманың бөлінуі нәтижесінде ғана сыртқы ортамен байланыссыз болатын гастроцель қалыптасады. Гаструляцияның қалған тәсілдері иммиграцияның туындылары болып табылады.

Егер гаструляция ойылу немесе инвагинация жолымен өтетін болса (in - ойылу, *vagina* - қабық), онда бластуланың бірқабатты қабырғасы - бластодерма бластицельдің ішіне ойылып кіруінің нәтижесінде қарама-қарсы орналасқан қабырғасымен беттеседі. Ойылу бластуладан ірі клеткаларымен байқалатын вегетативті бөлігінен басталады да, анимальдік жартышарына қарай бағытталады. Инвагинацияның нәтижесінде екі қабаты: сыртқы қабаты - эктодерма, ішкі қабаты - энтодерма қалыптасады. Ойылудан кейін энтодерма клеткаларымен қоршалған алғашқы ішек қуысы пайда болады. Бұл қуысты гастраль қуысы деп атайды.

Қаптап өсу немесе эпиволия кезінде бластуланың анимальдік бөлігі вегетативтік бөлігін қаптап өседі де, эктодерманы құрайды, ал вегетативтік жартышардың клеткалары энтодерманы түзеді. Эпиволия жолымен өтетін гаструляция барысында бластуланың анимальдік бөлігіндегі бластодерма клеткалары вегетативті жартышардың клеткаларынан гөрі тез бөлінеді. Соған

байланысты анимальдік бөлігінің ұсақ клеткалары бірте-бірте бөлініп, вегетативті жартышардың ірі клеткаларын қаптап, эктодерманы түзеді, ал вегетативті жартышардың клеткалары энтодерманы құрайды. Эпидемия кейір дөңгелек ауыздыларға және қосмекенділерге тән болады.

Қабаттасу немесе деляминация жолымен гаструляция кезінде бластодерма клеткаларының бөлінуі нәтижесінде қалыптасқан клеткалар бластроцельге ығысады да, ішкі ұрық жапырақшасын немесе энтодерманы құрайды, ал бластодерманың өз клеткаларынан сыртқы ұрық жапырақшасы - эктодерма қалыптасады. Бөлінген клеткалардың бластроцельге ығысуы - бұл бірінші реттік деляминация болса, ал екінші реттік деляминация барысында эктодерманың болашақ клеткалары керісінше сыртқа ығысады. Гаструляцияның мұндай типі кезінде бластопор қалыптаспауды нәтижесінде гастроцель сыртқы ортамен байланыса алмайды. Екі қабатты ұрық қалыптасуының бұл типі ішеккуыстыларда, сонымен қатар жоғары қағанақты сүткоректілерде байқалады.

Адам мен желілік жануарлар ұрығында нерв тұтігінің түзілу процесін нейруляция дейді. Дамудың бұл кезеңі гаструляция аяқталғаннан кейін нейрула деп аталатын эмбриондық даму кезеңінде жүреді. Нейруляция барысында біліктік мүшелердің, яғни желі мен сомиттердің пайда болуы және басқа эмбрионалдық бастамалардың оқшаулануы байқалады. Біліктік мүшелердің қалыптасуы желілілер типінің барлық өкілдеріне тән болады. Нейруляция кезінде мезодерма клеткалары клеткалардың төрт жиынтығын құрайды. Олар мына эмбриональдық бастамаларды береді: арқа ішегін немесе желіні (chorda - желі), сегменттелген мезодерманы немесе арқа сегменттерін, не сомиттерді, сегменттелген сабактарды немесе нефротомды (perihros - бүршік) және бүйір тақташаларды, не сегменттелген мезодерманы немесе спланхнотомдарды (splanchnos - іші).

Сегменттелген мезодерма немесе спланхнотом клеткалардың екі қабатына немесе екі жапырақшаға ажырайды: сыртқы немесе париетальдық (paries - қабырға) және ішкі немесе висцеральдық (viscera - ішкі). Спланхнотомның сыртқы және ішкі жапырақшаларының арасындағы қуыс дененің екінші реттік қуысы немесе целом деп аталады. Желінің екі жағында симметриялы орналасқан мезодерманың клеткалар жиынтығы сегменттелген мезодерма немесе сомиттер болып табылады.

2-тапсырма. Жұмыртқа клеткасының бөлшектену түрлерімен танысқаннан кейін суретін салу.

1. Бөлшектену үрдісі түрлерінің сыйбанұсқасын салу.
2. Бластула типтерімен танысқаннан кейін олардың суретін салу.
3. Гаструляция типтерін менгергеннен кейін олардың суретін және нейруляциямен танысқаннан соң құстарда біліктік мүшелер бастамаларының қалыптасуының сыйбанұсқасын салу.

Бақылау сұрақтары:

1. Бөлшектену дегеніміз не?

2. Голобластикалық және меробластикалық жұмыртқа клеткалары деген не?
3. Толық бөлшектенудің қандай түрлерін ажыратады?
4. Толық бірқалыпты бөлшектену қандай ағзаларға тән? Не себепті?
5. Микромерлер мен макромерлер қандай бөлшектену кезінде қалыптасады?
6. Толық бірқалыпты емес бөлшектену қандай ағзаларға тән?
7. Жартылай бөлшектенудің қандай түрлері бар?
8. Жартылай дискілік бөлшектену қандай ағзаларға тән болып келеді?
9. Бластула, морула дегеніміз не?
10. Бластуланың қандай типтері бар?
11. Морула қандай ағзаларға тән болады?
12. Кәдімгі бластула немесе целобластула деген не?
13. Амфибластула деген не?
14. Амфибластула қандай ағзаларға тән?
15. Стерробластуланың ерекшелігін неден байқауға болады?
16. Стерробластула қандай ағзаларға тән?
1. Қандай бөлшектенудің нәтижесінде дискобластула қалыптасады?

Зертханалық сабак № 11 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Ұлпалардың жіктелуі.

Сабак мақсаты. Ұлпалардың түрлерімен танысу.

Тапсырма.

1. Ұлпалардың түрлерімен танысу.
2. Ұлпалардың түрлерімен танысқаннан кейін олардың жіктелуінің сызбанұсқасын құру.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиғи құралдар: ұлпа түрлерінің дайын тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: ұлпа түрлері бейнеленген сызба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш.

Ұлпа (орысша ткань, грекше *hystos*) дегеніміз белгілі қызметті атқаруға арналған құрылышы ұқсас тарихи қалыптасқан клеткалар мен клеткааралық заттардың кешені. Ұлпалардың микроскопиялық құрылышы мен қызметін зерттеудің негізінде Франс Лейдиг 1853 жылы олардың бірінші жіктелуін ұсынған болатын. Оның жіктелуін Альберт Келлиker 1855 жылы жарық көрген өзінің гистология оқулығында пайдаланған. Лейдиг пен Келлиker ұлпаларды төрт топқа бөлген:

1. Эпителийлік ұлпалар;
2. Дәнекер ұлпалар;
3. Бұлшықет ұлпалары;
4. Нерв ұлпасы.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлпалардың бірінші болып жіктеген ғалымдар?

2. Үлпаларды қалай жіктеген?
3. Үлпалардың төрт типін екі топқа біріктіруді қандай ғалым ұсынған?
4. Жалпы маңызы бар үлпаларға қандай үлпалар жатады?
5. Мамандалған үлпаларға қандай үлпалар жатады?

Зертханалық сабак № 12 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Эпителий үлпасының жіктелуі.

Сабак мақсаты. Эпителий үлпасының түрлерімен танысу.

Тапсырма.

1. Эпителий үлпасының түрлерімен танысу.
2. Эпителий үлпасының түрлерімен танысқаннан кейін олардың суретін салу.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: эпителий үлпасы түрлерінің дайын тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: эпителий үлпасының түрлері бейнеленген сызба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара түсті қалам, түрлі түсті қарындаштар.

Эпителий үлпасы немесе эпителий (epi - үстінгі, teli - бұртік) адам мен омыртқалы жануарлардың дene бетінде орналасып, дененің барлық қуыстарын қаптайты, сыртқы ортамен байланысатын іші қуыс ішкі мүшелерді қоршайды, сонымен қатар ағза бездерінің құрамына кіреді. Тері эпителийі ағзаның басқа үлпаларын жарақаттанулардан сақтайты, яғни қорғаныш қызметін атқарады. Ішек эпителийі асқорыту және қоректік заттарды сініру процестеріне қатысатындықтан, оған трофиқалық және секрециялық қызмет атқарады. Бездер эпителийі секрециялық қызмет, ал бүйрек және тері эпителийі бөліп шығару қызметін атқарады. Өкпе мен тері эпителийі газ алмасу және т.б. қызмет атқарады.

Эпителий үлпасының үш түрлі жіктелуі ажыратады: морфологиялық, физиологиялық және генетикалық. Эпителий үлпасының морфологиялық жіктелуі үш белгіге негізделген: клетка қабаттарының саны, клеткалардың пішіні және олардың бос жатқан бетінің құрылымы ерекшеліктері. Клетка қабаттарының санына байланысты эпителий үлпасының бірқабатты және көпқабатты түрлерін ажыратады. Клеткалардың пішініне қарай эпителий үлпасы жалпақ, куб тәрізді, призма тәрізді және цилиндр тәріздіге бөлінеді. Эпителий үлпаларының бос жатқан бетінің құрылымы ерекшеліктеріне байланысты кірпікшелі, микротүкшелі, қауырсынды және талшықты түрлерін ажыратады.

Физиологиялық жіктелуі бойынша эпителий үлпасын тері немесе жабын, ішек немесе трофиқалық, жылтыраған немесе кірпікшелі, секрециялық немесе

безді түрлерін ажыратады. Эпителийдің генетикалық жіктелуі белгілі бір ұрық жапырақшасынан (эктодерма, мезодерма немесе энтодерма) келіп шығын белгілейді. Эпителий ұлпасының шығу тегі бойынша жіктелуінің мысалы ретінде целомды қаптайтын мезодермадан қалыптасқан эпителий ұлпасын келтіруге болады. Мезодермадан пайда болуына байланысты оны **мезотелий** деп атайды.

Морфологиялық түрғыдан мезотелий өзінің астында орналасқан дәнекер ұлпасымен базальдік мембраннымен байланысқан жалпақ клеткалардан тұратын тұтас қабат. Клеткаларының жиегі тегіс болмай, ирек-ирек болып келеді. Олардың кейбіреуі екі немесе үш ядролы. Мезотелийдің басқа ұлпалардан пайда болмайтыны және оларға айналмайтыны бұның жоғары дәрежеде мамандалғанын көрсетеді. Мезотелий клеткаларының арасында десмосомалық байланыстар болады. Ішкі мүшелер бір-бірімен қосылып, бітісіп-жабысып қалмауына және олардың орын ауыстырып қозғалуына мезотелий қолайлыша жағдай туғызады. Мезотелийдің регенерация қабілеті жоғары.

Бақылау сұрақтары:

1. Эпителий ұлпасының атқаратын қызметі қандай?
2. Эпителий ұлпасының қандай үш түрлі жіктелуін ажыратады?
3. Эпителий ұлпасының түрлері бір-бірінен немен ерекшеленеді?

Зертханалық сабак № 13 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Дәнекер ұлпасының түрлері.

Сабак мақсаты. Дәнекер ұлпасының түрлерімен танысу.

Тапсырма.

1. Дәнекер ұлпасының түрлерімен танысу.
2. Дәнекер ұлпасының түрлерімен танысқаннан кейін олардың суретін салу.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: дәнекер ұлпасы түрлерінің дайын түрақты препараттары.

Суреттен бейнеленген құралдар: дәнекер ұлпасының түрлері бейнеленген сызба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

Бақылау сұрақтары:

1. Дәнекер ұлпасының атқаратын қызметі қандай?
2. Дәнекер ұлпасының қандай жіктелуін ажыратады?
3. Дәнекер ұлпасының түрлері бір-бірінен немен ерекшеленеді?

Зертханалық сабак № 14 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Бұлшықет ұлпасының жіктелуі.

Сабақ мақсаты. Бұлшықет ұлпасының түрлерімен танысу.

Тапсырма.

1. Бұлшықет ұлпасының түрлерімен танысу.

2. Бұлшықет ұлпасының түрлерімен танысқаннан кейін олардың суретін салу.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиғи құралдар: бұлшықет ұлпасы түрлерінің дайын тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: бұлшықет ұлпасының түрлері бейнеленген сýзба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

Бұлшықет ұлпасы - ағзаның қозғалысы мен ішкі мүшелердің жиырылу процестерін қамтамасыз ететін жоғары дәрежеде мамандалған ұлпа. Бұлшық ет ұлпаларына бірыңғай салалы және көлденең жолақты бұлшықеттері жатады. Ағзадағы орналасуына қарай бұлшық ет ұлпасын висцеральдік (ішкі мүшелердің) және сомалық (дене) бұлшық еттері деп ажыратады.

Бірыңғай салалы бұлшықет ұлпасынан ішкі мүшелердің - қан тамырларының, ас қорыту жолының диафрагма астындағы бөлігінің, тыныс жолдарының, несеп-жыныс мүшелерінің бұлшық ет қабаты түзілген. Бұлшық еттің бұл түрі мезенхимадан дамиды. Бірыңғай салалы деп аталуы оның талшықтарында көлденең жолақтың болмауына байланысты. Жиырылу қызметін вегетативті жүйке жүйесі реттейді.

Бірыңғай салалы бұлшық ет ұлпасының құрылымдық элементі бірыңғай салалы бұлшық ет клеткасы - бірыңғай салалы миоцит. Клетка мағынасында «талшық» деген термин де қолданылады. Пішіні ұршық тәрізді ядроны клетканың жалпақ бөлігінде орналасқан. Жеке клеткалар сирек кездеседі, әдетте олар жуандығы түрліше шоғырлар құрайды. Шоғырларда және олардың аралығында коллагендік және эластиндік талшықтары көп дәнекер ұлпасының жіңішке қабаты болады. Коллагендік және эластиндік талшықтар бұлшық ет клеткаларын байланыстыратын қаңқа құрайды. Дәнекер ұлпасы арқылы қан тамырлары мен жүйкелер өтеді. Бұлшық ет клеткасы миолемма деп аталатын қабықшамен қапталған. Ол сыртқы жағынан базальдік мемранамен (пластикамен) қоршалған. Клетканы қоршаушы базальдік пластинка механикалық функциямен бірге клетканың гомеостазын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Электрондық микроскоп бірыңғай салалы бұлшық ет ұлпасы клеткасының цитоплазмасында митохондриялардың, рибосомалардың, Гольджи кешенінің, гранулалық эндоплазмалық тордың элементтерінің болатынын анықтады. Бұл органеллалар ядроның полюстарында орналасады. Сонымен бірге цитоплазмада жуандығы 7 нм жіңішке және диаметрі 17 нм жуан миофиламенттердің (микрофиламенттердің) болатыны да байқалды. Жіңішке миофиламенттерді актиндік, ал жуанын - миозиндік деп атайды. Жіңішке миофиламенттің құрамында актиннен басқа тағы да екі нәруыз болады -

тропомиозин мен тропонин. Бұл екі нәрүз Ca^{2+} иондары болмағанда актин мен миозиннің ара әрекеттесуін бәсендегі. Кейін аралық филаменттер де ашылды (жуандығы 10 нм).

Көлденең жолақты үлшықет ұлпасы қаңқа еті немесе сомалық (дене) еті деп те аталады. Шығу тегі біркелкі болмайды, әдетте миотомдардан дамиды, бірақ оның кейбір участкерлері мезенхимадан, тіпті нейромезенхимадан дамуы да мүмкін. Бұлшық еттің бұл түрінің құрылымдық элементі клетка емес, симпласт болып саналатын көп ядролы талшық. Талшықтың пішіні цилиндр тәрізді, ұзындығы 1-ден 40 мм дейін, ал жуандығы 0,1 мм жетеді. Көлденең салалы үлшық ет талшықтары плазмалеммамен шектелген. Оның сыртқы бетінде базальді мембрана мен коллагендік талшықтардың жұқа қабаты болады. Осы құрылымды сарколемма (гректің саркос - ет, лемма - қабықша) деп атайды, талшығының цитоплазмасын саркоплазма дейді. Ядроның пішіні таяқша тәрізді.

Құстардың, сүткоректілердің және адамның үлшық ет талшығының ядролары сарколемманың астында цитоплазмандың шет жағында орналасқан, ал төменгі сатыдағы омыртқалылар мен барлық омыртқасыздарда ядро талшықтың ішінде, немесе ортасында жатады. Электрондық микроскоп саркоплазмада мембраннымен шектелген цистерналар мен тұтікшелер жүйесінің болатыны анықтады. Құрылым басқа клеткалардың эндоплазмалық ретикулумына ұқсас болғандықтан оны саркоплазмалық ретикулум деп атайды. Саркоплазмалық ретикулумда гликоген синтезделеді және кальцийдің ионы болады. Гликоген үлшық ет жиырылуына қажет қуаттың көзі, ал кейде бұл мақсатта май қышқылдары пайдаланылады. Үлшық ет талшықтарының цитоплазмасында (саркоплазмасында) талшықтың маңызды функциялық бөлігі болып саналатын миофibrillалар көп болады. Саркоплазма ядроны ғана қоршап қана қоймайды, сонымен бірге миофibrillалардың арасын да толтырып тұрады. Саркоплазмандың мөлшері өзгермелі. Кейбір үлшық ет талшығында саркоплазма аз болып келеді, ал оның есесіне миофibrillалар көп болады. Бұндай талшықтардың жиырылу күші жоғары, бірақ жұмсалған энергияны тез қалпына келтіре алмағандықтан олар тез шаршайды. Ұзақ мерзім жұмыс істейтін үлшықет талшықтарында, керісінше, саркоплазма көп болады да, жиырылғыш зат аз болады.

Миофibrillалардың арасында саркоплазмада көлденең орналасқан сарколеммамен байланысқан T-жүйесі (transversus - көлденең) деп аталатын көлденең тұтікшелер жүйесі болады. Белгілі жерлерде саркоплазмалық ретикулумның екі цистерналарының аралығында T-жүйесінің тұтікшелері орналасқан. Бір T-тұтікше мен екі цистерналар комплексін триада деп атайды. Тұтікше мен цистерналар өзара көлденең мембранның көпіршелер арқылы жалғасқан. Цистерналар Ca^{2+} иондары ұстап және босатуға қатысады. Осының нәтижесінде аталған иондардың концентрациясы не азаяды, не көбейеді. Бұл жағдай АТФ-азаның активтігіне әсер етеді, яғни үлшық ет талшығының жиырылғыштық функциясына әсерін тигізеді.

Жарық микроскопымен қарағанда миофibrillалардың көлденең жолақтығы (сызылғаны) байқалады. Электрондық микроскопиялық зерттеулер сызылғындық актин және миозин жіптерінің орналасуының салдары екенін көрсөтті.

Бақылау сұрақтары:

1. Бұлшықет үлпасының атқаратын қызметі қандай?
2. Бұлшықет үлпасының қандай жіктелуін ажыратады?
3. Бұлшықет үлпасының түрлері бір-бірінен немен ерекшеленеді?

Зертханалық сабак № 15 (2 сағ.)

Сабак тақырыбы. Нейрондардың құрылышы.

Сабак мақсаты. Нейрондардың құрылышын оқып үйрену.

Тапсырма.

1. Нейрондардың құрылышын оқып үйрену.
2. Жүйке үлпасының құрылышымен танысқаннан кейін оның суретін салу.

Қажетті құрал-жабдықтар.

Табиги құралдар: жүйке клеткаларының дайын тұрақты препараттары.

Суретпен бейнеленген құралдар: жүйке клеткаларының құрылышы бейнеленген сызба.

Қосымша құрал-жабдықтар: жарық микроскопы (екі студентке бір-бірден беріледі), сурет салатын альбом, жай қарындаш, қара тұсті қалам, түрлі тұсті қарындаштар.

Жүйке үлпасы жүйке жүйесінің негізгі құрылымдық элементі. Эктодермадан дамиды. Жүйке үлпасы жүйке клеткаларынан немесе нейрондардан (нейроциттерден) және глиялышқ клеткалардан немесе глиоциттерден тұрады. Жүйке үлпасының құрамында рецепторлық клеткалар да болады.

Жүйке клеткалары немесе нейрондар жүйке жүйесінің функциялық бірлігі. Орталық жүйке жүйесі мен ганглиялар нейрондардан тұрады. Мысалы, адам миында 10^{10} -ға жуық жүйке клеткалары болады, бұлардың әрқайсысы $10^3\text{-}10^4$ дейін байланыстар құрайды. Осы тордағы өткізуши жолдардың жалпы ұзындығы 300-400 мың шақырымды құрайды. Нейрондарда нәруыздар алмасуы жүреді. Сүтқоректілердің миындағы нәруыздардың бәрі 14 құннің ішінде жаңарап отырады. Бір клеткада 1 секундта орта есеппен 15000 нәруыз молекулалары синтезделеді, бұлардың көпшілігі ферменттер. Ядро мен оны қоршауышы цитоплазманың аздаған мөлшерінен тұратын денесін немесе перикарионын (грекше peri - маңы, карион - ядро) және өсінділерін аксон (неврит) мен дендриттерін ажыратады. Перикарионда органеллалардың көпшілігі - Гольджи кешені, гранулалышқ эндоплазмалық тор, рибосомалар мен митохондриялар, лизосомалар, түрлі ферменттер, микротүтікшелер, т.б. орналасқан. Аксон мен дендриттердің құрылыштары ұқсас, бірақ өздерінің функцияларымен ажырайды. Дендриттер импульстерді шеттен жүйке

клеткасының денесінен басқа клеткаларға немесе шеткі мүшелерге таратады. Дендриттер саны көп болуы мүмкін және тармақталып келеді. Нейрит бір ғана болады. Нейрит шеткі аппаратты құрап немесе бұлшық еттер мен бездерде аяқталады. Аксондарды жүйке талшықтары деп те атайды, дендриттерден жіңішке болып келеді, ұзындығы бірнеше метрге жетуі мүмкін. Аксонның дистальдік участекісінің нейросекрециялық қабілеті бар. Әдетте олар химиялық медиаторларды (ацетилхолинді) бөледі. Өсінділерінің саны мен орналасуына қарай нейрондарды униполярлы (бір өсінді), биполярлы (екі өсінді), мультиполярлы (үш, одан да көп) және псевдоуниполярлы деп бөледі. Псевдоуниполярлы нейрондар биполярлы клеткалардың бір түрі, оның денесінен кейін аксон мен дендриттен Т-тәрізді болып бөлінетін бір жалпы өсінді тарайды. Адам ағзасының нейрондарының көпшілігі мультиполярлы клеткалар. Мультиполярлы нейрондарының пішіні пирамида, жұлдыз, алмұрт тәрізді болуы мүмкін. Өсінділерінің біреу нейрит (аксон), қалғандары дендриттер. Мультиполярлы клеткаларының аксоны ұзын болып келеді, ал дендриттерінің саны мен ұлкендігі және бұтақталуының пішіні әр алуан болады. Мультиполярлы клеткаларға мишиқтың дәнді клеткасы - корзинка және жұлдыз тәрізді клеткалар және басқа да ұсақ ассоциативтік клеткалық элементтері де кіреді.

Жүйке клеткаларының цитоплазмасына тән арнаулы органеллалар Ниссль түйіршіктегі мен нейрофибриллалар. Ниссльдің түйіршіктегі оптикалық микроскоппен байқалатын хроматофильдік зат. Электрондық микроскоппен қарағанда Ниссль заты бос орналасқан немесе мембранаға бекіген рибосомалар мен полирибосомалары бар гранулалық эндоплазмалық ретикулумның (тордың) жалпақ цистерналарына бай цитоплазманың аймағы екенін көрсетті. Ниссль заты нейрондардың аксондарында болмайды.

Нейрофибриллалар жүйке ұлпасын күміс тұздарымен өндеген кезде цитоплазмада байқалатын жіңішке жіптер нейрофибриллалар жүйке клеткаларының денесінде тор құрайды. Нейрондардың өсінділерінде нейрофибриллалар бір-біріне параллель орналасады. Электрондық микроскоппен зерттеген кезде жүйке клеткаларының цитоплазмасында оптикалық микроскоппен байқалатын нейрофибриллаларға сәйкес келетін нейропротофибриллалар немесе нейрофіламенттер деп аталатын фибрillалық құрылымдар анықталған. Нейрофибриллалар нейрофіламенттердің шоғыры. Нейрофибриллалар цитоплазманың нәруыздарының молекулалары болып саналады. Жүйке клеткасының цитоплазмасы мен дендриттерінде нейрофіламенттерден басқа микротүтікшелер байқалған. Дендриттердің цитоплазмасында аталған нейрофіламенттер мен микротүтікшелерден басқа митохондриялар, гранулалық және агранулалық ретикулумның элементтері мен бос орналасқан рибосомалар болады.

Нейрондардың денесінде екі пигмент болады: липофусцин мен меланин. Липофусцин жүйке жүйесінің барлық бөлімдерінің жүйке клеткаларында кездеседі. Адамда 7 жастаң кейін пайда болады, егде жасқа келгенде көбейеді. Меланин ядро маңының белгілі участекелерінде кездеседі және

катехоламиндердің алмасуымен байланысты. Нейрондарда ақуыздар мен РНҚ-ның синтезі жедел жүреді. Сұтқоректілердің миындағы нәруыздың бәрі 14 күннің ішінде жаңарып отырады. Бір клетканың өзіндегі секундына орта есеппен 15000 нәруыз молекулалары синтезделеді.

Жүйке клеткаларды атқаратын функциясына қарап сезімдік (сенсорлық), қозғаушы және аралық деп ажыратады. Импульстарды орталық жүйке жүйесіне (ми мен жұлынға) тарататын нейрондарды афференттік немесе сенсорлық нейрондар дейді, сезімдік клеткалар жалған униполярлы болып келеді, жұлынның жүйке түйіндерінде, ми жүйкелерінің сезімдік түйіндерінде, сезім мүшелерінде орналасады, ал эфференттік (қозғалтқыш) нейрондар импульстарды орталық жүйке жүйесінен эффекторларға (ұлпаларға немесе тітіркендіргішке жауап беретін мүшелерге) береді. Қозғалтқыш клеткалар мультиполлярлы болып келеді. Кейде афференттік нейрондар аралық немесе ассоциативтік нейрондар арқылы эффекторлық нейрондармен жалғасады.

Сезімдік, аралық және қозғаушы нейрондар қосылып, рефлекторлық доғаны құрайды. Ең жабайы рефлекторлық доға сезімтал және қозғалтқыш нейроннан тұрады. Аралық нейрондар әдетте сезімтал және қозғалтқыш нейрондардың арасында жайғасады. Жануардың құрылымы негұрлым жоғары болса, аралық нейрондардың саны соғұрлым көп болады және функциялық ерекшеліктері де түрліше болады. Адамның орталық жүйке жүйесінің бәріне дерлігі аралық нейрондардың құрделі желісі болып саналады. Нейрондардың өзара жанақтан жерін синаптар (грекше *synapsis* - байланыс) дейді. Бұл терминді 1897 жылы Шеррингтон енгізген болатын. Морфологиялық түрғыдан синапс нейрондар цитоплазмасының микроскопиялық өсіндісі болып саналады. Электрондық микроскоптың көмегімен синаптың құрамындағы импульсті өткізуі және қабылдаушы құрылымдар арасында плазмалық (пре- және постсинаптық) мембраналармен қапталғанын синаптық саңылаудың бар екені анықталды. Пресинаптық мембрана импульсті өткізуге мамандалған бірінші нейронның клеткалық мембранасының мамандалған участкесі болып есептеледі. Пресинаптық мембрана құрамында ацетилхолин бар синаптық көпіршіктермен байланысты. Постсинаптық мембрана ацетилхолин-экстеразаның жоғарғы белсенділігімен сипатталады.

Синапс аймағындағы аксондар мен дендриттердің ұштарында миелинді қабықша болмайды және кеңейіп келеді. Аксонның бұл бөлігінде митохондриялар мен синаптық көпіршіктер көп болады. Синаптық көпіршіктерде медиаторлар (*mediator* - аралық) болады.

Нейроглия - жүйке ұлпасының көмекші және маңызды құрамды бөлігі. Нейроглияның клеткалары жүйке импульстерін өткізбейді, бірақ жүйке ұлпасында тіректік, трофикалық, қорғаныс және изоляциялық функциялар атқарады. Сонымен бірге мидың эпифиз бен гипофизінде нейроглия осы мүшелердің негізгі массасын құрайды және секрет бөлу функциясын атқарады. Нейроглияның клеткалар саны нейрондарға қарағанда 10 есе көп. Бұл клеткалар орталық жүйке жүйесінің клеткаларын қоршап, олардың арасындағы кеңістікті толтырып механикалық тіректік функция атқарады.

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 1 (1 сағ.)

Сабақ тақырыбы. Цитологияның даму тарихы.

Сабақ мақсаты. Цитологияның даму тарихымен танысу.

Цитология жеке ғылым ретінде өткен ғасырдың соңы ширегінде пайда болған. Ағзалардың клеткалық құрылышының ашылуы микроскоптың шығуымен байланысты болды.

Микроскопты ойладап табу тарихы әлі күнге дейін нақты емес, ол туралы әр түрлі деректер бар. Бірақ микроскопты жасап шығаруда көзілдірік өндірісінің әсері болғаны күмәнсіз. Көзілдірік алғаш рет 1285 жылы Италияда шықкан. Кейбір аңыздарда алғашқы микроскопты голландиялық оптиктер ағайынды Янсендер 1590 жылы жасап шығарған делінеді. Атақты Г.Галилей де 1612 жылы микроскопты құрастырған екен деген мәлімет те бар.

Роберт Гук (1665), Марчелло Мальпиги (1645-79), Неемия Грю (1671-82) өсімдіктердің нәзік құрылыштарын зерттеді. Ағылшын математигі, физигі және механигі Роберт Гук 1665 жылы өзі құрастырған микроскоппен тоз ағашының және басқа да көптеген өсімдіктердің құрылышын зерттеп, «ұяшықтардан» тұратынын байқаған. Осы «ұяшықтарды» Р. Гук араның балауыздан түзілетін ұяшықтарына ұқсатып, «клетка» деп атаған. Кейінірек Марчелло Мальпиги мен Неемия Грю микроскоппен өсімдіктердің құрылышын зерттеп, өсімдіктердің әр түрлі бөліктерінің құрамында «көпіршіктердің» болатынын анықтаған. Сонымен, Р. Гуктың, М.Мальпигидің және Н. Грюдің зерттеулерінен кейін өсімдіктер ұлпалары клеткадан тұратыны анықталған.

Микроскоппен жұмыс істеген саңлақтар толассыз жаңалықтар ашумен болды. Арнаулы білімі болмаса да, қарапайым шұға дүкенінің сатушысы Антони Ван Левенгук екі жүзден астам микроскоптың түрлерін жасап шығарған. Сонымен қатар Антони Ван Левенгук эритроциттерді (1673), қарапайым жәндіктерді (1674), бактерияларды (1676), аталық жыныс клеткаларын (1677), ашытқы саңырауқұлақтарын (1680), бақа эритроцитіндегі клетка ядросын, паразиттік жолмен тіршілік ететін талшықтыларды (1681) және басқа да микроскоп арқылы ғана көрінетін ұсақ ағзаларды ашты. Аталған ұсақ ағзаларды зерттеуде А. Левенгук ойладап тапқан ұлкейткіш линзалар жиынтығының көмегімен 160-300 есе ұлғайтатын микроскоп үлкен рөл атқарды.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде зерттеушілер клеткада ядраны (1825) байқаған. Ядраны ең бірінші рет чех биологы Я. Пуркинье (1825) тауықтың жұмыртқа клеткасынан байқап, ағылшын ботанигі Роберт Броун (1831-33) - өсімдік клеткаларындағы, неміс физиологы және цитологы Теодор Шванн (1838-39) жануарлар клеткасындағы ядраны сипаттап жазды. Осыдан кейін клетканың қалған құрылымын, тірі субстанциясын атау үшін Я.Пуркинье «протоплазма» (1830-40) деген терминді енгізген. Ядраны қоршаушы протоплазманы цитоплазма деп атаған.

Ян Эвангелиста Пуркинье өзінің шәкірттерімен бірге адам мен жануарлардың әр түрлі ұлпаларын зерттеген. Я. Пуркиньенің шәкірті А. Ошац

клеткалар мен ұлпалардың нәзік құрылышын зерттеуге мүмкіншілік беретін микротом деп аталған құралдың жасалуы микроскопиялық зерттеудің жедел дамуына жағдай жасады.

1838-39 жылдары ағзалық дүниенің бірлігін түсінуде және цитологияның дамуына немістің екі ғалымы, ботаник Матиас Шлейден мен зоолог Теодор Шванн негіздең клеткалық теория орасан зор рөл атқарды. Осы заманғы клеткалық теорияның негізін былайша түйіндеуге болады.

1. Клетка - барлық тірі ағзалардың құрылышы мен дамуының негізгі өлшем бірлігі, яғни барлық тірі ағзаларды жаратушы, жасаушы, негізгі қызмет атқаратын құрылымның өлшем бірлігі.

2. Барлық ағзалардың құрылышы, химиялық құрамы, зат, қуат және ақпарат алмасуы жағынан біріне-бірі ұқсас.

3. Клеткалар тек бөліну арқылы көбейеді.

4. Клетка құрылышында ядросыз (прокариот) және ядролы (эукариот) ағзалар болады.

5. Көпклеткалы ағзалар клеткасында ұлпа түзіледі. Н.Грю (1682) клетканың қабырғасы тоқылған матадағыдай талшықтардың өрілуінен түзіледі деп үйірган (орысша «ткань» термині осының негізінде пайда болған). Бұл термин қазақ тілінде «ұлпа» деп тұрақтандырылған.

6. Ағзалардың клеткадан құрылуы - өсімдіктер мен жануарлардың шығу тегінің бір екенін дәлелдейді.

Микроскоппен зерттеу әдістері мен микроскопиялық техниканың жетілуі XIX ғасырдың екінші жартысында клеткалардың нәзік құрылышын зерттеуге мүмкіншілік берді. Жануарлардың, кейбір өсімдіктердің клеткасында ядрога таяу орналасқан орнықты органоид клетка орталығын неміс цитологы және гистологы Вальтер Флемминг (1875) сипаттап жазды. Ал цитоплазмада еркін орналасатын, ағзаны қуатпен қамтамасыз ететін үрмебұршақ пішінді кішкене митохондрияны неміс гистологы және анатомы Рихард Альтман (1894) «биобласт» деп атап, сипаттап жазды, ал Бенда Карл (1897) оған «митохондрия» (грекше «митос - жіп» + «хондрос - дәнек, түйіршік») деген атауды ұсынды. Гольджи жиынтығын италиялық гистолог, Нобель сыйлығының саңлағы (1906) Камилло Гольджи жүйке клеткаларынан (1898) ашты, оны кейде тақташалы жиынтық деп те атайды. «Хромосома» терминін (1888) неміс гистологы және анатомы Вильгельм Валдейер ұсынды. Осы органеллалардың ашылуы цитоплазмада клетканың тіршілігі мен қызметіне байланысты маңызды үрдістердің жүретінін көрсетті.

1874 жылы И.Д. Чистяков клетканың бөлінуін, ал 1882 жылы В. Флемминг хромосомаларды ашты. Неміс ботанигі (1875) Эдуард Страсбургер (1844-1912) өсімдіктерге, неміс цитологы және гистологы В. Флемминг (1843-1905) жануарларға митоз морфологиясы бойынша ең алғаш егжей-тегжейлі зерттеулер жасады. Сонымен қатар жануарлардың мейоз үдерісін В. Флемминг (1882) ашып, өсімдіктердегі хромосома санының редукциялану құбылышын Э. Страсбургер (1888) дәлелдеді. Э. Ван-Бенеден 1883 жылы ішексорғының жыныс клеткаларындағы хромосомалардың саны екі есе аз болатынын көрсетті,

ал 1887 жылы Т.Бовери ұрықтану кезеңінде хромосома саны бүрынғы қалпына (екі еселенген) келетінін арнайы тәжірибелер арқылы дәлелдеді. Кейін 1924 жылы Р. Фельген ДНҚ-ның хромосома құрамында болатынын көрсетті.

Бақылау тапсырмалары.

1. Цитологияның даму тарихымен танысып, ОБСӨЖ дәптеріне қысқаша конспект жазу.
2. Оқулықтардың көмегімен цитологияның даму тарихы бойынша ОБСӨЖ дәптеріне 1-кестені толтыру.

№	Цитология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар, олардың мамандығы	Цитология ғылымының дамуына үлес қосқан жылдары	Цитология ғылымының дамуына қосқан үлестері
1			
2			
3			

3. Цитологияның даму тарихы бойынша кестені толтырғаннан кейін цитология ғылымының дамуына үлес қосқан өздігінен таңдаған белгілі бір ғалымның өмірбаяны мен цитологияның даму тарихына қосқан үлесі жайындағы қысқаша мәлімдеме дайындау (әрбір студентке жеке тапсырма ретінде беріледі).

Бақылау сұрақтары.

1. Цитология ғылымының дамуына Антони Van Левенгук қандай үлес қосты?
2. Цитология ғылымының дамуына Роберт Гук қандай үлес қосты?
3. Цитология ғылымының дамуына А. Ошац қандай үлес қосты?
4. Цитология ғылымының дамуына Ян Эвангелиста Пуркинье қандай үлес қосты?
5. Цитология ғылымының дамуына Матиас Шлейден мен Теодор Шванн қандай үлес қосты?
6. Цитология ғылымының дамуына Неемия Грю қандай үлес қосты?
7. Цитология ғылымының дамуына Бенда Карл қандай үлес қосты?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 2 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Цитологиялық зерттеу әдістері.

Сабак мақсаты. Цитологиялық зерттеу әдістерін менгеру.

Оптикалық микроскопия. Цитологиядағы негізгі зерттеу әдісі болып клеткаларды микроскоппен зерттеу табылады. Қазіргі кездегі микроскоптар клеткалардың нәзік құрылышын көріп зерттеуге мүмкіншілік береді. Микроскоптың үлкейтіп көрсету дәрежесі оның шешуші қабілетіне байланысты. Микроскоптың шешуші қабілеті дегеніміз - жеке көрінетін екі

нүктенің ең кіші ара қашықтықтары. Жарық микроскопы екі нүктенің ара қашықтықтарын өсіріп көрсетеді. Бұл линзалар немесе линзалар жүйесі көмегімен іске асады. Жарық микроскопының шешуші қабілеті 0,2 мкм немесе 200 нм тең, ал адам көзінің шешуші қабілеті 0,1 мкм.

Микроскоптың үлкейту дәрежесі объектив пен окулярдың үлкейтуіне тәуелді, сан жағынан олардың үлкейту шамаларының көбейтіндісіне тең.

Тірі материал өзінің мөлдір және жеке клеткалардың қалың болуына байланысты зерттеуге ыңғайсыз. Сондықтан көбінесе бекітіліген материалмен жұмыс істелінеді. Сапалы бекіткіш зерзаттың тірі күйіндегі құрылымын көп өзгертпейді.

Фаза-контрастық микроскоппен зерттеу әдісі. Боялмаған тірі биологиялық құрылымдар түссіз, мөлдір және жарықты сындыру көрсеткіштері үқсас болғандықтан микроскопта байқалмайды. Адамның көзі фазалардың өзгерістерін байқай алмайды. Бұл әдіс осы препараттар бейнесінің айқын көрінуін қамтамасыз етеді. Микроскоптың бұл түрінде конденсорға арнаулы сақина тәрізді диафрагма, ал объективке фазалық тақташа орнатылады. Микроскоп оптикасының мұндай құрылымы боялмаған препарат арқылы өткен көздің қабылдай алмайтын жарық фазасының өзгерістерін амплитудасы әр түрлі жарық тербелісіне айналдырады. Осының нәтижесінде препараттың бейнесі көзге анық көрінеді.

Қараңғы өрістегі микроскопия. Қараңғы өрісте препараттарды конденсордың көмегімен зерттейді. Жарық өрісінің конденсорынан қараңғы өрістік конденсордың айырмасы жарық көзінің жанама шеткі сәулелерін ғана өткізеді.

Жарықтың шеткі сәулелері объективке түскендіктен микроскоптың көру өрісі қараңғы күйінде қалады да, ал шашыраңқы жарық түскен зерзат байқалатын болады.

Қараңғы өрісте түрлі тірі клеткаларды байқауға болады.

Интерференциялық микроскопия. Интерференциялық микроскопиялық әдіс фаза-контрасты микроскопия әдісінен үқсас, бірақ интерференциялық микроскоптың құрылышы өте күрделі. Боялмаған мөлдір тірі клеткалардың анық көрінісін алуға мүмкіншілік береді. Жарық көзінен шығатын параллель жарық сәулелерінің шоғы екі бұтаққа бөлінеді - үстіңгі және астыңғы. Төменгі бұтақ препарат арқылы өтеді және оның жарық тербелісінің фазасы өзгереді, ал жоғарғы толқын өзгермейді. Объективтің призмасында екі бұтақ қайтадан қосылады да, өзара интерференцияланады. Осының нәтижесінде препараттың қалындығы әр түрлі бөліктері түрлі түске боялып, жақсы көрінетін болады. Интерференциялық микроскоп зерзаттың қалындығын және басқа параметрлерін де, атап айтқанда құрғақ салмағын өлшеуге мүмкіншілік береді.

Поляризациялық микроскопия. Поляризациялық микроскопия әдісі клеткалардың түрлі компоненттерінің поляризацияланған жарықтың сынатын қабілетіне негізделген. Кейбір клеткалық құрылымдар (бөліну ұршығының жіптерінің, миофibrillалардың, жыбырлауық эпителийдің кірпікшелерінің және т.б.) молекулаларының қатаң дұрыс орналасуымен сипатталады және

оларға қосарланып сәуленің сыну қасиеті тән. Мұндай құрылымдарды анизотропты құрылымдар деп атайды.

Анизотропты құрылымдарды поляризациялық микроскоптың көмегімен зерттейді. Оның биологиялық микроскоптан айырмашылығы - поляризатор және анализатормен жабдықталған. Поляризатор конденсордың астында орналасқан, объективтің линзасының үстінде анализатор орнатылған. Поляризатор мен анализатор Исландия апатитінен жасалған призмалар. Поляризациялық микроскопта анизотропты зерзаттар қараңғы ерісте жарық шығарады.

Флуоресценттік микроскопия. Флуоресценттік микроскопия әдісі де тірі клеткаларды зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдіс кейбір заттардың жарық сәулелерінің әсерімен жарық шығаратын қасиетіне негізделген. Қозған жарық толқындарының ұзындығы жарық көзі толқындарының ұзындығынан артық келеді. Жарық көзі ретінде көк немесе ультракүлгін сәулелерді пайдаланады. Клеткадағы көптеген құрылымдар мен заттардың флуоресценцияланатын (жарық бөлетін) қабілеті болады, мысалы, есімдіктер клеткаларының хлоропласттарындағы жасыл пигмент хлорофилдің ашық қызыл жарық бөлетін қасиеті бар. Бірақ клеткалардағы заттардың көпшілігінің мұндай қасиеті болмайды. Ондай заттар жарық болу үшін оларды флорохромдармен және люминесценттік бояғыштармен өндеу керек. Поляризациялық микроскоптың көмегімен зерттелетін анизотропты құрылымдардағы молекулалардың орналасуын анықтауға болады.

Электрондық микроскопия. Электрондық микроскоптың шешімдік қабілеті өте жоғары. Ол жарық микроскопына қарағанда 100 000 есе артық үлкейтеді. Қазіргі электрондық микроскоптың көрсеткіштік қабілеті 0,1-0,3 нм-ге дейін жетеді. Зерзатты 150 000 есеге дейін үлкейтеді. Сөйтіп, клетканың барлық ультракұрылышын молекулалық деңгейде зерттеуге мүмкіншілік береді.

Электрондық микроскоптың құрылыш принципі жарық микроскопына ұқсас, сәулелерінің рөлін электр тогымен қыздырылған вакуумда орналасқан вольфрам жібінен тарайтын электрондар тасқыны атқарады, әйнек линзаларының орнында электромагниттер болады.

Электрондық микроскопта міндетті түрде вакуум болуы қажет, себебі ауада электрондар алысқа кете алмайды, оттегі, азот немесе көмірқышқыл газы молекулаларымен кездессе, олар бөгеліп өз жолын өзгертіп шашырап кетеді. Электрондар тасқынының бағытын қажетіне қарай қуатты электр өрісі немесе магнит өрісімен өзгертуге болады.

Препарат тығыз болса көрінбейді. Зерттелетін клетканы өте кішкене бөліктерге кесу қажет. Өте жұқа кесінділерді ультрамикротомдармен дайындауды.

Авторадиография әдісі. Авторадиография әдісі клетканың нақтылы морфологиялық құрылымындағы синтез үдерістерінің динамикасын зерттеуге, өзгермеген күйінде цитоплазмада ұзақ уақыт сақталуын анықтауға және олардың клеткалардағы қозғалысын анықтауға мүмкіншілік беретін негізгі әдістердің бірі. Радиоактивтік изотоптармен танбаланған молекулаларды,

мысалы, фосфордың (P^{32}), көміртегінің (C^{14}), сутегінің - тритийдің (H^3) изиотоптарын тағамға қосып, немесе инъекция арқылы ағзаға енгізеді. Сіңген радиоактивтік молекулалар клетканың белгілі бөлімдерімен химиялық реакцияларға түседі, ал радиоизотоптардың бар жерін авторадиография әдісімен анықтайды. Ол үшін препаратты фотоэмультсияның жұқа қабатымен жабады. Радиоактивтік изотоптар ыдыраған кезде бөлінетін сәулелер немесе бөлшектер эмульсия арқылы өтіп, қара түйіршіктерді құрайды.

Цитохимиялық әдіс. Цитохимиялық әдістер түрлі заттардың клеткада орналасуын және арнаулы құралдар арқылы олардың санын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдісте түрлі реактивтерді қолданып, клетканың құрамындағы заттарға сапалы химиялық реакциялар жүргізеді. Ақуыздарды, нуклеин қышқылдарын, майларды, көмірсуладарды, гормондарды, дәрумендерді, ферменттерді, металдарды, т.б. анықтайтын әдістер бар. Цитохимиялық әдістер мұздатылған кесінділерді бояу кезінде жиі қолданылады.

Клеткаларды қолдан өсіру әдісі. Клеткаларды қолдан өсіріп, зерттеуде ағзадан тыс (*in vitro*) және ағзаның өзінің құрамында (*in vivo*) жүргізуге болады. Клеткаларды *in vitro* жағдайында қолдан өсіру әдісінде клеткаларды залалсыздандырылған жағдайда арнаулы қоректік ортада шыны камераларда ағзадан тыс өсіреді. Осы кезде клеткалар тірі клеткалардың негізгі қасиеттерін ұзақ уақыт (10 жылға дейін, тіпті одан да көп) сақтайды. Тірі клеткаларды кинотаспаға түсіріп алуға да болады.

Микрохирургия немесе микрургия әдісі. Тірі клеткалардың қасиеттерін зерттеу үшін микрохирургия немесе микрургия әдісін қолданады. **Микроманипулятор** деп аталатын құралмен клетканы кеседі, ішінен бөліктерін шығарып алады. Операцияның барысын микроскоп арқылы байқайды. Микрохирургиялық құралдар өте кішкентай шыны қармақтар, инелер және қылтамыр. Микроманипуляцияны арнаулы камераларда жүргізеді.

Рентгенмен құрылымды талдау әдісі. Рентгенмен құрылымды талдау әдісі Рентген сәулелерінің дифракция құбылысына негізделген, ол цитоплазма мен ядроның құрамына кіретін ақуыздардың, нуклеин қышқылдарының және басқа заттар молекулаларының құрылышын зерттеу үшін қолданылады. Бұл тәсіл молекулалардың құрамындағы атомдардың қеңістіктері орналасуын анықтауға, олардың арақашықтықтарын өлшеуге мүмкіндік береді.

Бақылау тапсырмалары.

1. Цитологиялық зерттеу әдістерімен танысып, ОБСӨЖ дәптеріне қысқаша конспект жазу.
2. Оқулықтардың көмегімен цитологиялық зерттеу әдістері бойынша ОБСӨЖ дәптеріне 2-кестені толтыру.

№	Цитологиялық зерттеу әдістерінің түрі	Цитологиялық зерттеу әдістерінің қолданылуы
1	Оптикалық микроскопия	
2	Фаза-контрасттық микроскоппен зерттеу	

	әдісі	
3	Каранғы өрістегі микроскопия	
4	Интерференциялық микроскопия	
5	Поляризациялық микроскопия	
6	Флуоресценттік микроскопия	
7	Электрондық микроскопия	
8	Авторадиография әдісі	
9	Цитохимиялық әдіс	
10	Клеткаларды қолдан өсіру әдісі	
11	Микрохирургия немесе микрургия әдісі	
12	Рентгенмен құрылымды талдау әдісі	

Бақылау сұрақтары.

1. Цитологиялық зерттеу әдістерінің қандай түрлері белгілі?
2. Оптикалық микроскопия қандай мақсатта қолданылады?
3. Фаза-контрасттық микроскоппен зерттеу әдісі арқылы нені зерттейді?
4. Қаранғы өрістегі микроскопия қандай мақсатта қолданылады?
5. Интерференциялық микроскопия қандай мақсатта қолданылады?
6. Флуоресценттік микроскопия қандай мақсатта қолданылады?
7. Электрондық микроскопия қандай мақсатта қолданылады?
8. Авторадиография әдісі арқылы нені зерттейді?
9. Цитохимиялық әдіс арқылы нені зерттейді?
10. Клеткаларды қолдан өсіру әдісін қандай жағдайда қолданады?
11. Микрохирургия әдісін қандай мақсатта қолданады?
12. Рентгенмен құрылымды талдау әдісін қандай жағдайда қолданады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 3 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Өсімдік үлпаларын бояуға арналған бояғыш заттар.

Сабак мақсаты. Өсімдік үлпаларын бояуға арналған бояғыш заттармен танысу.

Тірі материал өзінің мөлдір және жеке клеткалардың қалың болуына байланысты зерттеуге қолайсыз. Сондықтан көбінесе бекітілген материалмен жұмыс істелінеді. Сапалы бекіткіш зерзаттың тірі күйіндегі құрылымын көп өзгертпейді. Бекіткіш үлпаны тығыздайды және автолиз үдерістерін тоқтатады. Жиі қолданылатын бекіткіштер - формальдегид, бихромдық қышқыл калий,

сірке, пикрин және осмий қышқылдары мен этил спирті. Бекіткеннен кейін зерзатты ұлпаға сіңетін ортаға батырады (мысалы, целлоидин немесе парафин). Осы тығыздаушы заттар жақсы сіңу үшін ұлпаның бөлшегінен этил спиртінің көмегімен суды ығыстырып шығарады да, содан кейін ксилолға немесе толуолға салады. Алдын-ала істелетін бұл екі кезең ұлпаға парафин сіңуі үшін қажет. Жылы сүйиқ парафин ұлпаға сіңеді де, қатып қалады. Микротомның көмегімен парафин блогынан шыныға бекитін жұқа кесінділер дайындалады. Кесінділерден парафинді ксилолдың көмегімен ығыстырып шығарады. Осыдан кейін кесіндіні бояйды.

Өсімдіктер ұлпаларын бояу үшін тұрақты және уақытша бояғыш заттар қолданылады (3-кесте).

Бояғыш зат	Соңғы түсі	Боялатын материал
Тұрақты бояғыш заттар		
Лактофенолдағы анилинді көк	Көк	Саңырауқұлақ гифтері мен спорасы
Фельген бояғышы	Қызыл немесе сұрғылт	ДНҚ, әсіресе клетканың бөлінуі кезінде хромосомалар анық көрінеді
Метиленді көк	Көк	Ядро (0,75% NaCl ерітіндісіндегі 0,125% метиленді көк ерітіндісі ұзақ уақыт қолдануға болады)
Сафранин	Қызыл	Ядро, өсімдіктердегі лигнин және суберин
Уақытша бояғыш заттар		
Анилинді гидрохлорид немесе анилинді сульфат	Сары	Лигнин
Иод ерітіндісі	Көк-қара	Крахмал
Флюороглюцинол + HCl _{конц}	Қызыл	Лигнин
Шульц ерітіндісі (хлор-цинк-иод)	Сары Көк Көк немесе күлгін	Лигнин, кутин, суберин Ақуыз Крахмал Целлюлоза

Бақылау тапсырмалары.

- Оқу кестесінің және практикумының көмегімен тұрақты гистологиялық препараттарды дайындаудың сыйбанұсқасымен танысып, ОБСӨЖ дәптеріне сзып алу.
- Өсімдіктер ұлпаларын бояуға арналған бояғыш заттар бойынша 3-кестені толтырғаннан кейін тұрақты және уақытша бояғыш заттарды, олармен боялатын материалды және беретін түсі бойынша материалдарды жаттап алып, келесі ОБСӨЖ сабағында ауызша баяндап тапсыру.

Бақылау сұрақтары.

1. Лактофенолдағы анилинді көк бояғыш затымен қандай материалды бояйды?
2. Фельген бояғышымен қандай материалды бояу жүзеге асады?
3. Метиленді көк бояғышымен қандай материалды бояйды?
4. Сафранин бояғышымен қандай материалды бояу жүзеге асады?
5. Тұрақты бояғыш заттарға қандай бояғыш заттар жатады?
6. Уақытша бояғыш заттарға қандай бояғыш заттар кіреді?
7. Иод ерітіндісімен қандай материалды бояу жүзеге асады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 4 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Клетканың жалпы морфологиясы. Прокариондық және эукариондық клеткалардың негізгі белгілері.

Сабак мақсаты. Клетканың жалпы морфологиясымен танысқаннан кейін прокариондық және эукариондық клеткалардың негізгі белгілерін анықтау.

Қазіргі кезде ағзаларды прокариондық және эукариондық ағзаларға ажыратады. Бірінші топқа көк-жасыл балдырлар, актиномицеттер, бактериялар, спирохеттер, микоплазмалар, риккетсиялар және хламидиялар жатса, екінші тобына балдырлардың көпшілігі, саңырауқұлақтар мен қыналар, өсімдіктер және жануарлар жатады. Эукариондық клетка прокариондықтан қосмембранны қабықшамен қапталған ядроның және көптеген мембранны органоидтардың болуымен ерекшеленеді.

Ядролылар және ядросыздар клеткасы құрылышында ажыратылатын ерекшеліктер.

Клетка - күрделі биологиялық жүйе, ол тірі ағзалардың негізгі құрылымдық және функциялық бірлігі болып саналады. Клетканың өзін қарапайым тірі жүйе деп санауға болады. Вирустан басқа тірі жүйелердің барлығы клеткадан құралған. Клеткалық құрылышы бар ағзалар ядросыздар (прокариоттар) және ядролылар (эукариоттар) деп екі топқа бөлінеді. Бактериялар және көк-жасыл балдырлар - ядросыздар, ал өсімдіктер, саңырауқұлақтар және жануарлар ядролыларға жатады.

Ядросыздардың ерекшеліктері мыналар:

1. Ядро қабықшасы болмағандықтан, ядросыздарда ядро қалыптаспайды;
2. Ядросыздарда хромосома болмайды, генетикалық жүйесі клетка жарғақшасына бекіген, хромосомаға ұқсас шығыршықталып оралған ДНҚ-ның жалғыз-ақ молекуласы - «бактериялық хромосомасы» бар;
3. Пластидтері, митохондриялары, эндоплазмалық торы, Гольджи жиынтығы болмайды;

4. Клеткалар пиноцитоз және фагоцитоз жолымен ас қорыта алмайды (пиноцитоз - клетканың сұйықтықты сіңіруі, фагоцитоз - бөгде тірі затты клеткамен қармап қорытуы);
5. Клеткалары екіге бөліну арқылы көбейеді, митоз және мейоз үдерістері болмайды.

Тіршілік иелерінің клеткасыз түрлері.

Табиғатта өсімдіктерге де, саңырауқұлақтарға да, тіпті жануарларға да жатқызуға келмейтін ағзалар тобы тіршілік етеді. Олар - вирустар. Вирустардың клеткалық құрылышы болмайды.

Вирустар - генетикалық деңгейде қызмет атқаратын клеткаішілік паразиттер, олардың ішінде ДНҚ және РНҚ-сы бар өте кішкене ағзалы қалташа (капсула) болады. Бұлар тек клеткалы ағзалардың клеткаларында ғана көбейе алады. Клеткадан тыс тіршілік ете алмайды, өліп қалады, алайда қолайлы жағдай туса, өте көп мөлшерде дамиды. Ресейлік өсімдіктер физиологы және микробиолог, вирусологияның негізін қалаушылардың бірі Дмитрий Иосифович Ивановский (1864-1920 жж.) темекі теңбілінің қоздырғышын ең алғаш 1892 жылы ашқан-ды, ол кейіннен вирус деп аталды. 1899 жылы нидерландық ботаник және микробиолог Мартин Виллем Бейеринк (1851-1931 жж.) «вирус» терминін ұсынды. Вирустар адам өмірінде үлкен рөл атқарады, олар шешек, гепатит (бауырдың қабынуы), қызамық тәрізді бірқатар қауіпті аурулардың қоздырғыштары болып табылады. Жылықанды омыртқалыларды зақымдайтын вирустардың 500-ге жуық түрлері, жоғары сатылы өсімдіктерді зақымдайтын 300-ден астам түрлері сипаттап жазылды. Табиғатта вирустар өте кең таралған, олар тірі ағзалар дүниесі мен топтарының барлығына зақым келтіреді.

Бақылау тапсырмалары.

1. Клетканың жалпы морфологиясымен танысып, прокариондық және эукариондық клеткаларды өзара салыстырғаннан кейін оку кестесінің және практикумының көмегімен олардың суреттерін ОБСӨЖ дәптеріне сызбанұсқа түрінде салу.
2. Прокариоттар мен эукариоттардың құрылышы ерекшеліктері бойынша берілген 4-кестені толтырганнан кейін олардың құрылышы ерекшеліктерін жаттап алып, келесі ОБСӨЖ сабағында ауызша баяндап тапсыру.

Бақылау сұрақтары.

1. Клетканы кім, қашан және қандай зерттеу құралы арқылы ашты?
2. Клеткаға қазіргі заманғы анықтаманы қалай беруге болады?
3. Клеткалық теорияны кім ашты?
4. Клеткалық теорияның мәні неде?
5. Клеткалық теорияның қағидаларында не жайында айтылған?
6. Клетканы XIX және XX ғасырларда қандай құралдардың көмегімен зерттеді?
7. Не себепті вирустар тіршілік иелерінің клеткасыз түрлеріне жатады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 5 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Өсімдіктер және жануарлар клеткаларының айырмашылықтары.

Сабак мақсаты. Өсімдіктер және жануарлар клеткаларының айырмашылықтарын анықтау.

Жануарлар мен өсімдіктер клеткаларының айырмашылықтары.

Жануарлар мен өсімдіктер клеткаларының бірдей құралғанымен де, олардың құрылыш жағынан өзіндік айырмалары болады.

1. Жануарлар клеткаларының клеткалық қабықшаларында едәуір жүқа гликокаликс (клеткадан тыс ас қорытылатын орын) болады, ал өсімдіктер клеткаларында дәл осы орында жақсы дамыған, берік клетка қабырғасы (жасунық) орналасады.
2. Өсімдік клеткаларында ерекше органоидтар - пластидтер болады, ал жануарлар клеткаларында бұлар болмайды.
3. Өсімдік клеткаларында әдетте жақсы дамыған вакуольдер торы болады.
4. Өсімдіктер клеткасында қоректік сақтама зат - крахмал болады, ал оны жануарлар клеткаларынан кездестіре алмаймыз.

Бақылау тапсырмалары.

1. Өсімдіктер мен жануарлар клеткаларының айырмашылықтарын анықтағаннан кейін оқу кестесінің және практикумының көмегімен өсімдік пен жануар клеткаларының суреттерін ОБСӨЖ дәптеріне салып, суретте берілген сандарды өздігінен белгілеп, оларға анықтама беру.
2. Өсімдік пен жануар клеткаларының суреттерін ОБСӨЖ дәптеріне салып болғаннан кейін олардың айырмашылықтарын толығымен көрсететін кесте құрастырғаннан кейін ауызша баяндап тапсыру.

Бақылау сұрақтары.

1. Өсімдік клеткасының құрылыш ерекшеліктері қандай?
2. Жануар клеткасының құрылыш ерекшеліктері қандай?
3. Өсімдік және жануар клеткалары арасында қандай ұқсастықтар бар?
4. Өсімдік және жануар клеткалары арасында қандай айырмашылықтар бар?
5. Өсімдік және жануар клеткаларын бірінші болып зерттеген қандай ғалымдар?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 6 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Цитоплазманың қасиеттері.

Сабак мақсаты. Цитоплазманың қасиеттерімен танысқаннан кейін цитоплазма жүйесінің құрамындағы мембраналы және қосмембраналы органоидтарды анықтау.

Цитоплазма. Бұл - плазмалық жарғақша мен ядро аралығында болатын тірі клетканың ішіндегі қоймалжың орта. Оның құрамында 85% су, 10% нәруыз, 5% липид, көмірсу, нуклеин қышқылы және минералды заттар болады. Цитоплазма клетканың барлық органоидтарының өзара қатынасын және тірі жүйенің біртұастығы ретінде клеткалар әрекетін қамтамасыз етеді.

Клетканың ішкі құрылымын, тірі субстанциясын атап үшін Я.Пуркинье «протоплазма» (1830-40) деген терминді енгізген. Кейін ядроны қоршаушы протоплазманы цитоплазма деп атаған.

Цитоплазмада нуклеин қышқылдарының синтезінен басқа клеткалық зат алмасудың барлық үрдістері өтеді. Цитоплазмада клетка тіршілік әрекетінің әр түрлі кезеңдеріндегі құрылымы мен тіршілік әрекетінің заңды ерекшеліктері бар, яғни құрылымы мен қызметі алуан түрлі бірқатар қалыптасқан құрылымы болады. Бұл биологиялық маңызы бар құрылымдардың әрқайсысы белгілі қызмет атқарады. Олар алмасу мен қуаттың түзілуінде басты рөл атқарады. Сондықтан олар органоидтар немесе органеллалар деп аталады. Барлық клеткаларға тән органоидтар: ядро, ядрошық, эндоплазмалық тор, рибосома, митохондрия, Гольджи кешені, т.б. Клетканың белгілі бір типіне тән органоидтар: кірпікшелер, талшықтар және жалған аяқтар. Органоидтар - клетка тіршілігіне аса маңызды құрамдас бөлік, олар үнемі клеткада болады.

Органоидтарды мембраналы және мембранасыз органоидтар деп ажыратады. Мембраналы органеллаларға эндоплазмалық тор, Гольджи кешені, митохондриялар мен лизосомалар, т.б., ал мембранасыз органеллаларға рибосома, клетка орталығы, кірпікшелер мен талшықтар, т.б. жатады.

Бақылау тапсырмалары.

1. Цитоплазманың қасиеттерімен танысқаннан кейін цитоплазма жүйесінің құрамындағы мембраналы және қосмембраналы органоидтарды анықтаپ, ОБСӨЖ дәптеріне сыйбанұсқа түрінде көрсету.
2. Цитоплазма жүйесінің құрамына кіретін барлық құрылымдарды анықтағаннан кейін «гиалоплазманың құрамы мен атқаратын қызметі» бойынша ОБСӨЖ дәптеріне конспект жазып, келесі ОБСӨЖ сабағында ауызша баянданап тапсыру.

Бақылау сұрақтары.

1. Цитоплазма дегеніміз не?
2. Цитоплазманың химиялық құрамы қандай?
3. Цитоплазма қандай қызмет атқарады?
4. Органоидтар деген не?
5. Қандай органоидтар цитоплазма жүйесінің құрамына кіреді?
6. Қандай клеткалық органоидтарға мембраналы құрылыш тән болады?
7. Қандай органоидтар қосмембраналы болып келеді?
8. Мембранасыз органеллаларға қандай органоидтар жатады?
9. Гиалоплазманың құрамы қандай?

10. Гиалоплазманың атқаратын қызметі қандай?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 7 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Клетка мембранасы.

Сабак мақсаты. Клетка қабықшасының құрылышы мен атқаратын қызметімен танысу.

Клетка қабықшасы. Клетка қабықшасы клетканың сыртқы ортамен байланысын іске асырады. Оның талғап өткізу қасиеті бар, ол арқылы су, глюкоза, амин қышқылдары, т.б. ерітінді молекулалар өткізіледі, мұның өзінде кейбір заттарды цитоплазмаға енгізіп, кейбіреулерін өткізбейді. Бұдан клетка қабықшасының тасымалдаушы, шектеуші және тосқауыл (қорғаныс) қызметтерін атқаратының байқауға болады. Сонымен қатар клетка қабықшасы клетканы сыртынан қаптап, оның беріктігін, пішінін сақтайды. Клетка қабықшасы сыртқы және ішкі қабаттардан құралады. Өсімдіктегі сыртқы қабат - клетка қабырғасы, ал жануарларда - гликокаликс деп аталады. Астың клеткадан тыс қорытылуы гликокаликсте (грекше: «гликс - тәтті» + латынша: «каллум - қалың тері») өтеді, өйткені онда клеткалардың өте көп рецепторлары орналасады. Бұл қабаттың құрамы, беріктігі және қалыңдығы әр түрлі болуы мүмкін. Сыртқы қабаттың астында әлдеқайда күрделі құрылышты плазмалық жарғақша болады. Өсімдік, жануар, бактериялардың клеткаларында плазмалық жарғақша үш қатарлы болып келеді: липид молекулаларының тұтасқан екі қатарынан және солардың аралығында шашыраңқы орналасқан ағзалық молекулалар қатарынан тұрады. Плазмалық жарғақшада (клеткалық қабықшаның ішкі қабатында) клеткаға ағзалық заттардың ірі молекулалары (фагоцитоз), сондай-ақ еріген заттар (пиноцитоз) түзіледі. Плазмалық жарғақша өте созылғыш, сондықтан ол цитоплазманы ғана емес, клетка ішіндегі барлық органоидтарды (клеткаішілік қосындыларды) сыртынан қаптайды.

Бақылау тапсырмалары:

1. Клетка қабықшасы құрылышының сыйбанұсқасын ОБСӨЖ дәптеріне сзызып алғаннан кейін осы тақырыпты келесі ОБСӨЖ сабағында ауызша баяндап тапсыру.

Бақылау сұрақтары:

1. Тірі клетка қабықшасы неден тұрады?
2. Клетка қабықшасына қандай қасиеттер тән?
3. Цитоплазманы қоршап жатқан клетка қабықшасы қандай қызмет атқарады?
4. Тірі клетканың осмореттелуі дегеніміз не?
5. Қандай клеткалық органоидтарға мембраналы құрылыш тән?
6. Қандай органоидтар қосмембраналы болып келеді?
7. Қандай органоидтар мембранасыз болады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 8 (1 сағ.)

Сабақ тақырыбы. Клетка ядросы.


Сабақ мақсаты. Ядроның құрылышы мен атқаратын қызметін меңгеру.

Ядро - көптеген бірклеткалы жәндіктердің, бүкіл көпклеткалы ағзалардың негізгі және тұрақты жиынтығы. Ядроны ең бірінші рет чех биологы Ян Эвангелиста Пуркинье (1825) тауықтың жұмыртқа клеткасынан байқап, ағылшын ботанигі Роберт Броун (1831-1833) - өсімдік клеткаларындағы, неміс физиологы және цитологы Теодор Шванн (1838-1839) жануарлар клеткасындағы ядроны сипаттап жазды. Клеткалардың пішіні мен мөлшеріне қарай ядро пішіні мен мөлшерінің әр түрлі болуы заңдылық. Көбінесе клеткалар бір ядролы болып келеді, бірақ көп ядролы клеткалар да кездеседі.

Ядро екі түрлі күйде болуы мүмкін: тыныштық (интерфаза) және бөліну сатысы (митоз немесе мейоз). Интерфазалық клетка ядросында ядро қабықшасы, ядрошырыны, ядрошық және хроматиндер болады.

Ядро клетканың тіршілік әрекетінде негізгі рөл атқарады. Ядроның сыртын ядро қабықшасы қаптайты, ол жарғакшадан құралып, ядроны цитоплазмадан бөліп тұрады. Ядро қабықшасында көптеген саңылаулар бар, олар арқылы ядро мен цитоплазма арасында байланыс қамтамасыз етіледі. Ядро қабықшасында кейбір бөліктері түйіршікті эндоплазмалық тордың қабықшаларына уақытша жалғасуы мүмкін. Ядроның ішкі ортасындағы құрылымсыз қоймалжың зат **ядрошырын** (кариоплазма) деп аталады, онда ядрошық және хроматин, сондай-ақ әр түрлі ядроішілік түйірлер болады. Ядрошырын ядро мен цитоплазма арасында үздіксіз зат алмасудың болып тұруын қамтамасыз етеді. Ядро ішінде РНҚ-ны синтездей, олардың рибосома бөлшектерін қалыптастыратын тығыз денешік - **ядрошық** бар. Ал ядрошырындағы шоғырланған нәзік жіпшелер немесе түйірлер **хроматин** деп аталады. Бұл терминді (1880) неміс цитологы және гистологы Вальтер Флемминг енгізді. Сонымен хроматин дегеніміз - интерфазалық ядродағы хромосоманың дисперсиялық (тарқатылған, деспиралданған) күйі. Ядроның бөліну үдерісінде хроматин нығыздалып, қысқарады да, таяқша тәрізді түзіліске - **хромосомаларға** айналады. «Хромосома» терминін (1888) неміс анатомы және гистологы Вильгельм Вальдейер ұсынды. Гендерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші және клеткалар мен ағзалардың тұқым қуалаушылық қасиетін анықтаушы клетка ядросының органоидтары **хромосомалар** деп аталады.

Хромосома центромера және иықтан тұрады. Центромера хромосомалардың митоздық таралуында маңызды рөл атқарады.



Хромосоманың құрылышы: 1-центромерасы орналасқан бірінші бунақталу, 2-екі иығы, 3-екі хроматид, 4-екінші бунақталу, 5-хромосоманың қосшысы, 6-ақуыз (нуклеопротеид), 7-хромонемалар (құрамында ДНҚ бар).

Егер центромера хромосоманың ортасында орналасса және хромосоманы тен өкі иыққа бөлсө, онда хромосоманың құрылымы X тәріздес болады, оны метацентрлі хромосома деп атайды. Центромера хромосоманы тен өкі иыққа бөлмесе, ондай хромосомаларды акроцентрлі хромосомалар деп атайды. Егер центромера хромосоманың үшінша жақын орналасып, хромосома иықтарының біреуі қысқа болып, пішіні таяқша тәрізді болса, оны акроцентрлі хромосома деп атайды.

Сонымен центромераның орналасуына байланысты хромосоманың үш типі бар:

- 1) метацентрлі (иықтарының ұзындықтары бірдей болады);
- 2) субметацентрлі (пішіні а тәріздес болып, иық ұзындығы әр түрлі болады);
- 3) акроцентрлі (бір иығы қысқа болады, пішіні таяқша тәрізді болып келеді).



Хромосоманың типтері: 1, 2 - метацентрлі, 3, 4 - субметацентрлі, 5 - акроцентрлі.

Ядрода тек белгілі бір клетканың белгілері мен қасиеттерінің немесе ол клетканың ішінде жүретін тіршілік үдерістері ғана емес, сол сияқты ағзаның барлық белгілері туралы да түқым қуалау ақпараты сақталады. Ақпарат - хромосомалардың құрамына кіретін оның ең маңызды бөлігі - ДНҚ молекулаларында жазылған. ДНҚ молекуласының құрамында ген болады.

Бақылау тапсырмалары.

- Хромосоманың құрылышы және типтерінің сыйбанұсқаларын ОБСӨЖ дәптеріне сыйып алу.

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 9 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Клетка бетінің мамандалған құрылымдары.

Сабак мақсаты. Клетка бетінің мамандалған құрылымдарын анықтау.

Плазмалық қабықша және оған жанаса орналасқан цитоплазманың қабаты кейбір клеткаларда түрлі мамандалған құрылымдар құрайды. Мұндай құрылымдар клетканың бос бетінде (мысалы, микробурлер, кірпікшелер мен талшықтар) жиі байқалады.

Жануарлардың клеткаларының көпшілігінің плазмалық қабықшасы түрлі құрылымдық өсінділер құрайды. Солардың бірі - микробурлер. Электрондық микроскопиялық зерттеулер микробурлер плазмалық қабықшамен шектелген цитоплазманың өсінділері екенін анықтады. Бұл құрылымдар әр түрлі қызметтің атқаралғанын анықтады. Микробурлердің негізгі атқаратын қызметі - клеткалардың ауданын арттыру. Сондықтан да бұлар алмасуға белсенді қатысатын клеткалардың бетінде көп болады. Мысалы, ас қорыту жолының кілегейлі қабатын астарлаушы клеткаларда, бүйректің каналшықтарында, секрет бөлүші клеткаларда. Өсімдік клеткаларында микробурлер болмайды.

Плазмалық мембранның өсінділерінің тағы да бір типі кірпікшелер мен талшықтар. Кірпікшелер мен талшықтар плазмалық қабықшамен қапталған. Кірпікшелер мен талшықтар жануарлар клеткаларында кең тараған; өсімдіктерде атальық жыныс клеткаларында кездеседі. Кірпікшелер мен талшықтардың атқаратын негізгі қызметі клеткалардың қозғалысын қамтамасыз етеді.

Кірпікшелі кебісшенің дене мөлшері 30-40 мк-нан 1 мм-ге дейін жетеді. Ол тұщы суларда, топырақта мекендейді. Кірпікшелі кебісше бактериялармен қоректенеді.

Кірпікшелі кебісшелер өсірілген тұщы судан заттық шыныға тамшырмен 1-2 тамшы тамызып, микроскоптың кіші ұлғайтқышы арқылы қарағанда түрлі бағытқа қарай қозғалып жүрген кірпікшелі кебісшелер көрінеді. Кірпікшелі кебісшенің қозғалысын бақылағанда, оның денесіндегі цитоплазма өсінділері - кірпікшелері арқылы тез қозғалатынын байқауға болады. Кірпікшелердің үйлесімді толқуы кірпікшелі кебісшенің ілгері, кейін, жан-жаққа бұрылып жылжуын қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Клетка бетінің мамандалған құрылымдарына қандай құрылымдар жатады?
2. Кірпікшелер қандай қызметтің атқаралғанын анықтады?
3. Талшықтар қандай қызметтің атқаралғанын анықтады?
4. Кірпікшелі кебісшенің құрылышы қандай?
5. Кірпікшелі кебісше қалай қозғалады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 10 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Эндоплазмалық тор. Рибосомалар.

Сабақ мақсаты. Эндоплазмалық тордың және рибосомалардың құрылышы мен атқаратын қызметімен танысу.

Эндоплазмалық тор. Бұл - клеткаішілік қосынды (органоид), бүкіл цитоплазмаға түгелдей таралып, бір қабат жарғақшамен көмкерілген, мөлшері, пішіні сан алуан ұсақ өзектердің, қуыстардың бірімен-бірінің шырмалуынан түзілген біртұтас торлы жүйе. Бұл жарғақшалардың құрылышы клетка қабықшасының енетін плазмалық жарғақшаға өте ұқсас. Өте ұқсас домалақ денешіктер - рибосомалар орналасқан эндоплазмалық тор түйіршікті эндоплазмалық тор деп аталады. Рибосомалар түйіршікті тор каналдары мен қуыстарының қабықшаларында орналасады. Егер рибосомалар бес-бестен немесе одан да көбірек топтасып, тығыз орналасатын болса, оларды полисомалар, ал ешқандай рибосомалар орналаспаған болса, оны тегіс эндоплазмалық тор деп атайды. Тегіс эндоплазмалық тор қабықшаларында липидтер мен көмірсулар синтезделеді. Синтез өнімдері бастапқы кезде каналдар мен қуыстарға жиналады да, кейін клетканың әр түрлі органоидтарына жеткізіледі.

Түйіршікті эндоплазмалық тордың негізгі атқаратын қызметі - рибосомаларда өтетін нәруыз синтезіне қатысу. Тегіс эндоплазмалық тор синтезделген заттарды жинақтап, тасымалдайды және клеткалардың негізгі органоидтары арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Рибосомалар - ағзаның биологиялық синтезін жүзеге асыратын, барлық ағза клеткаларында болатын өте ұсақ денешіктер. Бұл денешіктер эндоплазмалық торларда ғана емес, цитоплазмада да еркін орналасады. Нәруызды синтездеуде бірнеше рибосомалар полисомалық кешенге бірігеді. Рибосома әр түрлі шамадағы ұлken, кіші - екі домалақ бөлшектен құралады. Рибосомалар жалпы мөлшері бойынша екі типке бөлінеді: 70S-рибосома прокариот және 80S-рибосома эукариот цитоплазмасында кездеседі. Рибосоманың химиялық құрамы шамалас мөлшердегі нәруыздан және РНҚ-дан тұрады, олар рибонуклеотидтерді құрайды. Эукариот клеткаларының цитоплазмасында құрылышы бойынша бір-бірінен айырмашылығы жоқ рибосомалардың екі түрлі популяциясын ажыратады: еркін рибосомалар және эндоплазмалық тормен байланысқан рибосомалар.

Бақылау тапсырмалары.

1. «Эндоплазмалық тор. Рибосомалар» тақырыбы бойынша кестені ОБСӘЖ дәптеріне толтыру.

№	Клетка органоидтары	Клетка органоидтары -ның түрлері	Клетка органоидтарының құрылышы	Клетка органоидтарының атқаратын қызметі	Клетка органоидтары -ның суреті
1	Эндоплазмалық тор				

2	Рибосомалар				
---	-------------	--	--	--	--

Бақылау сұрақтары.

1. Эндоплазмалық тордың қандай түрлері бар?
2. Тегіс эндоплазмалық тордың құрылышы қандай?
3. Түйіршікті эндоплазмалық тордың құрылышы қандай?
4. Тегіс эндоплазмалық тордың атқаратын қызметі қандай?
5. Түйіршікті эндоплазмалық тордың атқаратын қызметі қандай?
6. Рибосомалардың қандай түрлері бар?
7. Рибосомалар қандай қызмет атқарады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 11 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Гольджи аппараты. Митохондриялар.

Сабак мақсаты. Гольджи жиынтығының және митохондриялардың құрылышы мен атқаратын қызметімен танысу.

Гольджи жиынтығы. Мұны италиялық гистолог, Нобель сыйлығының санлағы (1906) Камилло Гольджи жүйке клеткаларынан (1898) ашты, Гольджи жиынтығы тақташалы жиынтық деп те аталады. Оның құрылышы алуан түрлі ағзалар клеткасында өзгермелі нұсқада болады. Қарапайым жәндіктер мен өсімдіктер клеткаларында Гольджи жиынтығы орақ тәрізді және таяқша пішінді жеке денешіктер түрінде болса, жануарлар клеткаларында тегіс қуыстар, тұтікшелер және көпіршіктерден құралған күрделі түзіліс болып келеді. Тақташалы жиынтықтың кез келген бөлігі жарғақшалардан түзіледі. Гольджи жиынтығы арқылы эндоплазмалық тордағы нәруыз, көмірсу жинақталады да, олар тығыздала түсіп, цитоплазмаға шығарылады, сөйтіп ондағы заттар клетканың өзге органоидтарына жеткізіледі және ағзаның басқа клеткаларына өтеді. Гольджи жиынтығының негізгі атқаратын қызметі - клетка тіршілігінің әр түрлі қалдықтарын, зиянды заттарды және судың артық мөлшерін өзінің қуыстарына жинап, клетка қабықшасы арқылы сыртқа шығарады. Сондай-ақ Гольджи жиынтығында лизосомалар түзілуімен қатар ол плазмалық жарғақшаларды түзуге қатысады және клеткалардың басқа қажеттеріне пайдаланылатын майлар мен көмірсуларды да синтездейді.

Митохондрия. Бұл - цитоплазмада еркін орналасатын, ағзаны қуатпен қамтамасыз ететін үрмебұршақ пішінді кішкене денешік. Митохондрияны неміс анатомы және гистологы Рихард Альтман (1894) «биобласт» деп атап, сипаттап жазды, ал Бенда Карл (1897) оған «митохондрия» (грекше «митос - жіп» + «хондрос - дәнек, түйіршік») деген атауды ұсынды. Митохондрия екі жарғақшадан түзіледі. Митохондрияның сыртын сыртқы тегіс жарғақша қаптайды да, қатпаршактардан күрделі шытырман - тарақша (криста) түзетін тағы да бір қабаты - ішкі жарғақшасы болады. Тарақшалар әсіресе белсенді қызмет атқаратын бұлшықет клеткаларында өте көп. Митохондрияда

ферменттер көп болғандықтан, клетканың тыныс алуына, қуат ұқсатуға және нәруыздың биологиялық синтезіне қатысады. Митохондрияның негізгі атқаратын қызметі - аденоцитрифосфор қышқылын (АТФ) синтездеу.

Бақылау тапсырмалары.

1. «Гольджи жиынтығы. Митохондриялар» тақырыбы бойынша кестені ОБСӨЖ дәптеріне толтыру.

№	Клетка органоидтары	Клетка органоидтарының құрылымы	Клетка органоидтарының атқаратын қызметі	Клетка органоидтарының суреті
1	Гольджи жиынтығы			
2	Митохондриялар			

Бақылау сұрақтары.

1. Гольджи жиынтығын алғаш рет қай ғалым зерттеді?
2. Гольджи жиынтығының құрылымы қандай?
3. Митохондрияларды алғаш рет қай ғалым зерттеді?
4. Митохондриялардың құрылымы қандай?
5. Гольджи жиынтығының атқаратын қызметі қандай?
6. Митохондриялар қандай қызмет атқарады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 12 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Лизосомалар. Вакуольдер.

Сабак мақсаты. Лизосомалардың және вакуольдердің құрылымы мен атқаратын қызметімен танысу.

Лизосома. Бұл - клетка қабықшасы арқылы енген нәруыз, май, көмірсу және нуклеин қышқылдарын ыдырататын ферменттері (протеаза, липаза, фосфатаза, нуклеаза) бар клеткаішілік ас қорытуды жүзеге асыратын кішкене домалақ денешік, тез қымылдағыш түзіліс. Лизосоманы жануарлар мен санырауқұлақтар клеткаларынан көре аламыз, өсімдіктердің клеткаларынан әзірге табылған жоқ. Лизосомалар Гольджи жиынтығында, ал оның ферменттері түйіршікті эндоплазмалық торда синтезделеді. Лизосома ферменттері әсерінен клетканың қорғаныш (лейкоцит лизосомаларының бактерияны ыдыратуы - фагоцитоз) және автофагия (жарамсыз құрылымдардың, мысалы, ескі митохондрияның ыдырауы) қызметтері жүзеге асады. Лизосоманы бір қабар жарғақша қаптап жатады. Оның құрамында әлсіз қышқылды ортада болатын көптеген ферменттер бар. Сол ферменттердің әсерімен цитоплазмаға түскен ас бөлшектерін қорытады және ескірген немесе зақымданған клетка бөлшегін, тұтас клетка мен мүшелерді сыртқа шығаруға да қатысады.

Вакуоль - ішінде әр түрлі қосылыстар еріген сұы бар жарғақша органоидтары. Жас клеткалардың вакуольдері ұсақ болады, ал клеткалар өсken сайын ұсақ вакуольдер біріне-бірі қосылып, үлкен бір вакуольге айналады. Өсімдік клеткаларының 90 пайызы вакуольдер үлесіне тиеді. Фотосинтезге қатысатын су молекуласын вакуоль қамтамасыз етеді. Вакуольдер қарапайым жәндіктерде клеткадағы ортаның тұрақтылығын сақтап, ас қорыту және зәр шығару мүшесінің қызметін атқарады. Жануарлар клеткаларының шамамен 5 пайызы ғана уақытша пайда болатын вакуольдерден тұрады. Клеткадағы тұз-су алмасуын реттеу, тургорлық қысымның сақталуына жәрдемдесу, т.б. әрекеттер вакуольде жүзеге асады.

Бақылау тапсырмалары.

- «Лизосомалар. Вакуольдер» тақырыбы бойынша 12-кестені ОБСӨЖ дәптеріне толтыру.

№	Клетка органоидтары	Клетка органоидтарының құрылышы	Клетка органоидтарының атқаратын қызметі	Клетка органоидтарының суреті
1	Лизосомалар			
2	Вакуольдер			

Бақылау сұрақтары.

- Лизосомалардың құрылышы қандай?
- Вакуольдердің құрылышы қандай?
- Лизосомалардың атқаратын қызметі қандай?
- Вакуольдер қандай қызмет атқарады?

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 13 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Гистология мен эмбриологияның даму тарихы.

Сабак мақсаты. Гистология мен эмбриологияның даму тарихымен танысу.

Тапсырма:

- Гистология мен эмбриологияның даму тарихы бойынша кесте толтыру.

Бақылау тапсырмалары.

- Гистология мен эмбриологияның даму тарихымен танысып, ОБСӨЖ дәптеріне қысқаша конспект жазу.
- Оқулықтардың көмегімен гистология мен эмбриологияның даму тарихы бойынша ОБСӨЖ дәптеріне кестені толтыру.

№	Гистология мен эмбриология	Гистология мен эмбриология	Гистология мен эмбриология
---	----------------------------	----------------------------	----------------------------

	ғылымдарының дамуына үлес қосқан ғалымдар, олардың мамандығы	ғылымдарының дамуына үлес қосқан жылдары	ғылымдарының дамуына қосқан үлестері
1			
2			
3			

3. Гистология мен эмбриологияның даму тарихы бойынша кестені толтырғаннан кейін цитология ғылымының дамуына үлес қосқан өздігінен таңдаған белгілі бір ғалымның өмірбаяны мен цитологияның даму тарихына қосқан үлесі жайындағы қысқаша мәлімдеме дайындау (әрбір студентке жеке тапсырма ретінде беріледі).

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 14 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Гистологиялық зерттеу әдістері.

Сабак мақсаты. Гистологиялық зерттеу әдістерін менгеру.

Тапсырма.

1. Гистологиялық зерттеу әдістері бойынша кесте толтыру.

Бақылау тапсырмалары.

1. Гистологиялық зерттеу әдістерімен танысып, ОБСӨЖ дәптеріне қысқаша конспект жазу.
2. Оқулықтардың көмегімен гистологиялық зерттеу әдістері бойынша ОБСӨЖ дәптеріне кестені толтыру.

№	Гистологиялық зерттеу әдістерінің түрі	Гистологиялық зерттеу әдістерінің қолданылуы
1		
2		
3		

Оқытушымен бірге орындалатын студенттің өздік жұмысы № 15 (1 сағ.)

Сабак тақырыбы. Бөлшектену. Гаструляция. Нейруляция.

Сабак мақсаты. Бөлшектену, гаструляция және нейруляциямен танысу.

Жұмыртқа клеткасының бөлшектену түрлерімен танысу.

Жұмыртқа клеткасы ұрықтанғаннан кейін бөліне бастайды. Жұмыртқа клеткасының бөліну үдерісін **бөлшектену** деп атайды. Бөлшектену митоз арқылы журеді. Бөлшектену барлық көпклеткалы жануарларға тән. Оның нәтижесінде көпклеткалы ұрық пайда болады. Толық бөлшектенетін жұмыртқа клеткаларын голобласталық (*holos* - толық, *blastos* - ұрық), ал жартылай бөлшектенетіндерін меробластикалық деп атайды.

Жұмыртқа клеткасының толық бөлшектенуі бірқалыпты және бірқалыпты емес болып бөлінеді. Толық бірқалыпты бөлшектену қандауыршаның

жұмыртқа клеткасына тән, ейткені онда сарыуыз мөлшері аз болады. Бөлшектенудің бұл түрінде шамамен мөлшері бірдей клеткалар немесе бластомерлер қалыптасады. Толық бірқалыпты емес бөлшектену кейбір дөңгелек ауыздылардың, шеміршекті балықтардың, қосмекенділердің жұмыртқа клеткаларына тән, ейткені онда сарыуыз мөлшері көп болады. Бөлшектенудің бұл түрінде мөлшері әр түрлі болып келетін бластомерлер қалыптасады. Сол кезде бірінші екі бөлшектену барысында мөлшері бірдей бластомерлер қалыптасса, содан кейін анимальдік жартышарда орналасқан бластомерлер тез бөліне бастайды да, вегетативті жағында орналасқан бластомерлерден кіші болып қалады. Анимальді жартышардағы бластомерлерді микромерлер, ал вегетативтікегілерді макромерлер деп атайды.

Жұмыртқа клеткасының жартылай бөлшектенуі беттік және дискілік болуы мүмкін. Бұынайқыларға тән болып келетін жартылай беттік бөлшектену кезінде жұмыртқа клеткасының бетіндегі цитоплазманың жұқа қабаты мен ядро маңындағы оның азды-көпті жиынтығы ғана бөлшектенеді, ал сарыуызға бай орталық бөлімі бөлшектенбейді де, сол қалпында өзгеріссіз қалады. Ал сүйекті балықтарға, жорғалаушыларға, құстарға тән болып келетін жартылай дискілік бөлшектену барысында жұмыртқа клеткасы анимальдік жартышар беткейінің тек қана диск тәрізді бөлігі ғана бөлшектенеді, ал сарыуызы көп бөлігі өзгермейді.

Бөлшектенудің нәтижесінде ортасы қуыс көпклеткалы бірқабатты ұрық пайда болады. Бұндай ұрықты blastula деп атайды. Бластула қабырғасын қалыптастыратын клеткалар қабаты blastoderma (derma - тері), ал бластула қуысы blastocel (koilon - қуыс) немесе бірінші реттік дene қуысы деп аталаады. Ал бөлшектену нәтижесінде тұт ағашының немесе бұлдірген жидегін еске түсіретін ішінде қуысы болмайтын шар тәрізді болып келетін ұрықты морула (morula - тұт ағашының жидегі) деп атайды. Мұндай бластула қағанақты сұтқоректілерге тән болып келеді.

Жұмыртқа клеткасының бөлшектену типіне байланысты бластуланың моруладан басқа алты типі бар. Олар: целобластула, амфибластила, стерробластила, дискоблестила, периблестила және плакула.

Кәдімгі бластула немесе целобластила деп бластодермасы клетканың бір қабатынан тұратын және бластоцелі ортасында орналасқан бластуланы айтады. Мұндай бластула қандауыршаға тән болып келеді. Амфибластила кәдімгі бластуладан бластоцельдің анимальді жартышарға, яғни кіші бластомерлер зонасына ығысуымен және бластодерманың бірнеше клетка қабатынан тұратындығымен ерекшеленеді. Бұндай бластула дөңгелек ауыздыларға, шеміршекті ганоидтарға, сонымен қатар қосмекенділерге тән болады. Стерробластила (sterros - тығыз) бластодерманың ірі клеткаларынан тұрады, олар бластоцель қуысына терең енгенгендіктен, соңғысынан ештеңе қалмағандығын байқауға болады. Мұндай бластула кейбір буынайқыларға тән. Дискілік бөлшектенудің нәтижесінде дискоблестила қалыптасады, оның бластоцелі тар санылау түрінде берілген. Ол сарыуыздың арасында орналасып, ұрық дискісі деп аталаады. Бластуланың бұл типін сүйекті балықтардан,

жорғалаушылардан, құстардан байқауға болады. Жұмыртқа клеткасының беткейлік бөлшектенуі кезінде периblastula қалыптасады, оның бластодерма клеткалары бөлшектенбеген сарыуыздан шеткі жағына қарай орналасады, ал бластоцелі болмайды. Бластуланың мұндай типі кейбір бунақденелілерге тән болады. Плакула беткі екі жағынан да бөлшектенген тақташа түрінде берілген. Мұндай бластула құрлықтағы олигохеттерге тән.

Бөлшектену үдерісіне және сонымен қатар ағзаның даму кезеңдеріне сыртқы ортаның жағдайлары әсер етеді, өйткені ағзаның дамуы сыртқы ортада жүзеге асады. Жұмыртқа клеткасының бөлшектенуі кезінде ортаның өзгеруінен ол ортаның жаңа жағдайларына бейімделе бастайды. Егер сыртқы орта жағдайлары айтарлықтай өзгеретін болса, онда дамып жатқан ағза қалыпты даму жолынан ауытқуы немесе тіршілігін жоюы мүмкін. Ал орта сәл өзгерістері тек қана бөлшектену қарқынына әсер ете алады.

Жұмыртқа клеткасының бөлшектенуі және ағзаның бастапқы кезеңдерінде сыртқы ортадағы оттегінің құрамы айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Оттегі мөлшері азайғанда, бөлшектенудің жылдамдығы баяулайды да, соның нәтижесінде дамып жатқан ұрық тіршілігін жояды. Ал қоршаған орта температурасының жоғарылауынан жұмыртқа клеткасының бөлшектену үдерісінің жылдамдығы да жоғарыласа, ал температуралың төмендеуі бұл үдерісті тежейді.

Бөлшектену морула немесе бластуланың пайда болуымен аяқталғаннан кейін клетка материалының қозғалып, орын алмасуының нәтижесінде бластомерлердің көп санының тұратын бірқабатты ұрық бластула екі қабатты ұрыққа - гастролага айналады, яғни гастроляция (грекше gaster - қарын) екіқабатты ұрықтың қалыптасу үдерісі болып табылады. Эмбриональды дамудың бұл кезеңіне қарқынды морфогенетикалық қозғалыс тән, оның нәтижесінде ұлпалардың болашақ қосалқылары ағзаның құрылымдық ұйымдасуының жоспарына сәйкес орынға қозғалады. Гастроляция барысында бластула клеткаларының бір қабатынан, яғни бластодермадан әр түрлі әдістермен клеткалардың екі қабаты немесе ұрық жапырақшалары: сыртқы - эктодерма (ektos - сыртқы) және ішкі - энтодерма (entos - ішкі), содан кейін үшінші - ортаңғы ұрық жапырақшасы немесе мезодерма (mezzos - ортаңғы) қалыптасады. Бұл ұрық жапырақшалары әрі қарай даму кезінде ұлпалар мен мүшелер қалыптасатын эмбриональды қосалқыларға бастау болады. Гастрола кезеңінде алғашқы ішек немесе архентерон түзіледі. Алғашқы ішекті сыртқы ортамен жалғастыратын тесікті алғашқы ауыз немесе blastopore дейді. Түрлі жануарлардың бластопорының тағдыры түрліше: тұрақты ауызға немесе аналь (артқы) тесіктеріне айналуы мүмкін. Бластопоры тікелей ауыз тесігіне айналатын болса, ондай жануарларды алғашқы ауыздылар деп атайды. Бұған жататындар құрттар, моллюскалар мен бұынайқтылар. Бластопоры аналь тесігіне сәйкес келетін жануарларда тұрақты ауыз ұрықтың артқы ұшында жанадан пайда болатын болса, ондай жануарларды екінші ауыздылар дейді.

Гастроляцияның төрт типін немесе әдісін ажыратады: иммиграция, инвагинация, эпиволия, деляминация.

Филогенетикалық даму үдерісінің бастапқы немесе гастроуляцияның қарапайым формасы көшу немесе иммиграция болып табылады. Екі қабатты ұрықтың қалыптасуының мұндай тәсілінің мәні - бөлек клеткалар немесе клеткалар топтарының бластодермадан бластицельге белсенді түрде көшүі. Бластодерма клеткаларының бөлінуінің нәтижесінде ішкі ұрықтық жапырақша - энтодерма түзіледі де, ал өз орнында қалғандары сыртқы ұрықтық жапырақша - эктодерманы құрайды. Егер бластодерма клеткалары бластицельге бластуланың тек қана бір жақ вегетативті бөлігінен орын ауыстыrsa, ондай иммиграцияны униполлярлы немесе бір полюсті деп, ал бластодерманың әр түрлі бөлімдерінен көшкен кезде мультиполярлы немесе көп полюсті деп аталады. Униполлярлы иммиграция гидроидты полиптерге, медузаларға және барлық гидромедузаларға тән болады. Мультиполярлы иммиграция сирек кездесетін жағдай, ол тек қана кейбір медузаларда байқалуы мүмкін. Иммиграция барысында гастраль қуысы немесе гастроцель (бірінші реттік ішек қуысы) екі қабатты ұрықтың қалыптасуымен бірге түзіледі (мысалы, гидромедузаларда) немесе одан кейін қалыптасады (ішекқуыстылардың көптеген түрлері). Ішекқуыстыларда бластодерма клеткаларының жаппай орын ауыстыруы байқалады, соның нәтижесінде бластицель толығымен жабылып, қуысы жойылады да, тек қана энтодерманың бөлінуі нәтижесіндеға сыртқы ортамен байланыссыз болатын гастроцель қалыптасады. Гастроуляцияның қалған тәсілдері иммиграцияның туындылары болып табылады.

Егер гастроуляция ойылу немесе инвагинация жолымен өтетін болса (in - ойылу, *vagina* - қабық), онда бластуланың бірқабатты қабырғасы - бластодерма бластицельдің ішіне ойылып кіруінің нәтижесінде қарама-қарсы орналасқан қабырғасымен беттеседі. Ойылу бластуладан ірі клеткаларымен байқалатын вегетативті бөлігінен басталады да, анимальдік жартышарына қарай бағытталады. Инвагинацияның нәтижесінде екі қабатты ұрық пайда болады, өйткені бластодерма клеткаларының екі қабаты: сыртқы қабаты - эктодерма, ішкі қабаты - энтодерма қалыптасады. Ойылудан кейін энтодерма клеткаларымен қоршалған алғашқы ішек қуысы пайда болады. Бұл қуысты гастраль қуысы деп атайды.

Қаптап өсу немесе эпіболия кезінде бластуланың анимальдік бөлігі вегетативтік бөлігін қаптап өседі де, эктодерманы құрайды, ал вегетативтік жартышардың клеткалары энтодерманы түзеді. Эпіболия жолымен өтетін гастроуляция барысында бластуланың анимальдік бөлігіндегі бластодерма клеткалары вегетативті жартышардың клеткаларынан гөрі тез бөлінеді. Соған байланысты анимальдік бөлігінің ұсақ клеткалары бірте-бірте бөлініп, вегетативті жартышардың ірі клеткаларын қаптап, эктодерманы түзеді, ал вегетативті жартышардың клеткалары энтодерманы құрайды. Эпіболия кейбір дөңгелек ауыздыларға және қосмекенділерге тән болады.

Қабаттасу немесе деляминация жолымен гастроуляция кезінде бластодерма клеткаларының бөлінуі нәтижесінде қалыптасқан клеткалар бластицельге ығысады да, ішкі ұрық жапырақшасын немесе энтодерманы құрайды, ал бластодерманың өз клеткаларынан сыртқы ұрық жапырақшасы - эктодерма

қалыптасады. Бөлінген клеткалардың бластоцельге ығысуы - бұл бірінші реттік деляминация болса, ал екінші реттік деляминация барысында эктодерманың болашақ клеткалары керісінше сыртқа ығысады. Гаструляцияның мұндай типі кезінде бластопор қалыптаспауы нәтижесінде гастроцель сыртқы ортамен байланыса алмайды. Екі қабатты ұрық қалыптасуының бұл типі ішекқұыстыларда, сонымен қатар жоғары қағанақты сүтқоректілерде байкалады.

Адам мен желілі жануарлар ұрығында нерв тұтігінің түзілу процесін нейруляция дейді. Дамудың бұл кезеңі гаструляция аяқталғаннан кейін нейрула деп аталатын эмбриондық даму кезеңінде жүреді. Нейруляция барысында біліктік мүшелердің, яғни желі мен сомиттердің пайда болуы және басқа эмбрионалдық бастамалардың оқшаулануы байқалады. Біліктік мүшелердің қалыптасуы желілілер типінің барлық өкілдеріне тән болады. Нейруляция кезінде мезодерма клеткалары клеткалардың төрт жиынтығын құрайды. Олар мына эмбриональдық бастамаларды береді: арқа ішегін немесе желіні (chorda - желі), сегменттелген мезодерманы немесе арқа сегменттерін, не сомиттерді, сегменттелген сабактарды немесе нефротомды (nephros - бүршік) және бүйір тақташаларды, не сегменттелмеген мезодерманы немесе спланхнотомдарды (splanchnos - іші).

Сегменттелмеген мезодерма немесе спланхнотом клеткалардың екі қабатына немесе екі жапырақшаға ажырайды: сыртқы немесе париетальдық (paries - қабырға) және ішкі немесе висцеральдық (viscera - ішкі). Спланхнотомның сыртқы және ішкі жапырақшаларының арасындағы қуыс дененің екінші реттік қуысы немесе целом деп аталады. Желінің екі жағында симметриялы орналасқан мезодерманың клеткалар жиынтығы сегменттелген мезодерма немесе сомиттер болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Бөлшектену дегеніміз не?
2. Голобластикалық және меробластикалық жұмыртқа клеткалары деген не?
3. Толық бөлшектенудің қандай түрлерін ажыратады?
4. Толық бірқалыпты бөлшектену қандай ағзаларға тән? Не себепті?
5. Микромерлер мен макромерлер қандай бөлшектену кезінде қалыптасады?
6. Толық бірқалыпты емес бөлшектену қандай ағзаларға тән?
7. Жартылай бөлшектенудің қандай түрлері бар?
8. Жартылай дисқілік бөлшектену қандай ағзаларға тән болып келеді?
9. Бластула, морула дегеніміз не?
10. Бластуланың қандай типтері бар?
11. Морула қандай ағзаларға тән болады?
12. Кәдімгі бластула немесе целобластула деген не?
13. Амфибластула деген не? Амфибластула қандай ағзаларға тән?
14. Стерробластуланың ерекшелігін неден байқауға болады?
15. Стерробластула қандай ағзаларға тән?
16. Қандай бөлшектенудің нәтижесінде дискоblastула қалыптасады?

Студенттің өздік жұмысы бойынша тапсырмалары:

1. Медицинада, ветеринарияда және ауылшаруашылығында цитологияның маңызы.
2. Цитология ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысы.
3. Цитологияның Қазақстанда және ТМД елдерінде дамуы.
4. Электронды микроскопия. Электронды микроскоппен жұмыс істеу тәртібі.
5. Клетканың химиялық құрамы. ДНҚ.
6. ДНҚ-ның ашылу тарихы. Комплексментарлық принципі. Чаргафф ережесі.
7. Э. Геккель, К.М. Бэр және В.О.Ковалевский еңбектерінің мәні.
8. Клетканың химиялық құрамы. РНҚ.
9. РНҚ-ның типтері, олардың құрылымы мен атқаратын қызметі.
10. Гистологиялық материалды фик-сациялау әдістері. Бекіткіштердің типтері.
11. Өсімдік клеткасының клеткалық қабықшасының қалыптасуы.
12. Клетка бетінің мамандалған құрылымдары: микробүрлер, кірпікшелер және талшықтар.
13. Пластидтердің пайда болуы.
14. Митохондриялардың пайда болуы.
15. Лизосомалардың пайда болуы.
16. Прокариот рибосомалардың ерекшеліктері.
17. Цитоплазмалық кірінділер немесе параплазмалық түзілістер.
18. Прокариот клеткалардың бөлінуі.
19. Клеткаға әсер ететін зиянды факторлар. Клеткаға алькогольдің тигізетін әсері.
20. Медицина, ауылшаруашылығы үшін гистология мен эмбриологияның практикалық маңызы.
21. Ұрық жапырақшаларының құрамалары.
22. Безді эпителій.
23. Лимфа.
24. Қанның жасалуы немесе гемопоэз.
25. Лейкоцитарлы формула.
26. Май ұлпасының ерекшеліктері.
27. Шеміршек ұлпасының регенерациясы.
28. Сүйек ұлпасының регенерациясы.
29. Бұлшықет ұлпасының регенерациясы.
30. Синапс. Рефлекторлы доға.

H.4.02.-05

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

БЕКІТЕМІН
Кафедра отырысы шешімімен
Кафедра менгерушісі
 Дурмекбаева Ш.Н.

5B011300- Биология мамандығы

Цитология және гистология пәні бойынша

Емтихан сұрақтарының
ТІЗІМІ

«07» 09 20 12 ж. Хаттама № 1

Көкшетау, 2012

Қорытынды бақылауға арналған емтихан сұрақтары:

Кіріспе тарауы бойынша сұрақтар:

1. Цитология, гистология және эмбриология ғылымының мақсаты, міндеттері.
2. Цитология ғылымының даму тарихы.
3. Цитология ғылымының басқа ғылымдармен байланысы.
4. Клетка теориясының негізгі қағидалары.
5. Цитология ғылымының дамуына Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесі.

Клетканы зерттеу әдістері тарауы бойынша сұрақтар:

1. Цитологияның әдістері.
2. Зерттеудің негізгі әдістері, клеткаларды фиксациялау
3. Тұрақты және уақытша препараттарды дайындау,
4. Цитохимиялық анализ әдістері
5. Оптикалық, қарандырылған өрістегі микроскопия.
6. Интерференциялық және поляризациялық микроскопия.
7. Электрондық микроскопия.
8. Авторадиография және ұлпаларды қолдан өсіру әдісі.
9. Микрохирургия немесе микрургия әдісі
10. Рентгенструктуралық талдау әдісі.

Клетканың химиялық құрамы, олардың молекулярлық ерекшеліктері тарауы бойынша сұрақтар:

1. Су, белоктар, липидтер, көмірсулар, АТФ, нуклеин қышқылдары.
2. Клетканың химиялық құрамы.
3. Цитоплазма. Плазма мемранасы..
4. Цитоплазма құрылышы және қызметі.
5. Цитоплазманың физико-химиялық қасиеттері.
6. Цитоплазма органоидтары.
7. Плазма мемранасының құрылышы және химиялық құрамы
8. Плазма мемранасының негізгі функциясы
9. Нуклеин қышқылдары
10. Клетканың химиялық құрамы.
11. ДНК. Чаргафф ережесі.
12. РНК құрылышы, ерекшеліктері. РНК түрлері.

Клетка құрылымы және функциясы тарауы бойынша сұрақтар:

1. Клетка құрылымы және функциясы.
2. Клетка –тірі организмдердің құрылымдық және функциональды бірлігі.
3. Прокариотты және эукариотты клеткалардың ерекшеліктері.
4. Автотрофты және гетеротрофты организмдер.
5. Өсімдіктер және жануарлар клеткасының айырмашылықтары.

Клетканың құрылымдық компоненттері немесе органоидтары тарауы бойынша сұрақтар:

1. Клетка органоидтары. Мембранные органоидтар.

- Гранулярлы эндоплазмалық тордың құрылышы, қызметі.
- Рибосомалар құрылышы және атқаратын қызметі. Полисомалар.
- Агранулярлы эндоплазмалық тор.
- Гольджи аппараты, құрылышы, қызметі.
- Лизосомалар құрылышы, химиялық құрамы. пероксисомалар.
- Митохондриялар құрылышы, қызметі.
- Пластидтер түрлері, құрылышы және қызметі.

Микротубулярлы және фибриллярлы құрылым тарауы бойынша сұрақтар:

- Микротубулярлы және фибриллярлы құрылым.
- Клетка центриолі құрылымы, мөлшері.

Клетка ядроны, хромосома тарауы бойынша сұрақтар:

- Клетка ядроны құрылышы және қызметі.
- Ядроның жалпы морфологиясы
- Клетка тіршілігіндегі ядроның ролі
- Ядроның химиялық құрамы

Клетканың бөлінуі тарауы бойынша сұрақтар:

- Клетканың бөлінуі, түрлері.
- Митоз. Митоз кезеңдері.
- Митоз процесінің маңызы.
- Мейоз процесінің маңызы.
- Мейоздың бірінші және екінші бөлінуі.

Ген және генетикалық код тарауы бойынша сұрақтар:

- Ақуыз биосинтезі
- Клеткадағы энергиялық қор
- Өсімдік клеткасындағы фотосинтез

Эмбриология ғылымы тарауы бойынша сұрақтар:

- Эмбриология негіздері және дамуы.
- Ағзалардаң көбею типтері
- Тұқымды өсімдіктердегі қос ұрықтану

Гаметогенез тарауы бойынша сұрақтар:

- Ұрықтанудың маңызы
- Эмбриогенездің жүзеге асуы
- Гаструляция ерекшеліктері
- Нейруляция ерекшеліктері

Гистология ғылымы тарауы бойынша сұрақтар:

- Ұлпалардың жалпы сипаттамасы.
- Ұлпалардың жіктелуі.

Эпителий ұлпасы тарауы бойынша сұрақтар:

- Тері эпителийінің жіктелуі, атқаратын функциясы
- Ішек эпителийінің түрлері мен атқаратын қызметі
- Без эпителийінің ерекшеліктері мен маңызы
- Бөліп шығарушы эпителийдің маңызы, ерекшеліктері

Дәнекер ұлпасы тарауы бойынша сұрақтар:

1. Қан ұлпасының маңызы
2. Лимфаның маңызы, ерекшеліктері
3. Шеміршек ұлпасының түрлері, маңызы
4. Сүйек ұлпасының жіктелуі мен маңызы

Бұлшықет ұлпасы тарауы бойынша сұрақтар:

1. Бірыңғай салалы бұлшықет құрылышы, ерекшеліктері
2. Көлденең жолақты бұлшықет құрылышы ерекшеліктері.
3. Жүрек бұлшықет құрылышы, ерекшеліктері

Жүйке ұлпасы

1. Нейрондар құрылышы, қызметі
2. Синапстар, рецепторлар және нейросекреторлы клеткалар
3. Нейрглияның маңызы.

Қорытынды бақылауға арналған тест сұрақтары:

ЦИТОЛОГИЯ:

1. <test> Клетка құрылымы мен тіршілігін зерттейтін ғылым саласы.
 - a) Анатомия.
 - b) Гистология.
 - c) Цитология.
 - d) Эмбриология
 - e) Морфология
2. <test> Ғылымға түнғыш рет "клетка" ұғымын енгізген ғалым.
 - a) Келлиker.
 - b) Р. Броун.
 - c) М. Шлейден.
 - d) Т. Шванн.
 - e) Р. Гук.
3. <test> Цитоплазма құрамы.
 - a) Су – 20–30%; белоктар – 40–50%; липидтер – 4-5%; көмірсулар – 2-3%;
 - b) Су – 60-70%; белоктар – 20-30%; липидтер – 2-3%; көмірсулар – 2-3%;
 - c) Су – 100%;
 - d) Су – 40-50%; белоктар – 20-30%; липидтер – 1-2%;
 - e) Су – 75-86%; белоктар – 10-20%; липидтер – 2-3%; көмірсулар – 1-2%; минералды тұздар – 1%;
4. <test> Цитоплазманы клетка қабықшасынан бөліп тұратын мембрана.
 - a) Тонопласт.
 - b) Плазмалемма.
 - c) Мезоплазма.
 - d) Экзодерма.
 - e) Эндодерма
5. <test> Клеткадағы дәні сулы, ерітіндіге толы ірі көпіршіктер.
 - a) Вакуоль.
 - b) Цитоплазма.
 - c) Гиалоплазма.
6. <test> Хлоропластиң негізгі заты.
 - a) Строма.
 - b) Кариолимфа.
 - c) Нуклеоплазма.
 - d) Цитоплазма.
 - e) Гиалоплазма.
7. <test> Крахмал, май және белок қайта синтезделеді.
 - a) Хлоропласта.
 - b) Хромопласта.
 - c) Лейкопласта.
 - d) Пропластидтерде.
 - e) Пластидом.
8. <test> Клетканың екіге бөлінуі.
 - a) Митоз.
 - b) Мейоз.
 - c) Цитокинез.
 - d) Амитоз.
 - e) Эндомитоз.
9. <test> Редукциялық бөлінуі жүзеге асады.
 - a) Митоз.
 - b) Мейоз.
 - c) Цитокинез.
 - d) Амитоз.
 - e) Эндомитоз
10. <test> Митохондрия жиынтығы.
 - a) Полисома.
 - b) Пластидом.
 - c) Хроматофора.
 - d) Органоидтар.
 - e) Хондриома.
11. <test> Қос мембраналы органоидтар.
 - a) Ядро
 - b) Рибосома
 - c) Лизосома
 - d) Эндоплазмалық тор
 - e) Микроденелер

12. <test> Ядроның негізгі заты.
- a) Нуклеоплазма немесе ядро шырыны.
 - b) Гиалоплазма.
 - c) Цитоплазма.
 - d) Строма.
 - e) Кариолимфа.
13. <test> Түссіз пластидтер.
- a) Хлоропластар
 - b) Хромопластар
 - c) Лейкопластар
 - d) Пластидом
 - e) Полисома
14. <test> Митозды алғаш рет ашқан ғалым.
- a) Н. Железнов.
 - b) Р. Броун.
 - c) Г. Моль.
 - d) И. Берцелиус.
 - e) И. Чистяков.
15. <test> Дара жиынтықты (nx) хромосомасы бар клеткалар.
- a) Тетраплоидты
 - b) Гексаплоидты
 - c) Гаплоидты
 - d) Диплоидты
 - e) Тетраплоидты
16. <test> Митоздың дұрыс кезеңін көрсетіңіз.
- a) Профаза, анафаза, телофаза, метафаза
 - b) Анафаза, профаза, метафаза, телофаза
 - c) Профаза, метафаза, анафаза, телофаза
 - d) Телофаза, профаза, метафаза, анофаза
 - e) Метофаза, анафаза, телофаза, профаза
17. <test> Репродуктивті немесе жыныс клеткаларына бастама береді.
- a) Мейоз
 - b) Митоз
- c) Митоз, амитоз
 - d) Мейоз, митоз
 - e) Эндомитоз
18. <test> Фотосинтез процесі жүретін организмдер.
- a) Жануарлар
 - b) Өсімдіктер, саңырауқұлақтар
 - c) Саңырауқұлақтар
 - d) Өсімдіктер
 - e) Жануарлар, өсімдіктер
19. <test> Вакуоль мемранасы.
- a) Тонопласт.
 - b) Плазмалемма.
 - c) Мезоплазма.
 - d) Экзодерма.
 - e) Эндодерма
20. <test> Балдырлар хлоропластары аталауды.
- a) Диктиосома.
 - b) Полисома.
 - c) Пластидом.
 - d) Хлоропласт.
 - e) Хроматофора.
21. <test> Пластидтер жиынтығы.
- a) Хондриома.
 - b) Хроматофора.
 - c) Органоидтар.
 - d) Полисома.
 - e) Пластидом.
22. <test> Хлоропласт пигменттері қандай процеске қатысады.
- a) Белоктарды ыдырату.
 - b) Полисахаридтер синтезі.
 - c) Тыныс алу.
 - d) Белок биосинтезі.
 - e) Фотосинтез.
23. <test> Сары, қызыл, қызғылт сарғыш түске клеткалардың боялуды қандай пластидке байланысты.
- a) Хлоропласта.
 - b) Хромопласта.
 - c) Лейкопласта.
 - d) Пропластид.
 - e) Пластидом

24. <test> Өсімдіктер клеткасынан ядроны алғаш рет анықтаған ғалым.
- a) Р. Гук.
 - b) Р. Броун.
 - c) М. Шлейден.
 - d) Т. Шванн.
 - e) Келлинер.
25. <test> Тұқым қуалаушылық белгілерін сақтайтын және беретін клетканың информациалық орталығы.
- a) Цитоплазма.
 - b) Ядро.
 - c) Рибосома.
 - d) Гольджи аппараты.
 - e) Хлоропласт.
26. <test> Клетка ядронының негізгі заты.
- a) Нуклеоплазма немесе ядро шырыны.
 - b) Строма.
 - c) Гиалоплазма.
 - d) Матрикс.
 - e) Клетка шырыны.
27. <test> Жыныс клеткаларына бастама береді.
- a) Митоз.
 - b) Мейоз.
 - c) Цитокинез.
 - d) Амитоз.
 - e) Эндомитоз
28. <test> Фотосинтез процесі жүреді.
- a) Хлоропласта.
 - b) Хромопласта.
 - c) Лейкопласта.
 - d) Пропластидте.
 - e) Пластидомда.
29. <test> Рибосома жиынтығы.
- a) Полисома.
 - b) Пластидом.
 - c) Хроматофора.
 - d) Органоидтар.
 - e) Хондриома.
30. <test> АТФ – синтезі жүзеге асады.
- a) Митохондрияда.
 - b) Рибосомада.
 - c) Ядрода.
 - d) Хромопласта.
 - e) Эндоплазмалық торда.
31. <test> Амилопластар.
- a) Крахмал қорын жинайды.
 - b) Белок қорын жинайды.
 - c) Су жинайды.
 - d) Май тамшыларын жинайды.
 - e) Липидтерді жинайды.
32. <test> Протеинопластар.
- a) Крахмал қорын жинайды.
 - b) Белок қорын жинайды.
 - c) Су жинайды.
 - d) Май тамшыларын жинайды.
 - e) Липидтерді жинайды.
33. <test> Қос жиынтықты ($2nx$) хромосомасы бар клеткалар.
- a) Тетраплоидты
 - b) Гексаплоидты
 - c) Гаплоидты
 - d) Диплоиды
 - e) Тетроплоидты
34. <test> Клетканың хромосом сандарының екі есе азайып бөлінуі.
- a) Митоз
 - b) Мейоз
 - c) Эндомитоз
 - d) Амитоз
 - e) Амитоз, эндомитоз
35. <test> Түйіршікті эндоплазмалық торда орналасатын органоидтар.
- a) Митохондрия.
 - b) Рибосома.
 - c) Лизосома.
 - d) Хлоропласт.
 - e) Гольджи аппараты.
36. <test> Жасыл тұс беретін органоид.
- a) Митохондрия.

- b) Рибосома.
 c) Лизосома.
 d) Хлоропласт.
 e) Гольджи аппараты.
37. < test > Клетканың құрылышын, қызметін қарастыратын ғылым саласы:
- a) гистология
 b) биология
 c) эмбриология
 d) цитология
 e) физиология
38. < test > 1612 жылы микроскопты құрастырған ғалым:
- a) Чарлз Дарвин
 b) Антони ван Левенгук
 c) Галилео Галилей
 d) Иоганн Пуркинье
 e) Роберт Броун
39. < test > Өсімдіктер клеткасының құрылышын зерттеген ғалымдар:
- a) Ганс пен Захариас Янсер
 b) Галилео Галилей мен Роберт Гук
 c) Н. Грю мен Марчелло Мальпиги
 d) Я.Пуркинье мен И.Мюллер
 e) Роберт Броун және Иоганн Пуркинье
40. < test > «Клетка теориясын» ұсынған ғалымдар:
- a) Ганс пен Захариас Янсер
 b) Матиас Шлейден мен Теодор Шванн
 c) Н. Грю мен Марчелло Мальпиги
 d) Я.Пуркинье мен И.Мюллер
 e) Роберт Броун және Иоганн Пуркинье
41. < test > электронда микроскопты құрастырылған жыл:
- a) 1879
 b) 1590
 c) 1665
- d) 1612
 e) 1931
42. < test > Tipi клеткаларды зерттеу мақсатында микроманипулятор құралымен клетканы кесіп, ішкі бөліктерді шығарып, микроскоп арқылы байқау әдісі:
- a) микрохирургия немесе микрургия әдісі
 b) авторадиография әдісі
 c) цитохимиялық әдіс
 d) рентгенструктуралық талдау әдісі
 e) электрондық микроскопия әдісі
43. < test > Ұлпалар мен клеткаларды қолдан өсіріп, зерттеуді организмнен тыс (in vitro) және организмнің өзінің құрамында (in vivo) жүргізу әдісі:
- a) микрохирургия немесе микрургия әдісі
 b) ұлпаларды қолдан өсіру әдісі
 c) цитохимиялық әдіс
 d) рентгенструктуралық талдау әдісі
 e) электрондық микроскопия әдісі
45. < test > Клетканың барлық ультрақұрылышын молекулалық деңгейде зерттеуге мүмкіншілік беретін әдісі:
- a) поляризациялық микроскопия әдісі
 b) интерференциялық микроскопия әдісі
 c) қараңғы өрістегі микроскопия әдісі
 d) фазасы қарама-қарсы микроскопия әдісі
 e) электрондық микроскопия әдісі

46. < test > Боялмаған мөлдір тірі клеткалардың анық көрінісін алуға мүмкіншілік беретін әдіс:

- a) поляризациялық микроскопия әдісі
- b) интерференциялық микроскопия әдісі
- c) қаранғы өрістегі микроскопия әдісі
- d) фазасы қарама-қарсы микроскопия әдісі
- e) электрондық микроскопия әдісі

47. < test > Боялмаған тірі биологиялық объектілер жарықты сіңірмейді, түссіз мөлдір болады, яғни жарық толқынының амплитудасын өзгертуейді, алайда оның фазасын өзгертеді. Адамның көзі фазалық өзгерістерді байқай алмайды. Осы препараттар бейнесінің айқын көрінуін қамтамасыз ететін әдіс:

- a) поляризациялық микроскопия әдісі
- b) интерференциялық микроскопия әдісі
- c) қаранғы өрістегі микроскопия әдісі
- d) фазасы қарама-қарсы микроскопия әдісі
- e) электрондық микроскопия әдісі

48. < test > Цитоплазмадағы липидтердің мөлшері:

- a) 20%
- b) 10%
- c) 15%
- d) 50%
- e) 30%

49. < test > Протеин- дегеніміз ...

- a) нуклеин қышқылы
- b) көмірсу
- c) акуыз

- d) липид
- e) макроэнергиялық фосфаттық қосылыстар

50. < test > Өсімдіктерде құрылымдық функциясын атқаратын және қоректік заттардың қоры:

- a) нуклеин қышқылы
- b) көмірсу
- c) акуыз
- d) липид
- e) макроэнергиялық фосфаттық қосылыстар

51. < test > «Фагоцитоз» грекше:

- a) жеу
- b) ішу
- c) бөлу
- d) тыныс алу
- e) жойылу

52. < test > Митохондриялар, хлоропластар, Гольджи аппаратары, лизосомалар және ядролық мембраналары болмайтын клеткалар тобы:

- a) прокариоттар
- b) эукариоттар
- c) жануарлар клеткасы
- d) өсімдіктер клеткасы
- e) саңырауқұлақ клеткасы

53. < test > Жануарлар клеткасында кездеспейтін органелла:

- a) ядро
- b) цитоплазма
- c) пластидтер
- d) митохондрия
- e) эндоплазмалық тор

54. < test > 1840 жылы Пуркинье ұсынған термин:

- a) клетка
- b) протоплазма
- c) гиалоплазма
- d) мезоплазма
- e) плазмолемма

55. < test > Протоплазма клеткасының бөлімдері:

- a) ядро мен ядрошық
 b) цитоплазма мен кариоплазма
 c) гранулярлы және агранулярлы
 d) тор тәрізді және диктиосомалық
 e) цистерналы және көпіршікті
56. < test > Кариоплазма және цитоплазма терминдерін ғылымға енгізілген жылы:
- 1879
 - 1590
 - 1665
 - 1882
 - 1931
57. < test > Органеллалардың бөлінуі:
- қабықшалы және цитоплазмалы
 - мембраналы және мембранасыз
 - ядролы және мембранасыз
 - эукариотты және прокариотты
 - өсімдіктер және жануарлар
58. < test > 1781 жылы Фонтан жылан балықтың сілекейілі клеткаларынан нені байқаған?
- ядро
 - хромосома
 - клетка центриолі
 - ядрошық
 - ядро сөлін
59. < test > Клетка мембранасының құрылышы:
- белок пен липидтерден
 - белок пен көмірсулардан
 - көмірсу мен липидтерден
 - судан және органикалық заттардан
 - нуклеин қышқылдарынан және көмірсудан
60. < test > Плазмалық мембранның биологиялық функциясы:
- энергия қоры
 - қорғау мен тасымалдау функциясы
- c) негізгі метаболизмдік процестер жүзеге асады
 d) барлық клеткалық құрылымдарды біріктіріп, олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді
 e) ақуызды синтездеу
61. < test > Эндоплазмалық тор түрлері:
- ядро мен ядрошық
 - цитоплазма мен кариоплазма
 - гранулалық және агранулалық
 - тор тәрізді және диктиосомалық
 - цистерналы және көпіршікті
62. < test > Бұдыр немесе гранулалық эндоплазмалық тордың атқаратын функциясы:
- энергия қоры
 - қорғау мен тасымалдау функциясы
 - негізгі метаболизмдік процестер жүзеге асады
 - барлық клеткалық құрылымдарды біріктіріп, олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді
 - акуызды синтездеу
63. < test > Тор тәрізді және диктиосомалық болып ажыралатын органелла:
- ядро
 - цитоплазма
 - пластидтер
 - митохондрия
 - Гольджи аппараты
64. < test > Ядроның маңында және центриольды қоршай орналасатын Гольджи аппаратының бөлімі:
- торлы
 - диктиосомалық
 - гранулалық
 - агранулалық
 - цистерналы

65. < test > Гольджи аппаратаның функциясы:

- a) энергия қоры
- b) клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады, суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шықкан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
- c) метаболизмдік процестермен байланысты, ол клетканың секрет бөлу қызметіне, липидтерді тұзу, жинау, сіңруге, полисахаридтерді синтездеуге қатысады
- d) барлық клеткалық құрылымдарды біріктіріп, олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді
- e) ақызыды синтездеу

66. < test > 1955 жылы швед биохимигі Де Дюв дифференциалдық центрифугалау әдісімен ашқан органелла:

- a) ядро
- b) цитоплазма
- c) лизосома
- d) митохондрия
- e) Гольджи аппараты

67. < test > Сведберг (S) бірлігімен өлшенетін органелла:

- a) рибосома
- b) цитоплазма
- c) лизосома
- d) митохондрия
- e) Гольджи аппараты

68. < test > Ең алғаш «клетка» терминін ұсынған ғалым:

- a) Р.Гук
- b) Л.Левенгук
- c) Ч.Дарвин

- d) Я.Пуркинье
- e) И.Мюллер

69. < test > 1590 жылы микроскопты жасаған голландия оптиктері:

- a) Ганс пен Захариас Янсер
- b) Галилео Галилей мен Роберт Гук
- c) Н. Грю мен Марчелло Мальпиги
- d) Я.Пуркинье мен И.Мюллер
- e) Роберт Броун және Иоганн Пуркинье

70. < test > Жануарлардың клеткаларында эритроциттерді, сперматозоидтарды, бір клеткалы жануарларды бірінші болып көрген ғалым:

- a) Чарлз Дарвин
- b) Иоганн Пуркинье
- c) Галилео Галилей
- d) Роберт Броун
- e) Антони ван Левенгук

71. < test > «Клетка теориясының» ұсынылған жылы:

- a) 1879-1979
- b) 1590-1592
- c) 1665-1666
- d) 1612-1613
- e) 1838-1839

72. < test > электрондық микроскопты құрастырган ғалымдар:

- a) Ганс пен Захариас Янсер
- b) Матиас Шлейден мен Теодор Шванн
- c) Н. Грю мен Марчелло Мальпиги
- d) Девиссон мен Калбин
- e) Роберт Броун және Иоганн Пуркинье

73. < test > Рентген сәулелерінің дифракция құбылысына негізделген цитоплазма мен ядроның құрамына кіретін белоктардың, нуклеин қышқылдарының және басқа заттар

молекулаларының құрылышын зерттеу үшін қолданылатын әдіс:

- a) микрохирургия немесе микрургия әдісі
- b) авторадиография әдісі
- c) цитохимиялық әдіс
- d) рентгенструктуралық талдау әдісі
- e) электрондық микроскопия әдісі

74. < test > Тұрлі заттардың клеткада орналасуын және арнаулы құралдар арқылы олардың санын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс:

- a) микрохирургия немесе микрургия әдісі
- b) ұлпаларды қолдан өсіру әдісі
- c) цитохимиялық әдіс
- d) рентгенструктуралық талдау әдісі
- e) электрондық микроскопия әдісі

75. < test > Метаболизмдік процестердің динамикасын зерттеуге мүмкіншілік беретін әдіс:

- a) микрохирургия немесе микрургия әдісі
- b) ұлпаларды қолдан өсіру әдісі
- c) цитохимиялық әдіс
- d) авторадиография әдісі
- e) электрондық микроскопия әдісі

76. < test > Ұлпалар мен клеткалардың түрлі компоненттерінің поляризацияланған жарықтың сынатын қабілетіне негізделген әдіс:

- a) поляризациялық микроскопия әдісі
- b) интерференциялық микроскопия әдісі
- c) қаранғы өрістегі микроскопия әдісі
- d) фазасы қарама-қарсы микроскопия әдісі

e) электрондық микроскопия әдісі

77. < test > Препараттарды ерекше конденсатор көмегімен зерттейтін әдіс:

- a) поляризациялық микроскопия әдісі
- b) интерференциялық микроскопия әдісі
- c) қаранғы өрістегі микроскопия әдісі
- d) фазасы қарама-қарсы микроскопия әдісі
- e) электрондық микроскопия әдісі

78. < test > Клеткалық құрылымдарды және олардың функциясын жанжақты зерттеуге мүмкіншілік беретін әдіс:

- a) микрохирургия немесе микрургия әдісі
- b) авторадиография әдісі
- c) цитохимиялық әдіс
- d) рентгенструктуралық талдау әдісі

e) оптикалық микроскопия әдісі

79. < test > Электрондық микроскоп жарық микроскопына қарағанда неше есе үлкейтеді?

- a) 15000
- b) 100000
- c) 150000
- d) 200000
- e) 300000

80. < test > Швейцариялық дәрігер Фридрих Мишердің нуклеин қышқылын ашқан жылы:

- a) 1879
- b) 1590
- c) 1665
- d) 1870
- e) 1931

81. < test > Tipi клетканың негізгі құрамды бөлігі:

- a) нуклеин қышқылы
 b) көмірсу
 c) ақуыз
 d) липид
 e) макроэнергиялық фосфаттық қосылыстар
82. < test > Клеткалардың тығыз бөлшектерді сырттан ұстап алу процесін И.И.Мечников атады:
 a) фагоцитоз
 b) пиноцитоз
 c) эндоцитоз
 d) экзоцитоз
 e) гемопоэз
83. < test > «Пиноцитоз» грекше:
 a) жеу
 b) ішу
 c) бөлу
 d) тыныс алу
 e) жойылу
84. < test > Цитоплазманың матриксі:
 a) тонопласт
 b) плазмолемме
 c) гиалоплазма
 d) мезоплазма
 e) кариоплазма
85. < test > Эндоплазмалық тор нешеге бөлінеді?
 a) 1
 b) 2
 c) 3
 d) 4
 e) 5
86. < test > Жануарлар клеткасында кездеспейтін органелла:
 a) ядро
 b) цитоплазма
 c) Гольджи аппараты
 d) митохондрия
 e) целлюлозалы қабықша
87. < test > Өсімдіктер клеткаларында кездеспейтін органелл:
 a) ядро
 b) цитоплазма
- c) Гольджи аппараты
 d) центриоль
 e) целлюлоза қабықшасы
88. < test > Кариоплазма және цитоплазма терминдерін ғылымға енгізген ғалым:
 a) И. Страсбургер
 b) Л.Левенгук
 c) Ч.Дарвин
 d) Я.Пуркинье
 e) И.Мюллер
89. < test > Мембраналы органеллаларға:
 a) эндоплазмалық тор, Гольджи аппараты, митохондриялар, лизосомалар, ядро.
 b) рибосомалар, центриольдар, микротүтікшелер, микрофибриллалар, микрофиламенттер, кірпікшелер, талшықтар.
 c) рибосомалар, центриольдар, эндоплазмалық тор, Гольджи аппараты, митохондриялар, лизосомалар, ядро.
 d) микротүтікшелер, микрофибриллалар, микрофиламенттер.
 e) ядрошық, хромосомалар, ядро, вакуоль.
90. < test > Клетка мембранасының атқаратын қызметі:
 a) энергия қоры
 b) клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады, суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шыққан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортада тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
 c) негізгі метаболизмдік процестер жүзеге асады

- d) барлық клеткалық құрылымдарды біріктіріп, олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді
- e) ақуызды синтездеу
91. < test > 1945жылы Портер ашқан органелла:
- ядро
 - цитоплазма
 - пластидтер
 - митохондрия
 - эндоплазмалық тор
92. < test > Тегіс немесе агранулалық эндоплазмалық тордың атқаратын функциясы:
- энергия қоры
 - қорғау мен тасымалдау функциясы
 - негізгі метаболизмдік процестер жүзеге асады
 - барлық клеткалық құрылымдарды біріктіріп, олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді
 - липид пен кейбір көмірсуларды синтездеу
93. < test > Гранулалық эндоплазмалық тордың ерекшелігі:
- энергия қоры болып есептеледі
 - қорғау мен тасымалдау функциясы
 - негізгі метаболизмдік процестер жүзеге асады
 - барлық клеткалық құрылымдарды біріктіріп, олардың бір-бірімен химиялық әрекеттесуін қамтамасыз етеді
 - мембраннының цитоплазмалық бетінде жабыса біткен рибосомалар болады және оның болуы ақуыз синтезінің жүруімен тікелей байланысты
94. < test > Ядроның маңында және центриольды қоршай орналасатын Гольджи аппаратының бөлімі:
- торлы
 - диктиосомалық
 - гранулалық
 - агранулалық
 - цистерналы
95. < test > Клеткалардың цитоплазмасында түрліше орналасатын Гольджи аппаратының бөлімі:
- торлы
 - диктиосомалық
 - с) гранулалық
 - агранулалық
 - цистерналы
96. < test > Жалпақ қапшықтардан (цистерналардан), үлкендігі әр түрлі вакуольдерден, көпіршіктерден және секрет түйіншектерінен тұратын органоид:
- ядро
 - цитоплазма
 - пластидтер
 - митохондрия
 - Гольджи аппараты
97. < test > Палад гранулалары немесе
- рибосома
 - цитоплазма
 - лизосома
 - митохондрия
 - Гольджи аппараты
98. < test > Ядро сөлі немесе...
- цитоплазма
 - плазмолемме
 - гиалоплазма
 - мезоплазма
 - кариоплазма
99. < test > Лизосоманың функциясы:
- энергия қоры
 - клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады,

- суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шыққан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
- c) метаболизмдік процестермен байланысты, ол клетканың секрет бөлу қызметіне, липидтерді түзу, жинау, сіңіруге, полисахаридтерді синтездеуге қатысады
- d) заттардың клетка ішінде қорытылуы, яғни заттардың қорытылатын орны
- e) ақызызды синтездеу
100. < test > АТФ-ті синтездеуші органелла:
- a) ядро
 - b) цитоплазма
 - c) пластидтер
 - d) митохондрия
 - e) эндоплазмалық тор
101. < test > Митохондрияның ішкі құрылышын көрсетіңіз:
- a) сыртқы мембрана тегіс, ішкі мембрана, ішкі құрамы немесе матриксі және кристалар.
 - b) қабықша, саңылаулар, ядро шырыны, ядрошилдік, хромосомалар
 - c) қос қабықша, строма, граналар, ламеллалар, крахмал дәндері
 - d) гранулалық және агранулалық
 - e) тор тәрізді жәнге диктиосомалық
102. < test > Хлоропласттың негізгі атқаратын функциясы:
- a) органикалық қосылыстарды тотықтырып, олардың ыдырауының нәтижесінде бөлінген энергияны пайдалануға жұмсайды
 - b) клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады, суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шыққан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
 - c) метаболизмдік процестермен байланысты, ол клетканың секрет бөлу қызметіне, липидтерді түзу, жинау, сіңіруге, полисахаридтерді синтездеуге қатысады
 - d) заттардың клетка ішінде қорытылуы, яғни заттардың қорытылатын орны
 - e) қоректену және тыныс алу процестеріне қатысады
103. < test > Вакуоль сыртын қаптап тұратын мембрана:
- a) тонопласт
 - b) плазмолемме
 - c) гиалоплазма
 - d) мезоплазма
 - e) кариоплазма
104. < test > Өсімдік клеткасында кездеспейтін органелла:
- a) ядро
 - b) цитоплазма
 - c) клетка центриолі
 - d) митохондрия
 - e) эндоплазмалық тор
105. < test > Клетка центриолінің атқаратын функциясы:
- a) органикалық қосылыстарды тотықтырып, олардың ыдырауының нәтижесінде бөлінген энергияны пайдалануға жұмсайды

- b) клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады, суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шыққан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
- c) кірпікшелер мен талшықтардың негізінде орналасатын базальдік денешіктерді құрау және бөлінуші клеткаларда олар бөліну үршығын қалыптастыруға қатысады
- d) заттардың клетка ішінде қорытылуы, яғни заттардың қорытылатын орны
- e) ақуызды синтездеу
106. < test > Ядроның негізгі атқаратын қызметі:
- a) органикалық қосылыстарды тотықтырып, олардың ыдырауының нәтижесінде бөлінген энергияны пайдалануға жұмсайды
- b) көбею және тұқымқуалау
- c) кірпікшелер мен талшықтардың негізінде орналасатын базальдік денешіктерді құрай және бөлінуші клеткаларда олар бөліну үршығын қалыптастыруға қатысады
- d) заттардың клетка ішінде қорытылуы, яғни заттардың қорытылатын орны
- e) ақуызды синтездеу
- 107 < test > Мембранның негізгі функциясы:
- a) эндоплазмалық тор, Гольджи аппараты, митохондриялар, лизосомалар, ядро.
- b) рибосомалар, центриольдар, микротутікшелер, микрофибриллалар, микрофиламенттер, кірпікшелер, талшықтар.
- c) рибосомалар, центриольдар, эндоплазмалық тор, Гольджи аппараты, митохондриялар, лизосомалар, ядро.
- d) микротутікшелер, микрофибриллалар, микрофиламенттер.
- e) ядрошық, хромосомалар, ядро, вакуоль.
108. < test > Кариоплазманың мағынасы:
- a) ядро
- b) цитоплазма
- c) Гольджи аппараты
- d) центриоль
- e) целлюлоза қабықшасы
109. < test > Ақуыздардың жедел синтезделуі неге байланысты?
- a) рибосоманың аз болуынан
- b) рибосоманың көп болуынан
- c) рибосоманың жойылуынан
- d) рибосоманың көбеюінен
- e) рибосоманың болмауынан
110. < test > Клод «қуат станциясы» деп атаған органелла:
- a) ядро
- b) цитоплазма
- c) пластидтер
- d) митохондрия
- e) ядрошық
111. < test > Митохондрияның негізгі атқаратын функциясы:
- a) органикалық қосылыстарды тотықтырып, олардың ыдырауының нәтижесінде бөлінген энергияны пайдалануға жұмсайды
- b) клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады,

- суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шыққан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
- c) метаболизмдік процестермен байланысты, ол клетканың секрет бөлу қызметіне, липидтерді түзу, жинау, сіңіруге, полисахаридтерді синтездеуге қатысады
- d) заттардың клетка ішінде қорытылуы, яғни заттардың қорытылатын орны
- e) ақызызды синтездеу
112. < test > Хлоропласттың ішкі құрылышын көрсетіңіз:
- a) сыртқы мембрана тегіс, ішкі мембрана, ішкі құрамы немесе матриксі және кристалар.
- b) қабықша, саңылаулар, ядро шырыны, ядрошиқ, хромосомалар
- c) қос қабықша, строма, граналар, ламеллалар, крахмал дәндері
- d) гранулалық және агранулалық
- e) тор тәрізді жәнге диктиосомалық
113. < test > Хлоропластта жүретін процесс:
- a) метаболизм
- b) катаболизм
- c) анаболизм
- d) фотосинтез
- e) экзоцитоз
114. < test > Вакуольдің негізгі атқаратын функциясы:
- a) органикалық қосылыстарды тотықтырып, олардың ыдырауының нәтижесінде бөлінген энергияны пайдалануға жұмсайды
- b) клетканың ішкі құрамын сыртқы ортадан бөліп тұрады, суды, иондарды қажетті субстраттарды өткізеді, бөлініп шыққан өнімдерді сыртқа шығарады, қорғаныш және ішкі ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
- c) метаболизмдік процестермен байланысты, ол клетканың секрет бөлу қызметіне, липидтерді түзу, жинау, сіңіруге, полисахаридтерді синтездеуге қатысады
- d) заттардың клетка ішінде қорытылуы, яғни заттардың қорытылатын орны
- e) клеткалардың тургорлық қысымын сақтау және өсу процесіне, суда еритін заттардың жиналудың қамтамасыздандырады
115. < test > Жануар клеткасында кездеспейтін органоид:
- a) ядро
- b) цитоплазма
- c) пластидтер
- d) ядрошиқ
- e) эндоплазмалық тор
116. < test > 1875 жылы Гертвиг ашқан органелла:
- a) ядро
- b) цитоплазма
- c) пластидтер
- d) клетка центриолі
- e) эндоплазмалық тор
117. < test > Ядрошиқта
- a) РНҚ болады, ДНҚ болмайды
- b) ДНҚ болады, РНҚ болмайды
- c) РНҚ және ДНҚ болмайды
- d) РНҚ және ДНҚ болады

e) ядро сөлі болады
118. < test > Екі еселенетін қабілеті бар, гендік ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа тасушы, құрылышы күрделі клетка компонентінің бірі:

- a) хромосома
- b) лизосома
- c) рибосома
- d) ядро сөлі
- f)

120. < test > Хромотофора пластиді қайсы ағзалар клеткасына тән:
a) жоғары сатыдағы өсімдіктерге
b) төменгі сатыдағы өсімдіктерге
c) жоғары сатыдағы жануарлар
d) төменгі сатыдағы жануарлар
e) адамдар.

ГИСТОЛОГИЯ (ЭМБРИОЛОГИЯ):

1 <test>. Жұмыртқа клеткасының ұрықтану кезінен бастап организмдердің дамуын зерттейтін ғылым саласы:

- a) Эмбриология
- b) Гистология
- c) Цитология
- d) Биология
- e) Физиология

2 <test>. Жыныс клеткаларының дамуын, ұрықтану процестерін, бөлшектенуін, гаструляция, ұрықтың уақытша органдарының дамуын қарастыратын ғылым саласы:

- a) Эмбриология
- b) Гистология
- c) Цитология
- d) Биология
- e) Физиология

3 <test>. Аталық жыныс клеткасы:
a) Жұмыртқа клеткасы
b) Сперматозоид
c) Спора
d) Нефроз

e) ядро қабықшасы
119. < test > Төменгі сатыдағы өсімдіктер пластидін:

- a) хлоропласт
- b) хромопласт
- c) лейкопласт
- d) хроматофора
- e) хлорофилл

e) Зигота

4 <test>.Аналық жыныс клеткасы:

- a) Жұмыртқа клеткасы
- b) Сперматозоид
- c) Спора
- d) Нефroz
- e) Зигота

5 <test>.Сома клеткаларының бөлінуі:

- a) Amitoz
- b) Митоз
- c) Мейоз
- d) Эндомитоз
- e) Политения

6 <test>.Жыныс клеткаларының бөлінуі:

- a) Amitoz
- b) Митоз
- c) Мейоз
- d) Эндомитоз
- e) Политения

7 <test>.Тікелей клеткаларының бөлінуі:

- a) Amitoz
- b) Митоз
- c) Мейоз
- d) Эндомитоз
- e) Политения

8 <test>.Клеткалар саны көбеймейді, бірақ та хромосомалардың өсуі мен репродукциясының нәтижесінде бұл процестер кезінде протоплазманың синтезі мен клетка массасының артуының байқалуын:

- a) Amitoz

- b) Митоз
- c) Мейоз
- d) Эндомитоз
- e) Политения

9 <test>. Ядроның қайта құрылудың және хромосомалар санының көбеюімен хромонемалардың көбеюіне әкеліп соғатын хромосомалардағы хромонемалардың редупликациясын:

- a) Амитоз
- b) Митоз
- c) Мейоз
- d) Эндомитоз
- e) Политения

10 <test>. Ұрықтанған клетка:

- a) Зигонема
- b) Жұмыртқа клеткасы
- c) Зигота
- d) Сперматозоид
- e) Гамета

11 <test>. Ағзаның жеке дамуы:

- a) Сперматогенез
- b) Партеногенез
- c) Онтогенез
- d) Филогенез
- e) Овогенез

12 <test>. Жынысты көбеюге неше дара қатысады?

- a) 1
- b) 2
- c) 3
- d) 4
- e) 5

13 <test>. Жыныссыз көбеюге неше дара қатысады?

- a) 1
- b) 2
- c) 3
- d) 4
- e) 5

14 <test>. Аталық гаметаларының дамуын:

- a) Сперматогенез
- b) Овогенез
- c) Онтогенез
- d) Филогенез
- e) Партеногенез

15 <test>. Жұмыртқа клеткасының дамуын:

- a) Сперматогенез
- b) Партеногенез
- c) Онтогенез
- d) Филогенез
- e) Овогенез

16 <test>. Ағзалардың көбею типтері:

- a) 1
- b) 2
- c) 3
- d) 4
- e) 5

17 <test>. Ағзалардың көбею типтері:

- a) Митоз, ұрықтану
- b) Митоз, мейоз, ұрықтану
- c) Амитоз, мейоз, бүршіктену
- d) Эндомитаз, митоз, мейоз
- e) Амитоз, митоз, мейоз, эндомитоз

18 <test>. Аналық жұмыртқа клеткасының құрылышы:

- a) Сарыуыз, кортикальды қабық, жұмыртқа қабықшасы
- b) Сарыуыз, басы, құйрықшасы
- c) Құйрықшасы, мойны, басы
- d) Басы, мойны, құйрықшасы, сарыуыз
- e) Сарыуыз, басы, мойны, жұмыртқа қабықшасы

19 <test>. Аталық жыныс клеткасының құрылышы:

- a) Сарыуыз, кортикальды қабық, жұмыртқа қабықшасы
- b) Сарыуыз, басы, құйрықшасы
- c) Құйрықшасы, мойны, басы
- d) Басы, мойны, құйрықшасы, сарыуыз

- e) Басы, мойны, негізгі және соңғы бөлімдері

20 <test>.Акросома орналасқан спермия бөлімі:

- a) Басында
- b) Басының алдыңғы бөлімінде
- c) Басының артқы бөлімінде
- d) Мойнында
- e) Құйрығында

21 <test>.Ағзалардың көбею типтері:

- a) 1
- b) 2
- c) 3
- d) 4
- e) 5

22 <test>.Ағзалардың көбею типтері:

- a) Жынысты, жыныссыз
- b) Жынысты, копуляция, коньюгация
- c) Жыныссыз
- d) Бөліну, бүршіктену, спора арқылы
- e) Гермафротидизм, бүршіктену

23 <test>.Жынысты көбею түрлері:

- a) Жыныссыз, спора, поліембрион
- b) Копуляция, коньюгация, гермафротизм, партеногенез
- c) Жыныссыз, гермафротидизм, бүршіктену
- d) Бөліну, бүршіктену, спора арқылы
- e) Гермафротидизм, бүршіктену

24 <test>.Жыныссыз көбею түрлері:

- a) Жыныссыз, спора, поліембрион
- b) Копуляция, коньюгация, гермафротизм, партеногенез

- c) Жыныссыз, гермафротидизм, бүршіктену
- d) Бөліну, бүршіктену, спора арқылы, фрагментация, поліембрион
- e) Гермафротидизм, бүршіктену

25 <test>.Араларға, осаларға және құмырсқаларға тән көбею жолдары:

- a) Партеногенез
- b) Табиғи партеногенез
- c) Факультативті партеногенез
- d) Облигатты партеногенез
- e) Циклдік партеногенез

26 <test>.Ұрықтанған және ұрықтанбаған жұмыртқаның көбею жолы:

- a) Партеногенез
- b) Табиғи партеногенез
- c) Факультативті партеногенез
- d) Облигатты партеногенез
- e) Циклдік партеногенез

27 <test>.Жыныс клеткаларының дамуы:

- a) Сперматогенез
- b) Партеногенез
- c) Онтогенез
- d) Гаметагенез
- e) Овогенез

28 <test>.Гаметагенездің бөлінуі:

- a) 1
- b) 2
- c) 3
- d) 4
- e) 5

29 <test>.Гаметагенездің бөлінуі:

- a) Сперматогенез, овогенез
- b) Көбею, өсу, пісіп-жетілу
- c) Көбею, өсу, пісіп-жетілу, қалыптасу
- d) Көбею, өсу
- e) Пісіп-жетілі, өсу, көбею

30 <test>. Сперматогенездің бөліну кезеңдері:

- a) Овогенез, гаметагенез
- b) Көбею, өсу, пісіп-жетілу
- c) Көбею, өсу, пісіп-жетілу, қалыптасу
- d) Көбею, өсу
- e) Пісіп-жетілі, өсу, көбею

31 <test>. Овогенездің бөліну кезеңдері:

- a) Сперматогенез, гаметагенез
- b) Көбею, өсу, пісіп-жетілу
- c) Көбею, өсу, пісіп-жетілу, қалыптасу
- d) Көбею, өсу
- e) Пісіп-жетілі, өсу, көбею

32 <test>. Көбею, өсу, пісіп-жетілу және қалыптасу кезеңдерінен тұратын гаметагенез түрі:

- a) Сперматогенез

35 <test>. Спермийдің ооцитке енуіне көмекші болатын және құрамында гидролиздеуші ферменттер бар сперматозоидтың ерекше құрылым бөлімі:

- a) Аралық байланыстыруышы бөлім
- b) Мойны
- c) Құйрығы
- d) Акросома
- e) Құйрық ұшында

36 <test>. Спираль тәрізді митохондриялар орналасқан бөлігі:

- a) Ядронында
- b) Мойны
- c) Негізгі құйрық бөлімі
- d) Акросома
- e) Құйрық ұшында

37 <test>. Сперматозоид пен пісіп-жетілген жұмыртқа клеткаларының қосылуының нәтижесінде түзілетін құбылыс:

- a) Гаметагенез
- b) Сперматогенез

- b) Овогенез
- c) Онтогенез
- d) Филогенез
- e) Партеногенез

33 <test>. Көбею, өсу, пісіп-жетілу кезеңдерінен тұратын гаметагенез түрі:

- a) Сперматогенез
- b) Овогенез
- c) Онтогенез
- d) Филогенез
- e) Партеногенез

34 <test>. Аналық жыныс клеткаларының дамуында кездеспейтін кезең:

- a) Көбею
- b) Өсу
- c) Пісіп
- d) Жетілу
- e) Қалыптасу
- c) Овогенез
- d) Ұрықтану
- e) Онтогенез

38 <test>. Ұрықтанған кезде сперматозоидтың қай бөлігі бөлінеді?

- a) Басы
- b) Мойны
- c) Құйрығы
- d) Акросомасы
- e) Центриолы

39 <test>. Жұмыртқа клеткасына сперматозоидтың бірге енетін бөлігі:

- a) Басы, мойны
- b) Мойны, құйрығы
- c) Құйрығы, басы
- d) Аралық бөлімі, құйрығы
- e) Негізгі және құйрық ұшы

40 <test>. Ұрықтанғаннан кейін жұмыртқа клеткасында байқалатын процесті:

- a) Бөлшектену
- b) Пісіп –жетілу
- c) Өсу

- d) Өлу
- e) Қырылу

41 <test>. Екі қабатты ұрық пайда болуын:

- a) Нейруляция
- b) Гаструляция
- c) Бластуляция
- d) Гаметогенез
- e) Эмбриогенез

42 <test>. Жұмыртқа клеткасының толық бөлшектенуін:

- a) Голобластикалық
- b) Меробластикалық
- c) Спиральды бөлшектену
- d) Билатеральды бөлшектену
- e) Радиальды бөлшектену

43 <test>. Жұмыртқа клеткасының толық бөлінбеуін:

- a) Голобластикалық
- b) Меробластикалық
- c) Спиральды бөлшектену
- d) Билатеральды бөлшектену
- e) Радиальды бөлшектену

44 <test>. Бөлшектену түрлері:

- a) Біркелкі толық, біркелкі толық емес, беткі толық емес және толық емес диск тәрізді бөлшектену
- b) Біркелкі толық бөлшектену
- c) Біркелкі толық емес бөлшектену
